

6 65.01
Ж26

Жанат Мырзабек

ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Оқу құралы

Павлодар



865.01
ЖС26
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Жанат Мырзабек

ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Оқу құралы

Павлодар
Кереку
2015

ӘОЖ 338. 22. 01 (075)

КБЖ 65.01 я 7

Ж26

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
оқу-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды**

Пікір сарапшылар:

Р. Б. Сартова – экономика ғылымдарының кандидаты,
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
доценті;

М. А. Баяндин – экономика ғылымдарының докторы, Еуразиялық
Инновациялық Университетінің доценті;

Р. А. Хисматулин – экономика ғылымдарының кандидаты,
Еуразиялық Инновациялық Университетінің доценті.

Жанат Мырзабек

Ж26 Экономикалық саясат : оқу құралы / Жанат Мырзабек. –
Павлодар : Кереку, 2015. – 87 б.


Оқу құралында «Экономикалық саясат» пәні бойынша оқып-
үйренуге қажетті теоретикалық материалдар, тақырыптық қосымша
сұрақтар мен қолданылған әдебиеттер тізімі келтірілген.

Оқу құралы типтік бағдарламаға, МЖМБС талаптарына сәйкес
жасалған.

691683

ӘОЖ 338. 22. 01 (075)

КБЖ 65.01 я 7



Материалдың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық кателерге
авторлар мен құрастырушылар жауапты

Кіріспе

Экономикалық саясат – елдің тұрақты экономикалық өсуін, халықтың жоғары деңгейлі әл-ауқаттылығын қамтамасыз ететін қоғамдық дамудың әлеуметтік-экономикалық үдерістерін жүйелендіруге, жетіспеушіліктері мен кемшіліктерін түзетуге, мәселелерін шешуге, дамуын қолдауға бағытталып мемлекеттік органдармен даярланып, жүзеге асырылатын іс-шаралардың жиынтығы. Кез-келген мемлекет әрқаз өзінің даму стратегиясын жүзеге асыратын болса, осы мемлекеттің экономикалық саясаты сол стратегияны жүзеге асырудағы құралдар болып табылады.

Мемлекеттің экономикалық саясаты елдің, мемлекеттің және оның халқының мақсаттарын, міндеттері мен мүдделерін білдіреді және олардың орындалуына бағытталып жүргізіледі. Ол мемлекеттің қысқа мерзімді мақсаттарының өзара үйлесімділікпен орындалуын қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі оның экономикаға араласуының ұстанымдарын нақтылайды.

Оқулық мемлекеттің экономикалық саясатының мәнін аша отырып, құрылымын теоретикалық жан-жақты негіздеуге, әзірленуі мен жүзеге асырылуының негізгі ұстанымдарын белгілеуге, күтілетін нәтижелелерін болжауға қажетті негізгі түсініктер мен ережелерді, пайымдауларды өзіне қамтыған.

Аталмыш оқулық, қазіргі таңдағы қазақ тіліндегі пәнге қатысты теоретикалық материалдардың тапшылығы кезінде білім алушылар мен ізденушілерге теоретикалық мәселелерді талдауда көмекші құрал ретінде ұсынылған. Ол теорияны тәжірибемен байланыстыра отырып, мемлекеттің экономикалық қызметтерін, әлемдік, ұлттық экономикалық өрістердегі қалыптасқан ахуалдармен байланысты мемлекеттің экономикалық саясатын дер кезінде дұрыс түсінуге, әзірлеуге және бағдарлауға үйретеді.

1 Экономикалық саясаттың пәні және теориялары

1.1 Экономикалық саясаттың пәні

Экономикалық саясат – бұл өзімен, мемлекеттің экономикалық өрісінде экономикалық субъекттердің тиімді әрі тұрақты өзара байланыстарына қажетті қолайлы жағдайларды қалыптастыруға, сондай-ақ, экономикалық дамудың келеңсіз факторларын және олардың салдарын жоюға һәм азайтуға бағытталған іс-шаралардың және құқықтық сипаттағы шектеулердің жиынтығын білдіретін зерттеудің айырықша объектісі.

Мемлекет қызметтерінің айырықша түрі ретінде, экономикалық саясат – нарықтық экономикалық жағдайлардың өрісін қалыптастыру және экономикалық үдерістер мен ұлттық экономиканың дамуына оң ықпал етуге максатты бағдарланған ұтымды іс-шараларды жүзеге асыру. М. Фридманның пікірінше бұл қызмет ғылымға емес, әлде қайда, әсіресе шешім қабылдауы бойынша, өнерге жатады. Өйткені, бұл ынғай түрлі экономикалық ағымдар өкілдерінің түпкілікті мақсаттарының негізгі бірлігін анықтауға мүмкіндік береді және осылайша көзқарастық келіспеушіліктерді жеңуге жағдай жасайды. Ғылым ретінде, экономикалық саясат әлде қайда нормативтік сипатты болып келеді. Яғни, мемлекеттің не істеуі керектігін, іс-әрекеттік қылықтарының ережелерін қалыптастырады және негіздейді.

Экономикалық саясат курсының пәні – қоғамның жиынтық ерік-жігерін, қалауын айқындаушы және білдіруші һәм экономикалық үдерістерді бейнелейтін үкіметтің шешімдері мен әрекеттерінде оны орындайтын мемлекеттің экономикадағы қылығы. Роберт Мандел – «Саяси бағдарламаларды даярлау кезіндегі анықталуы ең күрделі шара – ол экономикалық серпінді қуушы және өз соңынан елеулі әлеуметтік жоғалтылуларға алып келетін тұрлаусыздық (белгісіздік) болып табылады», – деп есептейді. Белгісіздік жағдайында үкімет олардың қолданатын іс-шаралары (саясаты) максаттық көрсеткіштерге қаншалықты әсер ететіндігін нақты біле алмайды. Мұндай тұрлаусыздықтар алуан түрлі болады және экономикалық саясаттың ғылым ретіндегі міндеті олардың (теріс салдардың) өтеміне қажетті құралдар мен әдістерді табу болып табылады.

Экономикалық саясаттың өрісі:

- экономикалық қызметтерді реттеуші құқықтық нормалар саласындағы саясат. ол экономикалық өмірдегі қылықтар (әрекет етулер) нормалары туралы ұзақ мерзімді қоғамдық келісімдерді білдіреді;

- экономикалық тәртіптер саясаты. жеке тұлғалар, фирмалар мен институттардың, бәсекелестікті мемлекеттік қорғаудың, экономиканы реттеудің және еркін сауда қатынастарының әрекет ету өрісін айқындаушы саясат;

- интеграциялық және сыртқы саясат – бұл нарықтардың аумақтық бытыраңқылығын жоюға бағытталған іс-шаралар кешені;

- шаруашылық үдерістерге ықпал етуші саясат. толық жұмысбастылық жағдайында олардың теңдестігін қамтамасыз ету мақсатында жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсынысқа ықпал етуші фискальдық (ақша-несие) саясаттар;

- экономикалық өсу және құрылымдық саясат. өндірістік әлуетті ұзақмерзімді дамытуға бағытталған саясат. ол экономикалық өсуге және өндірістік әлуетті кеңейтуге қолайлы жағдайларды жасауға қатысты іс-шараларды жүргізуге және оған кедергілерді жоюға бағытталып жүргізіледі;

- қоршаған ортаны қорғау саясаты. оның міндеттеріне қалыптасқан экономикалық өсуді қолдай отырып, қоршаған ортаны қорғау және оның ахуалын сапалық жақсартуға бағытталған мемлекеттік іс-шаралар кіреді.

1.2 Экономикалық саясаттың мақсаттары мен міндеттері

Экономикалық мектептер мен саяси ағымдардың, саяси элитаның және мемлекеттік билікті құраушылардың алуан түрлілігіне қарамастан, нарықтық экономикадағы экономикалық саясаттың ұзақ мерзімді мақсаттары соңшалықты көп түрге бөлінбейді және келесі негізде топтастрылады:

- қалыпты әрекетті бәсекелестік үдерістерін қолдау;

- монетарлық тұрақсыздықтан абай болу немесе онымен күрес;

- конъюнктуралық ауытқуларды жұмсарту (икемдеу) және толық жұмысбастылықты сақтау;

- ұлттық кәсіпорындардың халықаралық бәсекелестігін қамтамасыз ету;

- тұрақты экономикалық дамуды жүзеге асыру;

- қоршаған ортаны қорғау;

- интеграция;

- әлеуметтік қамтамасыздандыру.

Нарықтық экономикадағы мемлекеттің міндеттері:

- Экономикалық саясат: экономикалық әрекеттердің жүзеге асырылуы өрісін (шекарасын) белгілеу: бір жағынан әрекет еркіндігін кепілдендіру, келесі жағынан экономикалық жауапкершілік.

Экономикалық тәртіп саясатының өзегі – бәсекелестікті қолдау және меншікті ұтымды пайдалану;

- Білім беру саласындағы саясат: мемлекет барлық азаматтарын олар өздерінің шығармашылық әлуеттерін көрсете алуы үшін негізгі (базалық) білім деңгейімен қамтамасыз етуі тиіс;

- Меншік құқығы саласындағы саясат арқылы мемлекет материалдық активтерге меншікті (меншік құқықтарын) қорғайды, пайданың қайта инвестициялануын (реинвестициялануын) және жаңа капиталдың қалыптасуын қолдайды, табиғи байлықтың қоғамдық капитал ретінде қорғалуына қолайлы жағдайлар қалыптастырады ;

- Аллокациондық (ағыл. Allocation – мардымсыз ресурстарды мақсатқа сәйкес бөлу) саясат мемлекеттің өндірістік бастамаларында жүргізіледі: жекеменшік секторға (үй шаруашылығы және кәсіпкерлік секторлары) мемлекеттік тапсырыстар (сатып алулар), мемлекеттің өзінің өндірістік қызметтері, жария билікті жүргізу, түрлі жекеменшік секторлар арасында субсидиялар, трансферттер, салықтар мен алымдардың көмегімен ресурстарды тарату;

- Тұрақтандырушы саясат: бюджеттік-салықтық (фискальдық), акша-несие (монетарлық) және валюталық саясаттар;

- Құрал-қаражаттарды, соның ішінде әлеуметтік құрал-қаражаттарды қайта бөлу саясаты.


1.3 Экономикалық саясаттың субъектілері

Мемлекеттің экономикалық саясатының субъектілері – мемлекеттің экономикалық саясатының қатысушылары. Оларды мемлекеттің экономикалық саясатына қатынастарымен байланысты 1-суретте белгіленгендей жалпылама топтауға болады. Мұндай жіктелінімде экономикалық саясатының субъектілері мемлекеттік, мемлекеттік емес және Supra-ұлттық субъектлерге ажыратылады. Мұнда ұлттық экономикалық шеңбердегі субъектлермен қатар, ұлттық мүдде қорғалатын сыртқы экономикалық өрістердегі экономикалық субъектлер де қарастырылады.

Экономикалық саясаттың субъекттері болып шаруашылық мүдделерді алып жүрушілер, білдірушілер және орындаушылар табылады.

Шаруашылық мүдделерді алып жүрушілер – бұлар бір-бірінен бірқатар белгілері бойынша ерекшеленетін әлеуметтік топтар: мүлікке иелік етуі бойынша, табыстары бойынша, табыстары деңгейлес қызмет түрлері бойынша, кәсібі бойынша, салалық және аумақтық мүдделері бойынша. Бұлар – жалдамалы жұмысшылар мен кәсіпорындар қожайындары, фермерлер мен жер иелері, ұсак және ірі

кәсіпкерлер, басқарушылар мен акционерлер, мемлекеттік қызметкерлер және т.т Бұл топ өкілдері өз мүдделерін әлеуметтік-экономикалық жауапкершілікті мемлекеттік органдарға БАҚ-та, митингтерде, шерулерде білдіреді. Бұл – шаруашылық мүдделердің шаруашылықты реттеуші мемлекеттік аппаратпен байланысының бірінші жолағы.



1-сурет – Экономикалық саясаттың субъекттері

Шаруашылық мүдделерді білдірушілердің қуатты тобы – партияларға, одақтарға, бірлестіктерге, ассоциацияларға топтасқан кәсіподақтар, кәсіпкерлер бірлестіктері. Аталмыш топтардың әрқайсысының өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына, қандай да бір аймаққа тиесілілігіне, қызметінің түріне байланысты өзіндік мүдделері бар. Бұлар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатына жоғары деңгейде әсер ету үшін өздерінің әлеуметтік-экономикалық тұжырымдамаларын жүзеге асырады. Олардың өздерінің баспасөз құралдары, қаржы ресурстары, кадрлық орталықтары және қоғаммен тығыз байланыс желілері болады. Бұл –

шаруашылық мүдделердің оны реттеуші мемлекеттік аппаратпен байланысының екінші жолағы.

Мемлекеттің экономикалық саясаты бағдарламасын шынайы өмірде жүзеге асыратын экономиканы мемлекеттік реттеудің субъекттері – шаруашылық мүдделерді орындаушылар. Бұл – мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі буыны, шаруашылық мүдделердің оны реттеуші мемлекеттік аппаратпен байланысының үшінші жолағы.

Шаруашылық мүдделерді орындаушылар болып иерархиялық ұстанымдары бойынша орналасқан биліктің үш тармағының органдары және елдің орталық (ұлттық) банкі табылады. Соңғы уақыттарда экономиканы мемлекеттік реттеудің субъекттері арасында биліктің атқарушы органы әлде қайда дербес бола түсіп, орталық органының рөлінің артуы тенденциясы байқалуда.

Сондай-ақ, қазірде мемлекеттің экономикалық шешімдеріне кәсіпкерлік құрылымдардың ықпал етуі кең етек жаюда. Олар мемлекеттің экономикалық шешімдеріне ықпал ету үшін атқарушы органға қысымдар жасау арқылы өз мүдделерін лоббирлейді (ағыл. lobby – басқа тараптың атынан тиімді ресми шешім қабылдауға ықпал жасау ниетімен кез келген лауазымды адаммен байланыс жасау немесе қайсыбір мәселе бойынша ұстанымды тықпалау). Сондай-ақ, тағы да сондай заңсыз тәсілмен – қандай да бір шаруашылық шешімді қабылдауға өкілетті тұлғаны сатып алу (пәре беру) оңтайлы шешімдер қабылдату үрдісі кең жайылуда.

Экономикалық саясаттың ұстанымдары

Шаруашылық тетіктерді жетілдіру және олардың ұтымды әрекет етуі үшін оның қадағалануына, ұстанылуына істің жемістілігі тәуелді болатын белгілі бір ұстанымдарды ұстану қажет. Экономикалық саясаттың негізгі ұстанымдары болып табылатындар:

- сәйкестілік (адекваттылық) ұстанымы;
- кешенділік ұстанымы;
- бейімділік ұстанымы;
- құзыреттілік ұстанымы.

Сәйкестілік ұстанымы шаруашылық тетіктерінің өндіргіш күштерінің қолжеткізілген дамуы деңгейіне, елдің осы кездегі дамуы кезеңіне және экономикалық саясатпен алға қойылған мақсаттарға сәйкестілігін қамтамасыз ету қажеттілігін білдіреді.

Кешенділік ұстанымы экономикада болып жатқан экономикалық және әлеуметтік үдерістерді жүйелі түрде талдауға негізделген. Кешенділік және бейімділік ұстанымдары шаруашылық тетіктердің қалай болуы керектігінің мазмұнын ашады.

Бейімділік ұстанымы әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға жету үшін сыртқы жағдайлардың өзгеруімен байланысты шаруашылық тетіктердің бейімделуінің және ретке келтірілуінің қалай жүрілуі қажеттігін көрсетеді.

Құзыреттілік ұстанымы шешімдер қабылдау кезіндегі экономикалық дамудың үдерістері мен беталыстарын терең зерттеу, тарихи жағдайлардың өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты ескеру, ғылым мен техниканың заманауи жетістіктерін пайдалану секілді қажетті жағдаяттар (шарттар) болып табылады.

1.4 Экономикалық саясат теориялары

Вальтер Ойкеннің экономикалық тәртіптер теориясы

Экономикалық тәртіптер ретінде нарықтық шаруашылықтың әрекет ету өрісі, яғни шаруашылық субъектлердің шешімдер қабылдауына және қандай да бір әрекеттер жасауына қажетті мәліметтер жинағынан құралатын институциялар (ережелер, нұсқаулар жиынтығы) түсіндіріледі.

В. Ойкен мәліметтер жинағын 6 топқа ажыратады:

- 1) адамдардың қажеттіліктері;
- 2) табиғат жағдайлары;
- 3) жұмыс күшінің ахуалы;
- 4) тауарлар қоры;
- 5) технология және техникалық білім деңгейлері;

6) құқықтық тәртіптер (зандар) және әлеуметтік тәртіптер: қолданыстағы заңдар, адамгершілік, салт-дәстүр, рухани ахуал.

Экономикалық тәртіп мемлекеттің экономикалық дамуды реттеуінің және ресурстардың шектеулілігі жағдайында кәсіподақтар мен кәсіпкерлер бірлестіктері кіретін шаруашылық тәртіптер кіріктірмесіне мемлекеттік органдардың реттеушісі ретінде қатыса отырып оған қолайлы жағдайлар қалыптастыруының қандай дәрежеде екендігін көрсетеді.

В. Ойкен экономикалық саясаттың келесі тұрпаттамасын (типологиясын) ажыратып ұсынады:

- Араласпаушылық ұстанымы (Laissez-faire);
- Экономиканы жоспарлы-орталықтандырылған (толық не ішінара) басқару;
- Орта жол саясаты;
- Бәсекелестік тәртіп саясаты;
- Нүктелік саясат.

Араласпаушылық ұстанымы (әрекет еркіндігі) – мемлекеттің экономикаға араласуы мейілінше аз болуы тиістігін ұстанатын экономикалық доктрина.

Экономиканы жоспарлы-орталықтандырылған басқарудың күндердің-күнінде міндетті түрде құлап тынатындығына Ойкен күмән келтірмейді. Себебі мұндағы басты мәселе – билік мәселесі. Мұнда басқарушылардың құрылымы өздерінің жеке мүдделерін, өз қалауларын жүргізетін, бақыланбайтын топтардан құралған. Алуан түрлі жеке мүдделерден құралған қоғамдық мүдде мұнда еш жүзеге аса алмайды.

Орта жол саясаты мемлекеттің нарық пен жоспарлы шаруашылықтың арасында ортақ ымыраны таба отырып, нарықтық экономикаға араласуының шектеулі дәрежесін білдіреді. Оған таратушылық (ресурстар мен игіліктерді) мақсатындағы саясат, толық жұмысбастылық саясаты, конъюнктуралық реттеу саясаттары жатқызылуға болады.

Бәсекелестік тәртіп саясаты жағдайында бәсекелестіктің дамуына мейілінше жағдай жасайтын мемлекетпен белгіленетін әрекет ету өрісі (шенбері). Ағымдағы экономикалық саясаттың міндеттері болып экономикалық биліктің шоғырлануына және экологиялық залал әкелетін нарық түрлеріне шектеу немесе тыйым салу табылады.

Нүктелік экономикалық саясатқа жекелеген мәселелерді шешуге, нақтылы салаларды қорғауға бағытталған саяси-құқықтық әрекеттер кіреді. Алайда, мұнда экономикалық ыңғайлардың кешенділігі, біртұтастығы бұзылуы мүмкін және нәтижесінде жекелеген салаларды немесе таптарды қолдауға бағытталған табыс саясаты жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың, ақша нарығының теңсіздіктерін туындатады. Нүктелік саясат мұндай залалдар әкелмес үшін ол бейімделу өрісінен шықпауы тиіс.

Я. Тинберген тұжырымдамасы және Р. Лукастың сыны

Я. Тинбергеннің тұжырымдамасы экономикалық саясаттың негізгі теориясы болып саналады. Оған сәйкес экономикалық саясаттың құрамдас бөліктері болып әл-аухаттылықтың басты мақсаттары (макоэкономикалық көрсеткіштер жиынтығы), үкіметтің қолында бар құралдар, мақсаты мен құралдарын байланыстырушы және саяси әрекеттердің оңтайлы ауқымын анықтаушы үлгі (модель) табылады.

Экономикалық саясатты негізгі 4 топқа бөлінуі болады:

- 1) фискальдық (бюджеттік-салықтық) саясат;
- 2) монетарлық (ақша-несие) саясаты;
- 3) сыртқы саясат (валют бағамымен манипуляция жасау);

4) табыстарды реттеу саясаты.

Мұндай да құралдар саны қойылған мақсаттар санымен бірдей болуы тиіс.

Р. Лукас пікірінше, Тинбергеннің ыңғайы тым қарапайым, себебі үлгіні құрауға арналған бастапқы экономикалық көрсеткіштер (экзогенді көрсеткіштер) саяси бұрмалаушылық (манипуляция) салдары болып табылатындықтан сенімсіз. Экономикалық саясаттың басты мақсаты – әлеуметтік жоғалтылымды мейілінше азайту тек көп қайталанатын әрекеттердің кезектілігі жағдайында ғана орындалуы мүмкін. Негізгісі, тіптен толық ақталуға болатын жағдайда да, ережеден шықпау. Ұтымды саясатты таңдау және жүргізу кезінде маңыздысы электораттың сенімі болып табылады.

Бьюкенен және Кеннет Эрроудың қоғамдық таңдау мектептері

Экономикалық саясаттың міндеті болып қылықтар (іс-әрекеттер) тәртібін және рұқсат етілетін, яғни субъект алатын мандаттың шегін анықтау табылады. Саясат – бұл субъекттер мен мемлекеттің қатынастарының өрісі.

Экономисттердің экономикалық саясаттағы орыны ең алдымен олардың шешімдер қабылдаудың жалпы құрылымын және қаржы саласын айырықша зерттеуі (талдауы) міндеттерінен құралады. Талдаудың алғышарттары: методологиялық индивидуализм (экономикалық адам) және саясатты айырбас үдерістері ретінде түсіну (саяси нарық), экономикалық уәж (мотивация), өзінің әлжуаздығына қарамастан, мемлекеттік саясаттың өз деңгейінде болуы.

Қоғамның дамуының бастапқы және акырғы пункттері болып индивидуум табылады. Экономикалық адамның қылығын эгоизм (жеке мүдде) туындатады. Адам бірінші кезекте сайлаушы емес, тұтынушы. Экономикалық индивидтің іс-әрекеттерін шекті пайдалылыққа деген талпынысы басқарады. Ол бұл мақсатына тек өзінің табысы шеңберінде ғана қол жеткізеді. Экономикалық адамға рационализм және асимметриялық ақпараттар бөгет болатын мүмкіндіктерін максималдауға ұмтылыстары тән. Экономикалық адам өмірлік басқа мақсаттарына ұмытылып жүргенде де рациональды болып қала береді.

Нарықтық қатынастар ұстанымдары саяси сахнада да көрініс береді. Әр индивид саяси жүйені нарықтық қатынастарын өзбетімен ұтымды қамтамасыздандыра алмайтын өзінің жеке мақсаттарын ұжымдық қорғау ретінде қарастырады.

Мемлекеттің саясатында ұжымдық әрекеттерге тән мәжбүрлеу, зорлау элементтері орын алады. Индивид тек өзінің жеке

мақсаттарына қол жеткізуіне жәрдем болар болса ғана ұжымдық зорлыққа көнуге келіседі.

Өзіміздің жеке мақсаттарымызға қол жеткізу үшін ұжымдық (қоғамдық) шығындарға атсалыса отырып, біз бюрократтардың мұндай әрекеттеріне жеккөрінішпен қараймыз. Өйткені, біз акыры соңында мемлекеттік шенеуінік (бюрократия) өзінің жекебастық мақсаттарына тек біздің есебімізден ғана қол жеткізе алатындығын сеземіз.

Бюрократия – қатаң тік иерархиялық билікке ие мемлекеттік қызметтің басқару жүйесі. Ол орталық биліктің қоғам мүшелерінің еркінен тыс қалуына негізделген саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйе. Бюрократия қоғамның және мемлекеттің саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени салалардағы қызметтерінде ресми және бейресми шенеушілік байланыстарға негізделген билік жүйесі. Бұл байланыстары тұйықталған, иерархиялық заңдылықтарға сай жүргізілетін, заңды және қоғам мүшелерінің еркін белден басатын, әкімшілік нұсқаулар әдісімен басқаратын биліктің қатаң тетікті жүйесі.

Мемлекет табиғи біртұтас бірлік емес. Оны нарықтық шаруашылықтың кемшіліктерін автоматты түрде түзетуші тетікке теңестіруге болмайды және ол әрқашан қоғам мүдделеріне сәйкес шешімдер қабылдай бермейді. К. Дж. Эрроу «Тұтынушылардың ұтымдылығы мен жеке қалауларына жол бере отырып, біз қоғамдық басымдылықтарды анықтай алмаймыз, яғни қоғам өзінің неі қалайтындығы туралы ұжымдық пікірді қалыптастыра алмайды» деп санайды. Ұжымдық тандау бағамдайды: баламалылықтың болуы; жанама жағдайлардан тәуелсіздік; үстемдіктің болмауы; бағаларды пайдалану.

Дауыс беру арқылы шешімдер қабылдаудың біршама кемшіліктері бар. Біріншіден, дауыс беру негізінде тандау жасау аз топтың пікірлерін ескермейді. Екіншіден, ымыралы шешім қабылдауда, қоғамдық келісімді қалыптастыруда көпшілік ұстанымына сүйену қиын. Мұндай тығырықтан шығу тек акырғы шешімді бір тұлға қабылдайтын жағдайда ғана мүмкін болады.

Саяси іскерлік циклдер теориясы

Саяси іскерлік циклдер теориялары авторларының қатарында У. Нордхауз, Э. Тафт, Д. Гиббс, А. Алезилерді атауға болады. Саяси іскерлік циклдер үлгілерінің барлығы дерлік келесі алғышарттарға негізделіп құрастырылған:

- Билік (үкімет) сайлауда жеңіп шығуға ұмытылады, сондықтан да олар мейілінше көп дауыс жинауға тырысады;

- Сайлаушы пегізіпен экономикалық пәтижелерді қалайды және олардың мұндай қылықтары сайлауда дауыс берулері кезінде нақтылы көрініс береді;

- Үкімет билікке қайта сайлану мүмкіндіктерін арттыру үшін экономикалық жағдайлармен кулық әрекеттерге баруы мүмкін.

Нордхауздың «Оппортунистік іскерлік цикл» үлгісі

Оппортунисттік қылық (opportunistic behavior) – жеке мүддесі үшін әріптестің (басқа қатысушылардың) құқықтарын бұзу, соның ішінде алдау не ақпараттарды жасырып қалу арқылы пайда алу мақсатында келісімнің шарттарын бұзатын экономикалық агенттің қылығы.

Үкіметтің оппортунистік қылығы қолданылатын шаралар мен олардың салдары аралығында уақыт лагтарының болатындығын түсінуімен түсіндірілетін болса, электоратта мұндай түсінік қалыптаспаған. Саяси бағыт қалыптастыру асимметриялық ақпараттардың қолданылуымен және ұзақ мерзімді салдарды назарға алмастан қысқа мерзімді ұтыс алу негізінде жүргізіледі. Бұл үлгіде үкімет өзінің биліктегі орынын ұстап тұруға ғана мүдделі, ал сайлаушылардың шешімдеріне тек үкіметпен жүргізілетін ағымдағы саясат ғана ықпал етеді.

Нордхауз теориясы жұмыссыздық пен инфляцияның өзара байланысын сипаттайтын Филлипс қисығының талдауына негізделеді. Сайлау кезінде саясаткер өзінің танымалдылыққа ие болу мақсатында жұмыссыздықты азайтуға тырысады. Бұл жұмыссыздықты бұрынғыға қарағанда азайтқанымен, инфляцияны оңтайлы деңгейінен жоғарлатады. Алайда, сайлаудан кейін жеңімпаз инфляциямен күресу үшін жұмыссыздықты арттыратын болады.

Үкімет ұзақ мерзімді салдарды мүлдем ескерусіз қалдыра отырып, қысқа мерзімді шешімдердің бір тобын қабылдайды. Салдарында инфляция деңгейі әлде қайда жоғарлайды. Инфляцияның көтерілу үрдісі жұмыссыздықтың азаюына қарағанда біраз кешеуілдеп жүретіндіктен, үкімет өзіне жұмыссыздық пен инфляция бірмезгілде уақытша төмен болатындай бос жағдай жасап алады.

Дуглас Гиббстің «Партиялық іскерлік цикл» үлгісі

Іскерлік белсенділіктің циклділігі билік партиясының ауысуымен түсіндіріледі. Бәсекелес партиялардың бір-бірінен әртүрлі максаттары болады және оған жетуде әртүрлі саяси шараларды қолданады. Осылайша олар үкіметте бірін-бірі алмастыра отырып, экономикада циклділікті туындатады. Бұл жағдайда экономикалық жағдайлар

сайлауға дейін емес, сайлаудан кейін өзгереді және кем жегенде бір электоральдық кезеңге созылады.

Гиббстің саяси іскерлік цикл үлгісі «Кез-келген елде жұмыссыздық пен инфляция арасында Филлипс қысығы бейнелейтіндей компромисс бар» дегенге негізделіп құрылған. Солшыл партиялар бағдарламалары жұмысбастылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ерекше назар аударады, демек солшыл үкімет басқарған елдер оңшыл не центристік үкіметті елдердегіге қарағанда жұмыссыздығы аз, инфляциясы үлкен болуы тиіс. Бұл жұмыссыздықтан көп, инфляциядан әлде қайда азырақ зардап шегетін жұмысшы топтың жұмыссыздықты азайтуға деген ынтасымен түсіндіріледі.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Мемлекеттің экономикалық саясаты дегеніміз не? Ол нені білдіреді?
2. Экономикалық саясаттың өрісі қамтиды?
3. Экономикалық саясаттың субъекттеріне кімдерді жатқызуға болады. Олардың өзара айырмашылықтары, ерекшеліктері мен ұқсастықтары қандай?
4. Мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі мақсаттарын атап көрсетіңіз.
5. Экономикалық саясаттың міндеттері мемлекеттің қандай экономикалық қызметтерді атқаруын қарастырады?
6. Экономикалық саясаттың ұстанымдарын қандай негізгі топтарға жіктеуге болады және ол қандай себептермен байланысты болады?
7. Экономикалық саясаттың теорияларының қандай түрлерін білесіз және олардың өзара ерекшеліктері мен ұқсастықтары қандай? Жауабыңызды дәлелдеуге тырысыңыз.
8. Вальтер Ойкеннің экономикалық тәртіптер теориясын қала» түсінесіз?
9. Я. Тинберген тұжырымдамасының басты қағидалары ретінде нелерді атасыз?
10. Быюкенен және Эрроудың қоғамдық таңдау мектептерінің негізгі ерекшеліктерін атаңыз.
11. Саяси іскерлік циклдер теориясы және оның түрлері туралы айтыңыз.

2 Өтпелі экономика. Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиялары

2.1 Әміршіл-әкімшілік экономикадан нарықтық экономикаға көшу

Әміршіл-әкімшілік экономикадан нарықтық экономикалық жүйеге көшу экономикалық өсудің экстенсивті факторларының түгесілуімен байланысты бір орталықтан басқарылатын жоспарлы экономиканың қауқарының күн санап азаюы себепті туындайды. Жалпы, әміршіл-әкімшілік экономикалық жүйенің басты екі кемшілігі:

1) Бірінші кемшілігі – бұл оның икемсіздігі, өзгерістерге баяу бейімделгіштігі;

2) Екінші кемшілігі – бұл өндіріс факторларының өте төмен еңбек өнімділігі, ҒТП-тің жетістіктерін қабылдау деңгейінің төмендігі.

Өтпелі экономика – бұл әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің нәтижелерінде шаруашылық ұстанымдардың өзгеруімен байланысты экономиканың уақытша қалыбы. Бұл өзгерістерде басты рөлді меншік қатынастарының трансформациясы ойнайды. Мысалы, егер Қазақстан экономикасында 1917 жылдан кейін жалпы КСРО-дағыдай өтпелі экономика мемлекеттік меншіктің басымдылығы негізінде қалыптасса, 1990 жылдардан бастап керісінше, яғни жеке меншікті қалыптастыру негізінде жүргізілді.

Өтпелі экономиканың мақсаты – экономикалық еркіндік және осы негізде экономиканың қарқынды дамуын һәм ел халқының тұрмысы деңгейінің жоғары деңгейін қамтамасыз ете алатын әлеуметтік бағдарланған тиімді жүйе құру, басқа елдерден экономикалық-әлеуметтік артта қалушылықты жою. Нарықтық экономикаға көшудің міндеттері болып өтпелі кезеңде болатын экономикалық және әлеуметтік шығыстардың мейілінше төмен деңгейіне қол жеткізу табылады.

Әміршіл-әкімшіл экономикалық жүйені өзгерту экономикалық дамуды, меншік қатынастарын, қоғамның қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық құрылымын өзгертуді, нарықтық құрылымды және оған сәйкес нормативтік-құқықтық негізді құруды, сонымен қатар шаруашылық субъектлерде жаңа дүниетанымдық көзқарастар қалыптастыруды талап ететін өте күрделі үдеріс.

Өтпелі экономика – ол әміршіл-әкімшіл экономикалық жүйе мен нарықтық экономикалық жүйелердің қатынастары мен элементтерінің қоспасы. Өтпелі экономика – бұрынғы әлеуметтік-экономикалық

катынастар жүйесінің бұзылып, реформаланып, жана жүйенін қалыптасып, қоғамның дами бастауы өтетін аралық кезең.

Нарықтық экономикаға өтудің 2 жолы бар:

1) Дамудың эволюциялық жолы немесе градуализм. Мұндай жолмен ҚХР, Вьетнам секілді елдер жүрген;

2) «Естен тандыру» («шоктық») терапиясы. Мұндай әдіс Ресей, Шығыс және Орталық Еуропаның бірқатар елдерінде әр түрлі интенсивтілікте қолданылған болатын.

Нарықтық экономикаға өтудің эволюциялық немесе естен тандыру жолын таңдау сол сәттегі саяси жетекшінің ерік-жігеріне ғана емес, сонымен қатар, елдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, тарихи, салт-дәстүр және т.б. да факторларға байланысты болды.

Эволюциялық жолмен өту ауыр шаруашылығының және кәсіпшілік өндірістің жоғары дамуы кезінде, салыстырмалы түрде ауыр өнеркәсіптің үлес салмағы төмен болған кезде, тұрақты қаржы жүйесінде, саяси және шаруашылық элитаның ортасында реформа өткізуге ынтығушылық басым болған кезде мүмкін болады.

«Естен тандыру» жолын таңдау әдетте шарасыз шара болып саналады. Бұл тәсілге негізінен өте ауыр қаржы жағдайында, экономиканың құрылымдық диспропорциясы жағдайында, тауарлар мен қызметтер нарығындағы өткір тапшылықтар жағдайында әлеуметтік-экономикалық ахуалдың төзімсіздігі, бақылаудан шығуы қауіпі туындаған жағдайларда жүгінеді.

Қазақстан 1990 жылдардың басынан экономиканы түбегейлі өзгертуге бағыт алды. Әміршіл-әкімшіл экономикалық жүйеден нарықтық экономикаға көшудің Қазақстандық үлгісі бұрынғы экономикалық құрылымды демонополизациялау, меншікті мемлекетсіздендіру және жаппай жекеге беру (жекешелендіру), нәтижесінде нарықтық экономиканың негізін қалыптастыру арқылы нарықтық қатынастарға кең ауқымды өтумен сипатталады.

Қазақстан экономикасының әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикаға өтуінің бағыты мен жылдамдығы көп жағдайларда Республикадағы саяси күштердің арасалмағымен, жүргізіліп отырған өзгертулердің сипаттарымен, этникалық-тарихи дәстүрлермен, қазақстандық реформаны әлемдік қауымдастықтар тарапынан қолдаулары дәрежесімен анықталып отырды.

2.2 Өтпелі экономиканың негізгі заңдылықтары

Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтудің жалпы беталыстары әртүрлі елдерде біршама ұқсастықтарға ие. Атап айтқанда, мұндайда келесі үдерістер жүріледі:

- Макроэкономикалық тұрақтандыру – ақша шығарылымын шектеу, мемлекеттік бюджеттің тапшылығын азайту шараларының жүйесі;

- Мүлікті мемлекетсіздендіру және жекешелендіру – қаржылық сауықтырудың маңызды факторы болып табылатын коммерциялық есеп айырысу және өзіндік қаржыландыруды қалыптастыру және нығайту. Бұл өз кезегінде қоғамның орасан зор мүмкіндіктерін өте қысқа мерзімде іске асыруға және елдің экономикалық ауыр жағдайын жеңілдетуге мүмкіндіктер беретін кәсіпкерліктің дамуына кепіл болады;

- Нарықтық инфрақұрылымдарды қалыптастыру – нарықтық инфрақұрылымдар институттарын (тауарлар мен қызметтер, еңбек, капитал нарықтары, биржалар, банк жүйесі және т.б.) құру;

- Экономиканың құрылымын қайта құру – халықшаруашылығы және оның салаларында қалыптасқан бұрынғы жүйеден қалған тенсіздіктерді жоюға немесе түзетуге бағытталған құрылымдық қайта құрулар. Ең негізгі қайта құру – ол ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтер өндірісін дамыту;

- Экономиканы демонополизациялау және бәсекелестікті ынталандыру – барлық экономикалық агенттердің белсенді жұмыс атқаруына бірдей мүмкіндіктер мен жағдайлар жасау, шағын бизнесті ынталандыру, нарыққа кіруге бөгеттерді азайту, монополияның баға және өткізу саясаттарын реттеу, қажетті жағдайларда ірі фирмаларды бөлшектеу;


- Халықты әлеуметтік қорғаудың тікелей (адрестік) жүйесіне көшу;

- Экономикалық субъектлердің сыртқы экономикалық қызметтерін либерализациялау – экономикалық субъектлердің экономикалық еркіндіктерін арттыру, экономикалық қызметтерге шектеулерді жою, ұлттық валютаның айырбастылығын (конвертациясын) қамтамасыз ету, импорттық шектеулерді азайту, экспортты либерализациялау.

2.3 Қазақстандағы өтпелі кезеңдегі экономикалық реформалар

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үрдісі басталды. Алдымен экономикалық реформалар жүргізілді.

Қазақстанда жүргізілген экономикалық реформалар республика органдарының экономикалық басқарудағы рөлін, орны мен функциясын түбегейлі өзгерту жолдарын қарастырды.



697683

Министрліктердің ендігі міндеттері-басқару емес, өнеркәсіптердің техникалық дамуына, салааралық өркендеуіне дұрыс бағдар таңдау жұмыстарымен айналысу.

Экономикалық реформаны дамыту жағдайында 35 акционерлік қоғам, 75 салааралық сыртқы, экономикалық ассоциациялар, 30-ға жуық концерндер мен консорциумдер, 30-дан астам коммерциялық банктер құрылды.

Жекешелендіру. Нарықтық құрылымының дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру жоспары жасалды. Ең бірінші кезекте нәтижесіздік танытқан мемлекеттік секторларды жекешелендіру қажет болды. Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру салық салу реформасы, бағаны калыптастыру, еңбекті өтеу және бөлектену саясатымен қатар жүзеге асырыла бастады.

Жекешелендірудің мақсаты:

- Кәсіпкерлікті дамыту;
- Кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу;
- Еркін баға орнату;
- Жеке меншік секторлар құру;
- Бәсекелестік ортаны калыптастыру.

Нарықтық экономиканың дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру жоспары жасалды. «Монополиялық қызметтің шектелуі туралы» заң қабылданды.

Мақсаты:

- Нарықты басқару механизмін елгізу;
- Ерікті бақталастық пен кәсіпкерлікті, сұранымдылықты қорғауды қатамсыз ету;
- Тұтынушылардың мүддесін қорғау. Бұл заңда монополиялық бақару құрылымын тарату, товар нарқында сапасыз бақталастықты жою шаралары белгіленген.

Іскерлік белсенділіктің өсуі жаңа банктік құрылымның жасалуына әсер етті, бірақ құрылымдық өзгерістер республикада материалдық әл-ауқатты жақсартпады. Өндірістік тұтыну товарлары мен қызмет көрсету қысқартылды.

1992 жылы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың жарлығымен республика бағаны босатты. Баға алғашқы кезеңде –186,4 есеге өссе, 1992 жылы сәуірде 554,5 есеге өсті. Нәтижесінде ақшаның құны түсті. Халықтың тапқан айлық жалақысы тамағынан аспады. Ауыл мен ауыл арасындағы қатынас мүлдем қиындап кетті. Қаңтар айынан тамызға дейін өндірістік товарлардың бағасы бірнеше есе өсті. Нарыққа көшу саясатының

бұрмалауынан өз жағдайын алыпсатарлық, делдалдық, пара алумен түзеген адамдар тобы пайда болды. Қалаларда қайыр сұраған адамдар көбейді.

Нарықтық экономика саясатының негізгі белгілері:

- Экономиканы мемлекет иелігінен алу;
- Жекешелендіру;
- Кәсіпкерлікті дамыту;
- Монополияны жою;
- Бағаны босату;
- Қатал ақша-несие және қаржы саясатын жүзге шығару.

1991 жылы жекешелендіру процесі басталды.

Жалпы алғанда, жекешелендіру процесі үш кезеңге бөлінді. Бірінші кезең 1991-1992 жылдар аралығын қамтыды. Оның міндеті:

- Мемлекеттік меншіктің көлемі мен құрылымын белгілеу;
- Меншіктің құқық беруді дайындау;
- Шағын жекешелендіру объектілерінің 50 %-ын жекешелендіру.

Бұл кезде негізгі көңіл кіші бизнестің дамуына аударылды.

Жекешелендірудің екінші кезеңі 1992-1993 жылдар аралығын қамтыды. Міндеті: орта және ірі кәсіпорындарды жекешелендіру.

Көптеген шағын жекешелендіру объектілері жергілікті мемлекеттік мүлік комитеттерінің шешімімен байқау (конкурс) немесе аукцион өткізілмей-ақ, өте төмен бағаға берілді.

Жекешелендірудің үшінші кезеңі 1993-1995 жылдар аралығын қамтыды.

Міндеті:

- Мемлекет иелігінен алудың ұлттық бағдармаласын қабылдау;
- Меншікті мүлікті басқару жөніндегі комитеттің қолына көшіру;
- Инвестициялық купондар енгізу.

1993 жылғы наурызда мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы қабылданды. Барлық меншік Мемлекеттік мүлікті басқару комитетінің қолына көшірілді. Бұл комитеттің міндеті:

- Мемлекеттік меншік республика азаматтарына тегін таратылып берілуге тиіс;
- Арнайы төлем құрылдары – жекешелендіру инвестициялық купондарын енгізу.

Инвестициялық купон иесі оны әр түрлі инвестициялық қорларға салуға мүмкіндік алды. Бірақ, оларды өнеркәсіптік кәсіпорындар акцияларына ауыстыруға және сатуға рұқсат берілмеді.

200-ге жуық инвестициялық қорлар құрылды. Мақсаттары: купондары жинастыру; аукционға шығарылатын өнеркәсіптік кәсіпорындардың акцияларын иелену. Бірақ, 1995 жылдың басында жекешелендіру бағдарламасының жүзге аспайтындағы белгілі болды. Себебі, жекешелендірудің:

- Тиімді жұмыс жасайтын жеке меншік секторды құру;
- Қалыпты бәсекелестік ортаны қалыптастыру;
- Экономикалық-әлеуметтік жағдайының төмендеуін тоқтату секілді негізгі мақсаттары орындалмады.

Біркатар ірі кәсіпорындар өте төмен бағамен шетелдік компанияларға сатылып кетті. Сол кездердегі шетелдік фирмалар иелігіне берілген маңызды объектілер:

- Қарағанды металлургия және Соколов-Сарыбай комбинаттары;
- Жезказған, Балқаш мыс қорыту комбинаттары;
- Павлодар алюминий заводы;
- Павлодар атом-энергетикалық кешені кәсіпорны және т.б

1998 жылдың көктеміне қарай төленбеген қарыздар көлемі шексіз өсіп, 18 млрд. долларға жетті. Осыған байланысты әлеуметтік жағдай әбден нашарлады.

1997-1998 жылдары Кентау (Оңтүстік Қазақстан облысы) және Жанатас (Жамбыл облысы) тау-кен өнеркәсібі жұмысшылары ереуілдерге шығып, аштық жариялады.

Экономиканы реформалау процесінде халықты еңбекпен қамту саласындағы проблемалар одан әрі шиеленісіп кетті. Өндіріс жаппай құлдырады. Өкімет тарапынан жүргізіліп отырған қаржы, несие, баға және салық саясаты жетілдірілмеді. Жұмысшылардың жалпы саны қысқарды. Жұмыссыздар саны жылдан-жылға көбейді. Мысалы 1995 жылы еңбекпен қамту қызметтерінде ресми түрде тіркелген жұмыссыздардың саны – 153 мың адам болды. Өндірістің толық тоқтауы салдарынан ақысыз демалысқа шыққандар – 192 мың адам, ал өндірістің жартылай тоқтау себебінен жұмыс уақыты толық емес режимде істейтіндер – 451 мың адам, 90-жылдардың соңындағы жұмыссыздардың жалпы саны – 643 мың адам.

1997 жылы экономика саласында істеп жүрген адамдар саны 1996 жылмен салыстырғанда 11,8 %-ға кеміді. Республиканың еңбек нарығының өзіне тән ерекшелігі – жасырын жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы (9-11 %). Еңбекпен қамту мәселелері ерекше ауыр болды. Жұмыссыздықтың жергілікті шоғырланған аймақтары – шағын қалалар болды.

Соңғы жылдары Қазақстанның өнеркәсібін жандандыруда біраз шаралар іске асырылды. 1999 жылдың соңында жалпы өнім өндіру –

1 %-ға, өндіріс көлемін арттыру – 1,8 %-ға өсті. Республиканың алтын қоры 2 млн. долларға жетті. Инвестиция мен өндіріс деңгейінің төмендеуі экономиканың құлдырауға түскенін, реформаның тиімсіздігін көрсетті.

2.4 Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиялары

Жедел әлеуметтік-экономикалық даму жолына түскен көптеген елдердің ұзақ мерзімге арналған стратегиялық жоспарлары болады. Мысалы, Малайзия елі өзінің «Vision–2020» стратегиялық жоспары бойынша дамып келе жатса, экономикалық өсуі кереметтей қарқынды ҚХР «2050 жылға дейінгі даму стратегиялық жоспары» негізінде алға жылжуда. Дәл осылар секілді, Қазақстанның да «Қазақстан–2020», «Қазақстан–2030» және «Қазақстан–2050» секілді дамудың өзіндік стратегиялық жоспарлары бар және ол осы жоспарлары негізінде экономикалық даму жолын айқындап отыр.

Экономикалық стратегия экономикалық тактикалар негізінде жүргізіледі. Экономикалық стратегия – белгілі бір тарихи кезеңде мемлекеттік институттар, партиялар, қоғамдық-саяси ұйымдар және басқа да саяси ұйымдасқан субъекттердің алға қойған максаттарына жетуді кезең кезеңімен жүзеге асыру арқылы мүмкін болатын ірі ауқымды шешімдер мен іс-әрекеттердің белгіленген бағыттарының жүйесі.

Стратегия экономикалық саясат субъекттерінің аумақтық және уақыттық кеңістіктердегі күш-жігері мен қаржылық құралдарының ойластырылған сәйкестік концепциясымен, негізгі максаттарға жетудің анықталған негізгі кезеңдерімен, әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін түйсінуімен ерекшеленеді.

Экономикалық тактика – стратегияны жүзеге асыру кезінде туындайтын нақтылы жағдайларға сәйкес қолданылатын стратегияның қайсы бір кезеңінің міндеттерін шешуге бағытталған экономикалық-саяси іс-әрекеттердің әдістері мен түрлерінің жиынтығы. Экономикалық тактикаға қойылатын басты талап оның стратегияға оңтайлыбол уы, бөгет болмауы.

«Қазақстан-2030» стратегиясы

«Қазақстан-2030» стратегиялық жоспары 1997 жылы Қазақстан халқына ел Президентінің кезекті жолдауында жария етілді. Ол өзіне 7 негізгі бағыттарды қамтиды:

1) ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК. Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету;

2) ІШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ТОПТАСУЫ. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру;

3) Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСҮ. Экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу;

4) ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ, БІЛІМІ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ. Барлық қазақстандықтардың, өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту;

5) ЭНЕРГЕТИКА РЕСУРСТАРЫ. Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел арттыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану;

6) ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, ӘСІРЕСЕ КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС. Осы шешуші секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамыту;

7) КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТ. Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің, ықпалды және заманауи корпусын жасақтау.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтардың әрқайсысы үшін бір жылдық, үш жылдық, ал кейіннен бес жылдық жоспарларда белгіленген нақты іс-қимылдарға күш-жігер жұмылдыра отырып, стратегияны талдаланады және іске асырылады. Бұл басымдықтар мемлекет пен азаматтардың күш-жігерін жұмылдыру үшін қызмет етуге, елдің, бюджеті мен кадр саясатын қалыптастыру кезінде өлшемдер негізіне алынады.

«Қазақстан–2020» даму стратегиясы

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілді. 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу кезеңі адамзат тарихындағы соңғы жетпіс жыл ішіндегі ең ауыр

жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыстың басталу уақытына дәл келді.

2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу кезінде әлемдік немесе өңірлік дағдарыстың жағымсыз салдарларына ұлттық экономиканың орнықтылығын арттыруға бағытталған шаралардың жүзеге асырылуына баса көңіл бөлінді.

Тау онжылдықта мемлекет қызметінде бес негізгі бағыт басымдықта болады:

- 1) Дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық;
- 2) Индустрияландыру және инфрақұрылымдық даму арқылы әртараптандыруды жеделдету есебінен тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету;
- 3) Болашаққа инвестиция – тұрақты экономикалық өсім, өсіп-өркендеу және қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатының жетістігі үшін бәсекеге қабілетті адам капиталын арттыру;
- 4) Тұрғындарды сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерімен қамтамасыз ету;
- 5) Ұлтаралық келісімді, қауіпсіздікті, халықаралық катынастардың тұрақтылығын нығайту.

2020–Стратегиялық жоспарын жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстан мынадай негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуі тиіс:

- Қазақстан 2020 жылға қарай экономикасы әртараптандырылған және халқы жаңа экономикаға белсенді тартылған, әлемдік дағдарыстан шыққан анағұрлым күшті және бәсекеге қабілетті елге айналады;

- Қазақстан 2020 жылға қарай қолайлы іскерлік ахуалы бар, елдің шикізат секторында елеулі шетел инвестициясы тартылған, әлемнің ең бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіретін болады;

- 2020 жылға қарай еліміз әртараптандырылған экономиканы дамыту үшін қажетті адам ресурстарына, сондай-ақ отандық кәсіпкерлер мен экспорттаушыларға қызмет көрсету үшін қажетті инфрақұрылымға ие болады;

- 2020 жылға қарай Қазақстан экономикасы нақты алғанда 2009 жылғы деңгейге қатысты алғанда үштен бірінен асады;

- 2020 жылға қарай төменгі күн көріс мөлшерінен аз табыс табатын халықтың үлесі 8 пайызға дейін төмендейді.

2020 – Стратегиялық жоспарын жүзеге асырудағы басты жетістік Қазақстанның экономикалық өсімінің құрылымын сапалық жақсарту және дәйектілікпен әртараптандырылуы нәтижесінде ел азаматтарының әл-ауқатын елеулі түрде арттыру болуы керек.

«Қазақстан–2050» даму стратегиясы

2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың ел халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы таныстырылды. Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін «Қазақстан–2050» Стратегиясы жеті ұзақмерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырады:

- 1) Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм;
- 2) Кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау;
- 3) Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік;
- 4) Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары;
- 5) Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту;
- 6) Дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту;
- 7) Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі.

Қайталауға арналған сұрақтар

1) Өтпелі экономикалық жағдайдың қалыптасуының алғы шарттары, өту заңдылықтары, нәтижелері және салдары туралы өз ойыңызды қорытындылаңыз.

2) Қазақстанның тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы орын алған өтпелі экономикалық жағдайы туралы не білесіз?

3) Қазақстанның «Қазақстан-2030» даму стратегиялық жоспары туралы баяндаңыз.

4) Қазақстанның «Қазақстан-2020» даму стратегиялық жоспары туралы баяндаңыз.

5) Қазақстанның «Қазақстан-2050» даму стратегиялық жоспары туралы баяндаңыз.

3 Экономикалық саясатты қалыптастыру кезіндегі мемлекет пен нарық механизмдерінің арабайланыстары

3.1 Мемлекеттің экономикалық саясатының мақсаттары

Макроэкономикалық саясат – бұл бүкіл экономикаға әсер ететін үкіметтің іс-әрекеті. Бағдарланған объектісі бойынша мемлекеттің макроэкономикалық саясаттарын:

- акша-несие (монетарлық) саясат;
- салықтық-бюджеттік (фискалдық) саясат;
- әлеуметтік саясат;
- экологиялық саясат және т.т. ажыратуға болады.

Экономикалық саясатты жүргізгенде үкімет өзгертетін параметрлер (салық мөлшерлемесі, үкіметтік шығындар, үкіметтік субсидиялар және т.б.) – саяси өзгермелілер немесе саяси құралдар.

Саясат – мақсатты бағдарланған іс-әрекет болып табылады. Демек, мемлекет өзінің мақсаттарын айқындап алып, сонан кейін оларды экономикалық саясаттар арқылы жүзеге асырады. Мемлекеттің мүмкіндігінше кең бостандық және әлеуметтік әділдік шеңберінде өз мақсаттарын тандауына және олар бойынша белгілі бір шараларды жүргізуіне толық еркіндігі бар. Түрлі экономикалық, қаржы саясаты шараларын жүргізген кезде үкімет жалпы экономикалық теңдестікті сақтау қажеттігін есте ұстауы керек. Бұл басты мақсатқа, яғни, жалпы экономикалық теңдестікке жұмыспен толық қамтылу жағдайында және барлық нарықтардың (еңбек, акша-несие, тауарлар мен қызметтер, бағалы қағаздар нарығы және т.б.) теңдестігі кезінде жетуге болады.


Ең басты мақсаттан (жалпы экономикалық теңдестік мақсатынан) келесі мақсаттар туындайды (2-сурет):

- Жұмыспен қамтылудың жоғары деңгейі;
- Баға деңгейінің тұрақтылығы;
- Сыртқы экономикалық тепе-тендік;
- Экономиканың тұрақты өсуі;
- Табыс пен мүлікті әділ бөлу;
- Қоршаған ортаны қорғау.


Макроэкономикалық мақсаттарды оларды орындауға қажетті уақыттың ұзақтығымен байланысты ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттар деп бөлінеді. Мысалы, елдегі баға деңгейін тұрақтандыруға бағытталып, дұрыс жүргізілген антиинфляциялық саясат қысқа мерзімді кезеңде оң нәтиже бере алатын болса, табыс пен мүлікті әділ бөлуге бағытталған әлеуметтік саясат көптеген жылдар бойы ұтымды жүргізілген жағдай да ғана оң нәтиже береді.



Мақсаттарға қол жеткізу (орындау) уақытының ұзақтығы бойынша:



Мақсаттық көрсеткіштердің сипаттары бойынша:



2-сурет – Экономикалық саясаттың негізгі мақсаттары

Ал, мақсаттар қолданылатын көрсеткіштердің сипаттарына қарай сандық және сапалық мақсаттар деп ажыратылады. Мысалы, жұмыспен қамтылудың деңгейі нақты шамамен (санмен) анықталатын болса, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған экологиялық саясаттың нәтижесін нақты шамалармен анықтау мүмкіндігі өте тары болады.

1 Жұмыспен қамтылудың жоғары деңгейі

Жұмыспен қамтылу ретінде біз халық шаруашылығы қуаттарының пайдаланылу дәрежесін түсінеміз. Халық шаруашылығы қуатын жұмыссыздар мен бос жұмыс орындарының саны арқылы бағалайды. Жұмыспен толық қамтылу жағдайы жұмыс күшінің құрамындағы жұмыссыздардың үлесі 6 %-ға жуықтағанда болады. Жұмыссыздардың үлесі 6 %-дан көп болған жағдайда жұмыспен толымсыз қамтылу жағдайы калыптасады. Ал, бос жұмыс орындарының саны жұмыссыздар санынан көп болғанда шамадан тыс жұмыспен қамтылу болады.

Жұмыспен толымсыз қамтылудың басты кемшіліктері:

- жұмыссыздық неғұрлым жоғары болса, тауарлар мен қызметтерге сұраныс соғұрлым төмен болады;
- үкіметтің салық табысының азаюы салдарынан мемлекет өзінің міндеттерін толық көлемде орындай алмайды;
- жұмыссыздардың отбасы ауыр қаржы жағдайына тап болады, бұл өз кезегінде әлеуметтік мәселелерді туындатады;
- жұмыссыздық ұлғайған сайын қоғамда саяси, әлеуметтік қайшылықтар күшейе түседі.

Шамадан тыс жұмыспен қамтылудың басты кемшіліктері:

- кәсіпорындар бір-бірінен жұмысшыларды өздеріне тарта бастайды;
- жұмыс күшіне сұраныстың ұсыныстан асып кетуі еңбек ақының еңбек өнімділігіне қарағанда тез өсуіне алып келеді;
- кәсіпорындардың жалақыға шығындарының өсуі және халықтың табысының артуы игіліктер бағасының (баға деңгейінің) көтерілуі және мұның салдарынан, елдің экспорттық мүмкіндіктерінің төмендеуі мәселелерін туындатады;
- жоғары жалақы және жұмыссыз қалу қауіпінің жоқтығы еңбекке ынтаны және өнім сапасын төмендетеді, сонымен қатар, бұл кезде «жалған ауыратындар» саны ұлғаяды.

2 Баға деңгейінің тұрақтылығы

Ақша бағамының абсолютті тұрақтылығы тек баға деңгейінің мүлдем өзгермейтін жағдайында болады. Бұл жағдайда жекелеген тауарлар бағасының өзгеруі мүмкін. Бірақ, бір тауардың бағасының өсуі екінші бір тауардың бағасының төмендеуі есебінен өтеледі де, жалпы жағдай, яғни баға деңгейі өзгеріссіз қалады.

Экономикалық саясат өте сирек жағдайларда ғана баға деңгейінің тұрақтылығына қол жеткізе алады. Ал, іс жүзінде баға деңгейінің небары 2-3 %-дық ғана өсуіне қол жеткізудің өзі де үлкен жетістік болып саналады. Бұл мақсатқа инфляцияны қоздырушылар үлкен

зиянын тигізеді. Егер, инфляция банктік пайыз мөлшерлемесінен жоғары болса, онда банкке ақшасын салғандардың ақшасының құны төмендейді, яғни олар зиян шегеді. Керісінше, нақты меншік (жер телімдері, кәсіпорындар, жылжымайтын мүлік және т.б.) иелері және өтелмеген қарызы барлар ұтымды жағдайда болады. Ішкі баға деңгейінің өсуі шетелдердегі баға деңгейінен жоғары болса, онда елдің экспорты азаяды, ал бұл жұмыс орындары үшін қауіпті жағдайларды туындатады.


3 Сыртқы экономикалық тепе-тендік

Сыртқы экономикалық тепе-тендік ретінде төлем балансының орташа мерзімдік теңдестігі ұғылады. Төлем балансының теңдестігі үшін экспорт пен импорттың арасалмағының маңызы өте зор. Егер, экспорт импорттан артық болса, онда мемлекеттің сыртқы саудада он сальдосы, ал кері жағдайда теріс сальдосы болады. Экспорттың импорттан артып кетуі елде шетел валютасының артық (шамадан тыс) жиналуына алып келеді. Жұмыспен толық қамтылу жағдайында мемлекет ішіндегі айналымдағы ақшаның артуы, баға деңгейін көтереді, яғни елде импортталған инфляция бой көрсетеді.

Экспорттың импорттан аз болуы кезінде керісінше болады. Сырттан тауар әкелушілер импортты ұлттық немесе шетел валютасымен төлейді. Егер импортер ұлттық валютамен төлесе, онда оны шетелдік экспортер (әріптес) шетел валютасына айырбастайды. Ал, шетел валютасымен төлейтін болса, онда импортер импортты төлеу үшін елде шетел валютасын сатып алады. Екі жағдайда да елдегі шетел валютасының қоры азаяды. Ақша массасының азаюы баға деңгейінің өсуін тежегенімен, бұл жағдай жұмыс орындары үшін қауіп төндіреді. Ел экспортының импорттан ағымдағы артық болуы ұлттық экономика үшін әлде қайда қолайлырақ болғанымен, халықаралық саудадағы әріптестіктің бір жакты басымдығы екінші жакта тапшылыққа алып келуі мүмкін. Егер, бір жакты басымдық тұрақты және ұзақ мерзімдік сипат алатын болса, онда екінші тарап өзінің мүдделерін қорғау үшін түрлі шаралар қолдана бастайды. Мұндай шаралар екі ел арасындағы «сауда соғысын» және саяси шинелісті ушықтыруы мүмкін. Сондықтан да, сыртқы сауда мүддесі үшін сыртқы экономикалық тепе-тендікке ұмтылу абзал.

Экономикалық саясат бір мезгілде баға деңгейінің тұрақтылығына, жұмыспен қамтылудың жоғары деңгейіне және сыртқы экономикалық теңдестікке ұмтылады деп айту оңай болғанымен, іс жүзінде оны орындау өте күрделі. Яғни, нақты жағдайларға байланысты максаттық үйлесімділік немесе максаттық карама-қайшылық қалыптасуы мүмкін. Максаттық үйлесімділікке,

егер белгілі бір экономикалық шараларды қолданған кезде түрлі экономикалық мақсаттар оң орындалатын болса ғана жетуге болады. Ал, мақсаттар қарама-қайшылығы жағдайында экономикада тек бір мақсатқа жетуге арналған шаралар жүргізіледі, алайда бұл кезде басқа мақсаттар қарастырылмайды. Бірақ, басқа мақсаттарға әсер етпеу сирек жағдай. Мысалы, жұмыспен толымсыз қамтылған экономикада жұмыссыздықты азайтуға ұмтылыс өнім бірлігіне келетін орташа шығынды өсіреді. Нәтижесінде өнім бағасының көтерілуі елдегі баға деңгейін жоғарлатады, яғни баға деңгейінің тұрақтылығы мақсатына зиян келеді. Сонымен қатар, баға деңгейінің көтерілуі ел экспортының қысқаруына алып келеді, яғни сыртқы экономикалық тепе-теңдік бұзылады. Бұл талданған экономикалық қысқа мерзімді мақсаттар экономикалық саясаттың сиқырлы үшбұрышын құрайды (3-сурет). «Сиқырлы» аталуының себебі қайсы бір мақсатты орындауға бағытталған шаралардың қалған басқа мақсаттарға да ықпал ететіндігімен байланысты.



3-сурет – Экономикалық саясаттың сиқырлы үшбұрышы

4 Экономиканың тұрақты өсуі

Дәстүрлі, ұзақ мерзімді мақсаттардың бірі – экономиканың тұрақты өсуі. Экономикалық өсу – бұл ұлттық экономика ауқымының ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты артуы, яғни ұзақ мерзімді кезеңде қысқа мерзімді аралық кезеңдердегі ЖІӨ-нің немесе ҰТ-тың абсолютті және жан басына шаққандағы молшерінің сатылап арта беруі үрдісі. Экономиканың өсуі конъюктураның тербелуі жоқ екенін немесе өте әлсіз тербелістің ғана бар екендігін білдіреді.

Экономиканың өсуі бүкіл экономикалық құрылыстағы экономикалық саясаттың маңызды мақсаты болып табылады, себебі материалдық игіліктер өндірісінің өсуі халықтың санының өсуінен шапшаң болған жағдайда ғана халықтың жанбасына шаққандағы

табысы өседі, яғни тұрмыс деңгейі жоғарлайды. Сонымен қатар, өспелі экономиканың жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыру және елдегі, одан тыс экономикалық-әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктері де жоғары болады.

Экономикалық өсу интенсивті және экстенсивті негізде жүріледі. Егер, экономикалық өсу экономикалық ресурстардың (капитал, еңбек, табиғат, аппарат ресурстары және кәсіпкерлік қабілет) қолданылу мөлшерін ұлғайту нәтижесінде болса экстенсивті, ал өндіріс факторларының сапалық жетілдірілуі нәтижесінде болса, онда интенсивті деп аталады.

Экономикалық өсудің қарқынын ЖІӨ-нің нақты көлемінің өзгеру жылдамдығы арқылы есептейді (1-формула):

$$Y = \frac{Y_t - Y_{t-1}}{Y_{t-1}} \times 100\% \quad (1)$$

мұндағы, Y_t – қарастырылып отырған кезеңдегі ЖІӨ-нің нақты көлемі


Y_{t-1} – өткен кезеңдегі ЖІӨ-нің нақты көлемі

Экономикалық өсуге өндіріс факторларының және оларды қолданудың артуы, жетілдірілуі (еңбек ресурстарының сапасының және санының артуы, технологиялық ілгерлеушілік, шикізат қорлары мен энергия көздерінің жеткіліктілігі және тиімді бөлінуі және т.б. факторлар) оң ықпал етеді. Ал, өндіріс ресурстарының жеткіліксіздігі, экологиялық ахуалдың нашарлауы, жалпы (капитал, еңбек) өнімділіктің төмен деңгейі, дамыған елдердегі халық санының азаюы, үкіметтің тиімсіз экономикалық саясаты және т.б. факторлар экономикалық өсуді тежейді. Сандық мақсаттар арасындағы өзара үйлесімділіктері мен қарама-қайшылықтарына байланысты олардың құрамдастығын экономикалық саясаттың сиқырлы шаршысы деп атайды (4-сурет). Яғни, мұнда да қайсы бір мақсатқа бағдарланған шара қалған мақсаттарға да өзінің ықпалын (оң немесе теріс) тигізеді.

5 Табыс пен мүлікті әділ бөлу

Бұл мақсат экономикалық, әрі саяси-әлеуметтік мақсат болып табылады. Табыс пен мүліктің бөлінуін тек экономикалық тұрғыдан алып қарастырамын болсақ, бұл ешқандай әлеуметтік әділдікке әкелмейді. Себебі, адамдардың ақыл-ойлық, физикалық, мұрагерлік және т.б. мүмкіндіктері бірдей емес. Сонымен қатар, адамдардың қанағаттану психологиясы да әртүрлі, біреулер азға қанағат етсе, келесі біреулер басқалар үшін «көпті» азсынады. Осы тектес сан алуан факторларды ескерер болсақ, уақыт ағымында «мүмкіндігі көптер»

мен «мүмкіндігі аздар» арасында табыс пен мүліктің бөлінуі арасалмағы алшақтай түседі. Нәтижесінде, әлеуметтік тұрақтылық бұзылады. Қоғамда мұндай жағдайдың орын алмауы үшін табыс пен мүліктің әлеуметтік топтар арасында әділ бөлінуі тиіс және оны тек мемлекеттік деңгейде ғана оңтайлы шешуге болады. Мемлекеттің осы мақсатқа, яғни қоғамның түрлі топтары мен мүшелері арасында табыс пен мүлікті бөлуге және қайта бөлуге бағытталған іс-шаралары мемлекеттік әлеуметтік саясат деп аталады.



4-сурет – Экономикалық саясаттың сикырлы шаршысы

Мемлекеттік әлеуметтік саясат – бұл қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және елдің барлық азаматтары үшін бірдей «бастапқы жағдайды» қалыптастыруға бағытталған макроэкономикалық реттеудің бір бағыты. Тарифтік автономия бойынша тарифтік әріптестер табысты (жалақыны) өздері реттеуге құқылы болғанымен, мұның акыры табыстың әлеуметтік әділ бөлінуіне нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан, мемлекет табысты қайта бөлудің құралдарын (прогрессивті салық, жалақының ең төменгі деңгейін белгілеу, трансферттік төлемдер) қолдана отырып, табыстың әділ бөлінуіне ықпал ете алады.


- Табыстарды бөлуді функционалдық және персоналдық деп ажыратады:

- Функционалдық бөлу ұлттық табыстың әртүрлі экономикалық ресурстар иелері арасында бөлінуін білдіреді. Яғни, ұлттық табыстың қандай бөлігі жалақыға, пайыздық табысқа, ренталық табысқа және пайдаға сай келетінін көрсетеді.

- Персоналдык бөлу ұлттык табыстың ел азаматтарынын арасында бөлінуін білдіреді, мұндайда азаматтын қандай ресурстың иесі екені қарастырылмайды. Мысалы, ұлттык табыстың 10 %-дық үлесі әлде қайда кедей адамдардың, 20 %-ы өте аukatты адамдардың табысына сәйкес келеді.

Табыстың әділ бөлінуі деңгейін анықтау үшін негізінен тұғынушылардың қолда бар табысы көрсеткіші қолданылады. Қолда бар табыс – бұл экономикалық субъектінің салықтык төлемдерді төлегеннен кейін және мемлекеттік трансферттерді алғаннан кейін қолында қалатын табысы.

Табыстарды бөлудегі теңсіздіктерді анықтаудың ең танымал әдістерінің бірі Лоренц кисығы (5-сурет). Ол ұлттык табыстың персоналдык бөліну деңгейін анықтайды.



5-сурет – Лоренц кисығы

5-суреттегі OBA түзуінен ел азаматтары арасында ұлттык табысты теңдей етіліп бөлінгенін көруге болады. OBA кисығы (биссектриса) абсолютті теңдестік түзуі деп аталады. ODA кисығы – бұл жеке табыстардың (салыктарды төлегенге және мемлекеттен трансферттер алғанға дейінгі табыстар) үлес салмағы негізінде салынған жеке табыстар бойынша Лоренц кисығы. Лоренц кисығы (ODA) абсолютті теңдестік түзуінен неғұрлым иіле түскен сайын табыстарды бөлудегі теңсіздік соғұрлым ұлғая түседі. Бірақ, мемлекеттің әлеуметтік саясаты нәтижесінде табыстарды бөлудегі

теңсіздік азая түсіп жеке табыстар бойынша Лоренц қисығы ОСА қисығына ауысады. Бұл қисықты қолда бар табыстар бойынша Лоренц қисығы деп атайды.

Табыстарды бөлудегі теңсіздікті анықтаудың келесі бір әдісі – децильдік коэффициент. Бұл әдіс бойынша елдің барлық тұрғындары табыстары деңгейі бойынша он бөлікке бөлінеді. Осы 10 %-дық он топтың аухаты ең жоғарғы тобы мен ең төменгі тобының табыстарының қатынасы – децильдік коэффициент деп аталады. Бұл шама 1/10 қатынасы шамасында болса, қоғамдағы табыстардың әділ бөлінуі қанағаттанарлық деңгейде деуге болады.


Табыстар теңсіздігінің тағы бір көрсеткіші – Джини коэффициенті (G). Бұл көрсеткіштің басқаша атауы – табыстар концентрациясы индексі. Аталмыш коэффициенттің шамасын Лоренц қисығының көмегімен анықтайды. Ол ОВАС мен ОҒА фигуралары аудандарының қатынастары арқылы аныкталады (2-формула). Джини коэффициентінің мәні $0 < G < 1$ болады және ол неғұрлым кіші болуы табыстарды бөлудегі теңсіздік әлде қайда аз екендігін білдіреді.

$$G = \frac{\text{ОВАС}}{\text{ОҒА}} \quad (2)$$

6 Қоршаған ортаны қорғау

Бүгінгі күні өмір сүретін және болашақ ұрпақтарды қоса алғанда жердің табиғи ресурстары бүкіл адамзаттын жалпы мұрасы болып табылады. Табиғаттағы тұрақты резервті қор бір ұрпақтан келесі ұрпаққа мейілінше аз бүлінген, жоғалтылған дәрежеде беріліп отыруы керек. Экологиялық көзқарас тұрғысынан алғанда тұрақты даму биологиялық және физикалық жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Алайда, өндіріс өсуіне байланысты қоршаған ортаның ластану дәрежесі де өседі. Нәтижесінде, адамдардың өмір сүру ұзақтығы қысқарады, демалыс аудандары бүлінеді, экологиялық тепе-теңдік бұзылады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, орман, балық шаруашылығы өнімдері азаяды. Егер экономика тоқырауға ұшыраса, бұл қоршаған орта үшін жақсы, бірақ, жұмыспен толық қамтылу және сыртқы экономикалық тепе-теңдік мақсаттары үшін қауіпті.

Сонымен, қоршаған ортаны қорғау және экономиканың тұрақты өсуі мақсаттары арасындағы қарама-қайшылықтар өте үлкен. Экономикалық саясаттың аталмыш және қалған мақсаттары арасындағы қарама-қайшылықтар экономикалық саясаттың сикырлы алтыбұрышымен сипатталады (6-сурет).



6-сурет – Экономикалық саясаттың сиқырлы алты бұрышы

Бір мезгілде барлық экономикалық мақсаттарға жету мүмкін болмағандықтан, көп жағдайларда саяси органдарға бірінші кезекте ненің үлкен зиян әкелетінін анықтап алулары қажет. Мысалы, егер жұмыссыздық үлкен болса, онда жұмыспен толық қамтылуға ұмтылу керек, бірақ бұл жағдайда басқа мақсаттарға келетін зиянды ескеру керек. Осылайша, үкімет басқа мақсаттарға мейілінше аз зиян келетіндей жағдайды ескере отырып, негізгі (бірінші кезекті) мақсатты анықтайды, яғни «экономикалық ымырға» келеді.

3.2 Экономикалық саясаттың саясаттанушылық негізі

Экономикалық саясаттың саясаттанушылық негіздері дегеніміз саяси бағдардың логикасын және мазмұнын ашып көрсететін маңызды ыңғайлар мен ахуалдардың жиынтығы. Экономикалық саясаттың әсер етушілігі өз бетінше әрекет етуші халықтың саяси санасымен анықталады. Ол субъектінің өзі де кіретін, сонымен қатар саналы әрекетімен және жағдайымен байланысты, экономикамен және саясатпен ұштасқан ортаны қабылдауы.

Саяси сананы 3 деңгейге бөліп қарастырады: жаппай саяси сана, топтық саяси сана, жеке саяси сана.

Жаппай саяси сана өзекті экономикалық-саяси мәні бар және дамудың қолайсыз бағыты кезде теріс саяси салдарға айнала алатын мәселелер бойынша қоғамдық сана ретінде анықталады. Топтық саяси сана – ол жаппайға қарағанда әлде қайда нақты және ұйымдасқан саясатпен қатысты үлкен (әлеуметтік топтар, ұлттық-этникалық бірлестіктер, ірі әлеуметтік топтар және халықтың жігі) топтар мен кіші (саяси элита, билеуші партияның орталық комитетін басқарушы топтар, әртүрлі лоббистік бірлестіктер) топтардың саяси саналарының жиынтығы. Жеке саяси сана – ол экономикалық саясатты түсінуге қабілетті, оны бағалай алатын, саяси тұрғыдан алғанда салыстырмалы түрде мақсатты әрекет ете алатын «саяси адам» – тұлғаның қасиеті.

Экономикалық саясат нақтылы саяси уақытта және кеңістікте қалыптасады және жүзеге асырылады. Саяси уақыт – ол саяси құбылыс болып өтетін уақытты, саяси идеялардың, теориялардың әрекет ету уақыты, көшбасшының саяси іс-әрекетінің уақыты. Саяси кеңістік жалпы әлеуметтік кеңістіктер жүйесінің экономикалық, мәдени, идеологиялық, құқықтық және т.б бөліктерін құрайды.

3.3 Мемлекет және оның экономикалық қызметі. Нарықтық экономикада мемлекеттік қызметтің негізгі бағыты

Үкіметтің экономикалық функциялары көп және олар мазмұны бойынша сан алуан. Іс жүзінде мемлекеттің экономикалық қызметі өте үлкен ауқымда жүргізілетіндіктен, олардың ішінен нарықтық тетіктің әрекет етуіне он ықпал ететіндері мен түзейтіндеріне тоқталайық:

- нарықтық жүйенің тиімді әрекет етуін құқықтық базамен және қоғамдық атмосферамен қамтамасыз ету;
- экономиканы тұрақтандыру және бәсекелестікті қорғау;
- қоғамдық игіліктерді өндіру және бөлу;
- трансакциялық шығындарды, яғни, акпараттарды іздеу, келіссөздер жүргізу және келісім-шарттар жасау, меншік құқығын белгілеу, ерекшелік (спецификациялау) және қорғаумен байланысты шығындарды азайту;
- сыртқы әсерлердің орнын толтыру;
- табысты және байлықты қайта бөлу;
- әлемдік экономикада ұлттық мүдделерді жүзеге асыру.

Сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру – ол капитал және жұмыс күшінің халықаралық миграциясын бақылау, валюта бағамына ықпал ету, төлем балансын басқару және т.т.

Нарықтық экономикаға мемлекеттік ықпал етудің нақтылы шегі және әсер ету дәрежесі болуы, оның бұзылуы жағдайы ұлттық экономиканың тиімділігінің кемуіне әкеліп соғады. Экономикалық

ғылымдар және дамыған елдердің шаруашылық тәжірибесі ақша айналымын ұйымдастыру, қоғамдық тауарларды ұсыну және сыртқы әсерлердің салдарын жою, мемлекеттің еркін нарықтық экономикаға әсер етуінің ең төменгі шекарасын құрайды және осы қызметтер нақты нарықты реттеудің минималды шекарасын қалыптастырады.

3.4 Экономикалық саясаттың құралдары

Экономикалық саясатты жүзеге асыру мемлекеттің экономикаға ықпал ету тетіктерін құрайтын шаралар жиынтығын пайдаланғанда ғана мүмкін болады. Оларды тиімді пайдалана білу үшін берілген шаралардың құрылымын түсіну, білу керек. Таңдап алынған өлшемдеріне (критерийлеріне) байланысты олардың жіктелінімінің бірнеше нұсқалары бар. Әрекет ету тәсіліне қарай экономикаға ықпал етудің экономикалық, әкімшілік, институционалдық шараларының тікелей және жанама әдістері болады.

Тікелей ықпал ету әдісі – шаруашылық жүргізуші субъектлерді өз бетінше экономикалық таңдауға емес, керісінше мемлекеттік бұйрықтарға негізделген шешімдер қабылдауға мәжбүрлейді.

Тікелей ықпал етудің кен тараған түрі болып мемлекеттің реттеуші қызметтерін қамтитын экономикалық саясаттың әкімшілік әдістері табылады.

Жанама ықпал ету әдісін қолдану кезінде шаруашылық субъекттерінің экономикалық шешімдер қабылдау үрдісіне мемлекет тікелей араласпайды. Ықпал етудің жанама әдісінің негізгі түрі болып нарық үдерістерінің мемлекет үшін қолайды бағытта өрбуіне ықпал етуде нақтылы жағдайлар жасайтын экономикалық әдістер табылады. Институционалдық-мемлекеттік шаралар – меншіктік, еңбектік, қаржылық, әлеуметтік және басқа да экономикалық институттардың ескісін жою немесе қазіргі барын трансформациялау, жанама қалыптастырумен байланысты әрекеттер.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Экономикалық саясатының негізгі мақсаттары қандай?
- 2) Саясаттану ғылымындағы экономикалық саясаттың алар орыны туралы айтыңыз.
- 3) Нарықтық экономикадағы мемлекеттің экономикалық қызметтерінің негізгі бағыттарын атаңыз және олардың әрқайсысын жеке-жеке түсіндіріңіз.

4 Экономикалық саясаттың қалыптасуы

4.1 Экономикалық саясаттың мақсаттары мен құралдарының арасалмағы. Я. Тинберген теңсіздігі

Максаттық әрекеттердің ұстанымдарын анықтау мәселелерін шешіп алмай нағыз экономикалық саясатты қалыптастыру мүмкін емес. Максаттық әрекеттердің ұстанымдары ретінде оның экономикалық мазмұны мен құрылымы, қалыптастыру тәсілдері және мақсаттардың оңтайлы деңгейін анықтау түсіндіріледі.

Негізгі мақсаттардың келесісін тандай отырып (мысалы, инфляциялық бәсеңдету – инфляцияға қарсы реттеу шараларының кері салдарын еңбек нарығында неғұрлым әлсіз сезіну үшін саяси «бәсеңдетушілерді» қатар қолдану керек) және оған қол жеткізуге барлық күш-қайратты жұмылдыра отырып экономикалық саясаттың мақсаттарын реттеу орынды болды. Егер, мақсаттық функция қалаулы әрекет түрін қабылдаса, оны қалыптастыру үрдісі екі бөлікке жарылады. Әрекеттің бір жағы, жоғары мемлекеттік шенеуніктермен қамтамасыз етіледі, екінші жағына мақсаттық әрекеттерді әзірлеуге экономистер-эксперттер тартылады.

Соңғылардың міндеті – әрқайсысы реттеу мақсаттарының белгіленген мәндеріне сәйкес келетін экономикалық саясаттың дайын нұсқаларының пакетін мемлекеттік қызметкерлерге әзірлеп тапсыру.

Экономикалық саясатты қалыптастыру 70-жылдардағы Нобель сыйлығының лауреаты, «Экономикалық саясат» терминін қолданысқа алғаш енгізген голландиялық экономист Ян Тинберген есімімен байланысты.

Я. Тинберген еңбегі біріншіден шаруашылық әрекеттер әдістемелерін тәжірибемен байланыстыруымен, екіншіден саясатты экономикамен байланыстыруымен аса құнды.

Тинберген тұжырымдамасына сәйкес экономикалық саясат жүйе ретінде:

- мақсаттарды анықтау (мақсаттық функция:

$$y_i = f(x_i; m; x_s; z_i; m; z_n));$$

- әрекет етуші саяси құралдардың жеткілікті мөлшердегі саны;

- қолданылған және қолданатын саяси құралдардың тиімділігін бейнелейтін мультипликаторлар:

$$m_{ij} = dy_i / dx_j.$$

Міндетті шешу үшін Тинберген теңсіздігі орындалатындай болуы жеткілікті.

Тинберген теңсіздігі (3):

$$y \geq s$$

(3)

мұндағы, y – мақсаттар саны;

s – құралдар саны.

Оның экономикалық мағынасы мемлекеттің қолында бар экономикалық саясаттың құралдарының қоры мақсаттары санынан асып түспеуі керектігінде.

Нарықтық экономика мемлекеттік реттеудің объектісі ретінде белгілі бір деңгейде селқостық (инерциондық) қасиетке ие. Экономикалық саясатты жүзеге асыру барысында кешігушілік салдары туындайды, құралдың өзгеруінен мақсаттың өзгеруін окшаулайтын уақытша кешеуілдеу пайда болады.

Кешеуілдеу құрылымы алуан түрлі болады және оның құрылымы кем дегенде 5 элементтен тұрады.

I кешеуілдеу лагы – түсіну, кеш мойындау. Саясаткерлер реттеу мәселелерінің бар екендігін және оның жедел түрде қажеттілігін, көкейтестілігін бағалау түсінуге қажетті уақыт шығындары.

II кешеуілдеу лагы – шешім қабылдаудың кешеуілдеуі. Ол мәселенің бар екендігін мойындау және қандай да бір реттеуші тетікті іске қосуға шешім қабылдау уақыт аралығын білдіреді.

III кешеуілдеу лагы – шешім қабылдау сәті. Ол нақты әрекеттердің оны жүзеге асыруға мемлекеттік қызметтермен басталуын ажыратады.

IV кешеуілдеу лагы – аралық кешеуілдеу. Ол экономикалық саясаттың ішкі құрылғысымен анықталады.

V кешеуілдеу лагы – әсер етудің кешеуілдеуі. Ол макроэкономикалық саясат мақсаты құралдың өзгеруін нақты сезіну уақыт аралығымен сипатталады.

4.2 Экономикалық саясаттығы уақыт факторы

Саяси шешімдерді әзірлеу және жүзеге асыруда уақыт факторының ролін бағалау экономикалық теорияның аса күрделі мәселелері қатарына жатады. Мұндағы лагтар құрылымын есептеудің іс жүзіндегі мәні өте үлкен. Олардың жуық және жалпы мәндерін біле отырып, мемлекет әсер ету шамасы бойынша және сонымен қатар жедел әрекет ету дәрежесі бойынша құралдарды жіктеуге мүмкіндік алады.

Жоспарлауда қандай құралдардан тез арадағы нәтижелерді күтуге болатыны туралы және қандай құралдар алыс болашақта ғана іске аса бастайтындығы туралы қажетті түсініктер алынады. Тек лагтар

туралы білім ғана экономиканың дамуын алдын-ала білуге, ұзақ мерзімді саяси стратегия әзірлеуге, негізді уәделерді беруге және олардың орындалуына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты саясаттанушылар – «Нақты ештеңеге уәде бермейтін үкімет, тиімсіздік қамытын киген үкімет. Өйткені, ол халықтың сенімінен айырылған», – дейді.

4.3 Экономикалық үрдістерді үлгілеу тәсілдері

Үлгі нақты нысанды, құбылысты немесе үдерісті қарапайым етіп түсіндіреді. Үлгілеу – нысандарды, үдерістерді және құбылыстарды зерттеу үшін үлгі құру. Үлгілеу келесі шешімдерді қабылдауға дәлелді мүмкіндік береді: яғни қалай үйреншікті нысандарды жетілдіру керек, әлде жаңасын құру керек пе, үдерістерді басқаруды өзгерту керек, сонымен қатар бізді қоршаған ортаны қалай жақсы жағына қарай өзгерту керек. Үлгілеудің барлық кезеңдері максатқа және есептің қойылуына байланысты анықталады. Үлгілеу – шығармашылық үдеріске жатады және ерекшеленген кезеңдер әр нақты жағдайда өзгеріске ұшырауы мүмкін. Қоғамдық мәселелерді зерттеу кезінде үлгілеу өте маңызды рөл атқарады.

Үлгінің кезеңдері:

1 Үлгілеу мақсаты нысанды талдау;

2 Үлгіді құру;

3 Үлгілеу нәтижесін талдау

Экономиканы тиімді және ғылыми негізделген реттеу бағдарламасы алыс немесе жақын ұзақ мерзімді перспективаға есептелетіндіктен, олар қолданатын экономикалық саяси шешімдердердің болашақ салдарын елестеуі шарт. Шынайы болжауды әзірлеу ғылыми экономикалық болжаудың әдістері мен үлгілері негізінде ғана мүмкін болады. Енді, экономикалық саяси мүдделі экономикалық болжаудың негізгі әдістері мен үлгілерін қарастырайық.

Болжамдық үлгілердің негізгі массасы эконометрикалық техника әдістерін қолданып құрастырылған (Леонтьев, Домар-Харрод, Тинберген үлгілері және т.б.). Дәл осылар болжаудың орташа мерзімді (2 жылдан 5 жыл аралығындағы кезең) және ұзақ мерзімді (5 жылдан 10 жыл аралығындағы кезең) макроүлгілерінің әдістемелік негіздерін құрайды. Ірі ауқымды эконометрикалық үлгілердің көп мақсаттарға бағдарланған және белгілі бір уақыт аралығындағы экономикалық айнымалыларды (жұмыссыздық деңгейін, баға деңгейінің өсу қарқынын және т.с.с.) болжау үшін, сонымен қатар, ұлттық экономиканың даму беталысын анықтау үшін қолданылады.

Экономикалық дамудың жуық арадағы перспективаларының талдауы, әлемдік шаруашылық конъюктурасының болуы мүмкін өзгерістерін болжау конъюктуралық симптоматика әдісі негізінде қысқа мерзімді үлгілердің көмегімен болжаудың 2 жылға дейінгі уақыттық көкжиегімен жүргізіледі.

Эконометрика аппараты негізінен қалыптасқан әлеуметтік саяси жағдайларды, ғылым мен технология салаларындағы кездейсоқ бағалауға есептелмеген және осыған сәйкес болашақта не болуы мүмкін екендігі туралы ауқымды елестетулер қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Осыдан барып болжаудың математикалық-статистикалық әдістерін басқа да математикалық емес, бәрінен бұрын, эксперттік бағалау, сценарлық болжау арқылы нығайту қажеттіліктері туындайды.

Әрине эксперттік бағалаулар мен сценарлық болжаулар жуық және эконометрикалық мағынасынан алғанда «дәл емес» шамалар. Бірақ, бұл кемшіліктер болжау жасаушылар барлық үш ыңғайдың ең жақсы үйлесімділігін іздеп табу кезінде әлде қайда аз байқалады. Салыстырмалы түрде алғанда, болжам жасаудың жаңа бағыты – ұзақ мерзімді, кең ауқымды, жаһандық болжау осы қасиетімен, яғни қорыту қабілеттілігімен ерекшеленеді.

Ұзақ мерзімді аралықты (100 жылға дейін) жаһандық үлгілер ұлттық экономиканы да, сонымен қатар әлемдік экономикалық кеңістікті түгелдей қамтиды. Талдау геосаяси мәселелерге, ресурстарды жинақтауға, қоршаған ортаның жай-күйіне, урбанизация үрдісіне және т.б. көптеген болашақ өркениет аспектілеріне қолданады.

4.4 Экономикалық саясаттың сипатын тандау мәселесі

Экономикалық саясаттың жекелеген элементтерін және ірі блоктарын олардың жиынтығымен және өзара байланыстарын қарастыру нәтижесін қорыта келе, біз оны әзірлеу және іс жүзінде жүзеге асырудағы кейбір таласты сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Оның мәні төмендегідей:

- экономикалық саясат қандай болуы керек: активті әлде пассивті;

- экономикалық саясат тек алдын-ала белгіленген ережелерді қадағалауға тиісті ме? Жоқ әлде, еркін әрекетке негізделуге тиісті?

Бірінші мәселе бойынша. Көптеген экономисттер үшін активті мемлекеттік саясатын болуы даусыз. Өйткені, құлдырау кезеңі мен әртүрлі күйзелісті кезеңдерде жұмыссыздықтың өсу деңгейі, халықтың әл-аухаты мен табысы деңгейлерінің төмендеуі тән. Оның

карсыластары үкіметтің экономиканы тұрақтандыруға ұмтылысына карсы, олардың көзқарастары бойынша: үкімет экономикалық үрдістердің өтуі барысына мүмкіндігінше араласпауы тиіс. Экономиканы мемлекеттік реттеудің көптеген құралдарының іс-әрекеті ішкі және сыртқы кешігушіліктермен бірге жүреді. Осы кешігушіліктерді қысқарту мақсатында үкімет «автоматты тұрақтандырғыш» секілді тұрақтандырушы саясаттың шараларын қолданады. Мысалы, табыс, салық жүйесі, жұмыссыздық бойынша сақтандырулар жүйесі. Экономикалық саясаттың нәтижелілігіне елеулі әсер етуші маңызды факторы ретінде тұтынушылықтығын модифицирлейтін инвесторлардың және басқа да экономикалық субъекттердің күтілісті қалыптастыру табылады. Күтілістің өзі, өз кезегінде көптеген факторларға, соның ішінде үкіметтің экономикалық саясатына тәуелді.

Екінші мәселе, экономикалық саясаттың қатаң шекарасының біртұтастығын, яғни қандай да экономикалық жағдайларда қабылданатын шаралар туралы алдын-ала жобаландыру және әрі қарай қабылданған бағдарманың бұлтарыссыз, қатаң қадағалануы қажеттілігін білдіреді. Әрекет еркіндігі немесе дискрециондық саясат әрбір нақты жағдайларға сәйкес экономикалық мәселелердің сипатын бағалау және берілген экономикалық сәтке әлде қайда сай келетін саясатты тандау мүмкіндігін білдіреді. Берілген мәселе активті немесе пассивті экономикалық саясат туралы мәселелерге қарағанда едәуір ерекшеленеді. Соңғысы активті де, пассивті де бола алады. Саясаттың дискрециондылығының мәні таңдалып алынған бағыт ел ішіндегі ішкі саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты түзетіліп отырады.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Экономикалық саясаттың мақсаттары мен оны жүзеге асыру құралдарының арабайланысын қалай түсінесіз және олардың арасалмағы қандай болуы шарт.
- 2) Ян Тинберген теңсіздігін талдаңыз.
- 3) «Экономикалық саясаттағы уақыттық кешеуілдеу лагы» түсінігі нені білдіреді және ол қалай жіктеледі?
- 4) Экономикалық саясатты жүргізу кезінде уақыт факторының рөлі қандай?
- 5) Экономикалық үдерістерді үлгілеу және оның маңызы туралы айтып беріңіз.
- 6) Үкіметтің экономикалық саясатының сипатты және оларды нақты ахуалдарға байланысты таңдау мәселелерін қалай түсінесіз?

5 Үкіметтік шешімдер қабылдау механизмі

5.1 Мемлекеттің экономикалық және саяси билігі

Билік – билік құру объектісін басқарудағы ерекше іс- әрекеттерді жүзеге асыратын субъект. Себебі, биліктің әсері қоғамның барлық құрылымдық элементтерінде бойлай отырып, соларда жүзеге асатындыктан, билік қоғамдық өмірдегі өз көрінісінің көптүрлілігімен сипатталынады. Бұл:

- еріктің, бастаманың, жігердің көрінуі, субъект – субъектілік қатынастардың белсенді элементі;
- мақсатты жасақтау, бағыныштылардың тіршілік әрекеттерінің мәнді аспектілерін бағдарламалау;
- шешімдер қабылдау, оларды жүзеге асыру тетіктерін анықтау;
- жеке мүдделерді түйістіру меп ескеру;
- жалпы мүдделердің жеке мүдделерден басымдығын мойындау және осы басымдықтарды қамтамасыз ету үшін биліктік ықпал ету нормалары мен құралдарын қолдану;
- биліктік ықпалдың әлеуметтік мәнін мойындаумен байланысты билік субъектісінің ерекше психикалық жағдайы және т.б.

Экономикалық билікті жекелеген адамның, фирманың, ірі коорпорацияның басшылығының немесе мүдделі топтың экономикалық құралдардың көмегімен өзінің не топтың мүддесіне жекелеген адамның, адамдар тобының немесе жалпы қоғамның мінез-кұлқын бейімдеу үшін ықпал ету қабілеті ретінде анықтауға болады.

Саяси билік еркін қарым-қатынас сипатында, дәлірек айтқанда, саяси ұйымдасқан қауымдастықты құрайтын әлеуметтік субъектлердің арасындағы өзінің беделін, әлеуметтік және құқықтық нормаларды пайдаланып экономикалық, идеологиялық, эмоциялық-психологиялық және басқа да ықпал ету құралдарының көмегімен болатын еркін қарым-қатынас ретінде көрініс береді.

ҚР-да мемлекеттік басқару басқарудың президенттік формасына тән. Елбасы Парламентке тәуелсіз, жалпы халықтық сайлау арқылы сайланады. Президенттік өкілеттіліктің мерзімі шектеулі болады. Президент заңдық билікке ие және атқарушы билікті бақылайды.

5.2 Қоғамдық тандау теориясы

Қоғамдық тандау теориясы – саяси және экономикалық құбылыстардың өзара байланыстылығын зерттеу. Бұл теорияның шеңберінде саясаткерлердің экономикалық шешімдер қабылдау механизмі зерттеледі. Қоғамдық тандау теориясының қарастыратын сипатты мәселелері – мемлекеттік қаржылар, сайлау процедуралары,

үкіметтік шешім қабылдау үрдістері, әртүрлі қысым жасау топтарының іс-әрекеттері және т.б.

Қоғамдық таңдау теориясы жеке экономикалық бағыт ретінде 1960 жылдардың аяғында қалыптасты. Бұл теорияның пайда болуына көбінесе американдық экономист, Нобель сыйлығының иегері Кеннет Эрроу мен шотландтық экономист Дункан Блэк атсалысты. Олар экономикалық талдаудың принциптерін (шығындар мен табыстар принциптері) үкіметтің саяси және экономикалық шешімдер қабылдау үрдісіне қолдануды мақсат етіп қойды. Бұл бағыт әрікарай неоклассикалық және неоинституционалистік модельдермен бірге тығыз байланыста дамыды. Қоғамдық таңдау теориясының саяси процесстерге деген көзқарасының ерекшелігі мынада, яғни адамның жеке мүддесі күнделікті өмірде де, бизнесте де, және қоғамдық өмірде де негізге мотив ретінде қарастырылады. Қоғамның қабылдайтын кез-келген шешімдері дауыс берушілердің экономикалық бағалауына байланысты болып келеді. Үкіметтік ұйымдардың қабылдайтын маңызды шешімдері қоғамдық игіліктерді өндірумен байланысты. Саяси жүйе жағдайында қабылданатын шешімдер демократиялық мемлекеттерде тікелей және уәкілетті демократия түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Тікелей демократия әрбір адам заңға сәйкес кез-келген мәселе бойынша дауыс беру мүмкіндігіне ие деген болжамға негізделеді. Қазіргі заманғы нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерде тікелей демократияның емес, уәкілетті демократияның тәжірибесі жүзеге асырылады: дауыс беру құқығына ие барлық тұлғалар өз өкілдіктерін (партияларды) заң органдарына сайлай алады, ал сайланған заң шығарушылар қоғам мүддесіне байланысты шешімдерді, соның ішінде қоғамдық игіліктерді қаржыландырумен, субсидиялар берумен, кеден тарифтерін еңгізумен және тағы басқаларымен байланысты шешімдерді өмірге келтіреді.

Қоғамдық таңдау теориясында негізгі бағыттың бірі ретінде экономикалық талдаудың әдістерін қолдану арқылы саяси таңдаулардың модельдерін қарастыру болып табылады. Саяси сайлаулардың, яғни таңдаулардың әртүрлі модельдері бар: екіпартиялы, көппартиялы, демократиялық, тоталитарлық және т.б.

5.3 Дауыс берудің демократиялық жосығы

Нақты саяси шешімдер өкілдікті демократия механизмдерімен дайындалады және парламенттік процедурадан өтеді. Онда шешім қандайда бір көпшілік дауыспен қабылданады. Талғамды анықтау, ұжымдық таңдауға дайындалу және оны өткізу – бұл оңай шаруа емес

және бірқатар аксиомалардың бұзылмай, сақталуын талап етеді. Мысалы келесілердің орындалуы шарт:

- Транзитивтілік ережесі: егер парламенттік коалиция Х А баламасын Ә баламасынан қарағанда басымырақ көретін болса, ал Ә Б-дан қарағанда жақсырақ болса, онда А баламасы Б баламасына қарағанда үнемі артықшылыққа ие болады;

- Әмбебап қолданылмалы аксиома: ұжымдық таңдау оған қатысушылардың комбинациясын жүзеге асыра алатындай болуы;

- Өзге баламалардан тәуелсіздік аксиомасы (мыс., шешім А мен Ә-нің қалай бағалайтындығына байланысты талданады, яғни қатысушылардың Б нұсқасы туралы пікірлеріне еш байланыссыз);

- Демократиялық таңдау ережесі, бұған сәйкес шешім басым көпшілік дауысымен қабылдануы.

Талғамның сәйкес еместігі дауыс беру оғаштығын көрсетеді. Яғни парламенттік демократия механизмі топтардың талғамдары нұсқаларына арналған жалпы шешімдерді дайындауға кепілдік беруге қабілетсіз болғандағысы. Ұжымдық таңдау аксиомасында, барлығында бірдей қанағаттандыратын талғамның біртұтас функциясын жасау мүмкін емес. Саяси шешім қабылдаудың ең оңтайлы әдісі – ол консенсус негізінде шешім қабылдау. Барлығы бірдей жауаптылықпен «иә» деп дауыс берген кезде зиян шегу болмайды және әрбір қатысушы өзінің жеңісіне сенуіне құқылы. Басым көпшілік бірдауыспен шешім қабылдау демократиялық шешім қабылдаудан қарағанда сөзсіз сапалы. Айрықша жағдайларда, барлық аймақтық құрылымдарының, әлеуметтік топтардың және саяси факторлардың мүдделерін қозғайтын ірі халықшаруашылығы мәселесі туралы әңгіме кезінде пәтуаға келуі қажет.

Жаңа заманғы индустриалды дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйелердің маңызды ерекшелігі болып әртүрлі мүдделі топтардың мемлекеттік билік және басқару органдарына ықпал ету құралдары ретінде немесе кәсіпкерлік және билік құрылымдарының өзара әрекеттесу құралы ретінде лоббизм институтының әрекет етуі болып табылады. Депутаттар күнделікті қызметінде логроллинг жүйесін (Logrolling – «дөңбекті домалату») «дауысты сату» жолымен өзара бірін-бірі қолдау тәжірибесін белсенді пайдаланып өздерінің таңымалдылығын арттыруға ұмтылады.

5.4 Бюрократия (төрешілдік) және саяси рента


Бюрократия иерархиялық құрылым ретінде мемлекет ішінде дамиды. Ол сыртқы ортаға бейімделуге қабілетті ұйымдастыруды, ұзақ мерзімді бағдарламаларды жүзеге асыруға қажетті тұрақты

ұйымдастыру ретінде қажет. Саяси үрдіс үзіліссіздік пен үзілістілік бірлігін білдіреді. Заңдық органдардың кезеңді жаңартылуы атқарушы биліктің негізгі эталонның салыстырмалы түрдегі тұрақтылығымен үйлеседі. Бюрократия басшылықтағы сабақтастықты сақтауға көмектеседі және оппортунистік іс-әрекеттерге бақылау жасайды. Саяси рента іздеу – экономикалық агенттердің экономикалық рента алуға ұмтылысы. Мұнда экономикалық агенттер мемлекеттің мәжбүрлеуші қызметіне жеке мүдделерін қоя отырып ерекше артықшылықтарға ие болуға тырысады.

Үкіметтік шенеуніктер өздеріне тиімді белгілі бір шешімдердің қабылдануына ұмтылып жүрген жекелеген тұлғалардың ие жалпылай алғандағы қозғалысының есебінен материалдық табыс алуға ұмтылады. Бюрократтар саяси үдерістерге қатыса отырып қоғам есебінен өздеріне экономикалық рентаға кепілдік беретін шешімдердің қабылдануына тырысады. Саясаткер айқын және жедел табыспен қамтамасыз ететін жасырын, анықталуы қиын шығындарды талап ететін шешімдердің қабылдануына мүдделі. Мұндай шешімдер саясаткерлердің танымалдылығының өсуіне жағдай жасайды, бірақ әдетте бұл шешімдер экономикалық тұрғыдан алғанда тиімсіз болады.

5.5 Экономикалық-саяси цикл

Мемлекеттік басымдықтың қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді, олардың ішінен жағдайаттылық ішкі саяси жағдаларды бөліп қарастыру дұрыс. Экономикалық саясаттың түрлерінің тұрақты кезектілікпен жүруі экономикалық-саяси цикл деп аталады. Экономикалық-саяси цикл – ол үкіметтің рейтингінің қозғалысына, саяси билік үшін күрестің қай сатыда екендігін негіздейді (7-сурет). Мұнда, A – үкіметтің экономикалық белсенділігін; t – уақытты; t_1 – жалпы халықтың сайлау уақытын білдіреді. Бұл t анықталғаннан кейін шектеулі экономикалық саясат уақыты жалғасады. Ол t_2 -ге дейін созылады. Бұл кезде үкіметке кезекті сайлау қалай болатыны туралы ойластыру қажет. Экономикалық саясат құралы жедел нәтижелер бере бастамайды. Олар белгілі бір дәрежеде кешігіп әрекет етеді. Үкімет өз қызметінің экспонсионистік кезеңіне ($t_3 - t_4$) көшеді. Сайлау алдында салыстырмалы түрде саяси тыныштық байқалады: бұл кезде үкімет барлық мүмкіндіктерді және енді тек экономикалық мәселелердің шешімдерімен қатар сайлауда жеңіске жетуге мүмкіндік беретін сайлаушыларға қысым жасау құралдарын іздестірумен аlandатылған.



7-сурет – Экономикалық-саяси цикл

Қазіргі экономикалық ғылым әлі де болса саясаткерлерді қоғамдық пікірлер толқуын дәлме-дәл анықтауына және дауыс беру нәтижесін алдын-ала анықтай отырып, оларды басқаруға мүмкіндік беретін жетілген ұсыныстарымен қамтамасыз етуге қабілетсіз. Оған бірнеше себептер бар. Біріншіден, қазіргі биліктің ағымдағы рейтингі деңгейін калыптастыру, ұлттық сайлау жосығын экономикалық саясаттың мақсаттық функциялары мен нұскаларын әзірлеу сондалықты күрделі және санқырлы. Сондықтан, танымалдылық индексінің және танымалсыздық деңгейінің динамикалық катарларын қарапайым салыстыру арқылы оларды толық түсіну, анықтау мүмкін емес. Екіншіден, басқа да макроэкономикалық мәселелерді талдау кезіндегі секілді, бағалаулардың дәлдігі зерттелуші айнымалыларды агрегирлеудің жоғары деңгейінен болып төмендейді. Үшіншіден, саяси конъюктураны болжауда уақыт факторы негізгі орын алғанымен, уақыт факторына нақтылы баға беру өте қиын болады.

Қайталауға арналған сұрақтар

1) Мемлекеттік билік түсінігін қалай түсінесіз? Мемлекеттің экономикалық билігі мен саяси билігін ажыратып көрсетіңіз.

2) Қоғамдық таңдау нені білдіреді? Қоғамдық таңдау теорияларының қандай түрлерін білесіз? Оларды өзара салыстыра талдаңыз.

3) «Дауыс беру» түсінігі нені білдіреді? Дауыс берудің жосығы қалай жүзеге асырылады?

4) «Бюрократия» түсінігін қалай түсінесіз? Саяси рента нені білдіреді?

5) Саяси-экономикалық цикл және оның өтуі сатылары туралы айтып беріңіз.

6 Бәсекелестіктің нарықтық тетіктерін қалыптастырудағы мемлекеттің рөлі

6.1 Нарықтық инфрақұрылымдар элементтері

Нарықтық инфрақұрылым элементтеріне тауарлар мен қызмет көрсетулер нарығы тауар биржалары, көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындары, аукциондары, жәрмеңке, делдал фирмалары; ақша қор, инвестиция нарықтары: банктер, сақтандыру компаниясы, қорлар, қор биржалары; еңбек нарығы: еңбек биржалары жатады. Сонымен қатар инфрақұрылымдардың негізгі элементтеріне акпараттық орталықтары, заңдық конторлар, жарнама агенттіктері, аудиторлық және консалтингтік фирмалары болып табылады.

Нарықтық экономика – еркін кәсіпкерлік, өндіріс құрал-жабдығына меншік нысандарының көптігі, нарықтық баға белгілеу, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы шарттық қатынастар, мемлекеттің шаруашылық қызметке шектеулі түрде араласуы қағидаттарына негізделген экономика, яғни тауарлар мен қызметтерді өндіру, бөлу, оны бағдарламалау және реттеу саласы нарықта біріктірілетін экономика. Нарықтық экономиканың басты принципі – тауар өндірушілердің еркін бәсекелестігі.

Бәсекелестік – бұл өндірушілер арасындағы күрес немесе жабдықтаушылар, кәсіпорындар, фирмалар арасындағы өнім өндіру және өнімді тиімді өткізу үшін күрес. Нарық жүйесінде бәсекелестік тұтынушылар үшін сайыс. Бұл нарықтағы өзіне лайықты орын алу үшін күрес, ол тауардың сапасы мен арзандығына байланысты. XIX ғасырдың орта кезінде нарықта еркін бәсекелестік кең өріс алды. Мұндай нарық сұраныс пен ұсыныс негізінде бағаның ауытқуымен байланысты болды. Ол тұтынушылардың талабымен есептесіп, тауардың сапасын жақсартуға, еңбек өнімділігін арттыруға, өндірісті ұлғайтуға, өнім бірлігіне шығынды азайтуға ынталандырды.

Бәсекелестің негізгі екі түрі бар.

1) Бір сала ішіндегі бәсекелестік – бір саланың тауар өндірушілері арасында болатын бәсекелестік. Онда ең жоғары өнімділік бар, ғылыми-техникалық жетістіктерді қолданатын кәсіпорын жоғары табысқа жетеді, ал артта қалған кәсіпорындардың табыстары төмен болады, тіптен күйреуі де мүмкін.

2) Салааралық бәсекелестік – бұл халық шаруашылығы салалары аралық күрес. Мұнда төмен деңгейдегі пайда табатын саладан капитал пайда деңгейі жоғары салаға құйылады. Оның қортындысында жаңа сапалы тауарлар көптеп шығарылып, халықтың әл-аухаты жоғарылайды. Ол саладағы пайда деңгейі төмендегенде ғылыми-

техникалық жетістіктер негізінен жаңа тауарлар пайда болады, сапасы жоғарылайды, халықтың табысы көбейген сайын сұраныс өседі, осылай жаңа сатыға өсе береді.

Нарықтық экономиканың басты тетіктері: баға, сұраныс пен ұсыныс. Еркін бәсекелестіктің негізгі белгілері – бұл шексіз нарыққа қатынасушылардың әр қайсысы кәсіпкерліктің қай түрімен болмасын айналысуы және кәсіпкерлікті қоюға еркі бар. Кәсіпкерліктің алуан түрі бар: біреу, өзі араласып кәсіп жасайды, екіншісі – жұмысшылар жалдайды, үшіншісі – акция, облигация сатып алады, төртіншісі, акшасын банкке салады, кейбіреу өндірісті қаржыландырады т.б.

6.2 Экономиканы демонополизациялау және монополияға қарсы заңдар

Монополияға қарсы саясат өрісінде екі негізгі бағытты бөле қарастыруға болады: монополияландыру және кәсіпкерлік монополия қызметтерін реттеу. Монополиясыздандыру саясаты нарықтың монополиялану дәрежесін төмендету (өсімін шектеу). Өтпелі экономика аясында оның тиімді жүргізілуі ең алдымен монополиялану деңгейінің едәуір өсуіне және бәсекелестікті шектеуге әкелетін қосулары мен басқа жүйесін жасауда болып табылады.

Қазақстанда монополиялық іс-әрекеттер «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 9 шілдедегі Заңының аясында реттеледі. Осы Заң Қазақстан Республикасындағы табиғи монополиялардың іс-әрекетін реттейді және тұтынушылары мен табиғи монополия субъектілерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Монополияға қарсы заңнама ҚР-ның барлық территориясында әрекет етеді. Ол мемлекеттік билік және басқару органдары, ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымдары, шаруашылық жүргізуші субъектілер қатысатын қарым-қатынастарын, олардың меншіктік және бағыныштылық формаларынан тәуелсіз реттейді. Заң өнеркәсіп үлгілері, тауар белгілері, авторлық құқықтар секілді айырықша құқық объектілерімен байланысты қатынастарға қолданылмайды. Алайда, мұндай құқықтар бәсекелестікті шектеу мақсатында қолданған жағдайда бұл заң қолданылады. ҚР-ның монополияға қарсы заңнамасы шектеу, ескерту және алдын-алу қызметтерін орындайды. Сонымен қатар, заң монополистік құрылымдардың және ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымдардың іріленуі формаларының және тәртібінің нормалары секілді шараларды да қарастырады.

6.3 Бәсекелестікті ынталандыру саясаты

Ұлттық экономикадағы монополиялық қызметті шектеудің экономикалық шарттары болып демонополизация, табиғи монополияны реттеу және әділетсіз бәсекелестікпен күрес табылады. Нарық өзінше бір бәсекелесті және монополистік күштердің балансына негізделеді және оның бұзылуы жалпы ұлттық экономикаға теріс ықпал етуі мүмкін. Міне, сондықтан бәсекелестікті ынталандырып қана қоймай, сонымен қатар тіптен біршама теріс салдарға әкелуі мүмкін демонополизациялау шараларын аса сақтықпен, өлшем-пішіп жүргізген дұрыс.

Бәсекелестік қатынастарды құрудың тетіктері ретінде нақтылы жеке меншік иесін қалыптастыруды, сыртқы сауданы ырықтандыруды және ішкі нарыктарды ашуды, шаруашылық жүргізуші субъектілерге бағаны өзбетінше анықтауына және өз қызметтерін өзбетінше жоспарлауына құқық беруді, мемлекет тарапынан болатын бөліп-тарату және басқарушылық қызметтерді шектеулер есептелінеді.

Бәсекелестікті ынталандыру саясаты монополияға қарсы саясатқа сәйкес, екі негізгі бағытпен жүргізіледі: біріншісіне, жанама ықпал ету түрлері мен әдістері және нарықтық ырықтандыру, екіншісіне монополияға тікелей ықпал ету әдістері жатады.

Бәсекелестік саясаттың міндеттері:

- 1 Тауарлар мен қызметтердің еркін жылжытуын қамтамасыз ету
- 2 Бірыңғай экономикалық кеңістікте түрлі тауарлардың бәсекелестігін көтеру
- 3 Жол берілмейді
 - Тауарлар мен қызметтер нарығын монополизациялауға
 - қызметтер мен тауарлардың бағасын көтеруге
 - тауарлар мен қызметтердің алуандылығы мен сапасын шектеу.

Қайталауға арналған сұрақтар

1) Нарық және оның инфрақұрылымдары туралы өз ойыңызды қортындылаңыз.

2) ҚР-да монополияға қарсы мемлекеттік қызметтер қалай және кіммен, қандай құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады?

3) Бәсекелестікті ынталандыру нені білдіреді және ол қандай әдістер мен құралдардың көмегімен жүргізіледі?

4) Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау және ынталандыру саясаты кіммен және қалай жүргізілетіндігі туралы айтыңыз?

7 Макроэкономикалық саясат құралдарының сипаттамасы

7.1 Экономиканы зерттеудің макроэкономикалық әдістемесінің ерекшеліктері

Макроэкономика — ұлттық экономиканың қызметін біртұтас экономикалық жүйе ретінде қарастырады. Макроэкономикалық жүйе — бұл осы жүйені құраушы салыстырмалы дербес көптеген шаруашылық субъекттерден және олардың арасындағы қарым-қатынастардан құралған жүйе.

Макроэкономикалық теория — экономикалық тұрақты өсуге, инфляция деңгейін минималдауға, ресурстардың толық жұмылдырылуына және төлем балансының теңдестігіне, тұрғын халықтың тұрмыстық ахуалын арттыруға, қоршаған ортаны қорғауға және т.б. қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету тұрғысынан алғандағы экономиканы біртұтас зерттейтін ғылым. Макродеңгейде экономикалық үдерістер категорияларға біріктіріле отырып зерделенеді.

Макро талдау ұлттық экономиканы төрт макроэкономикалық субъекттерден (ұйшаруашылығы, кәсіпкерлік, мемлекеттік және шетелдік экономикалық секторлар) құралған деп шамалап зерттейді.

Ұйшаруашылығы секторында игіліктерге сұраныс және жұмыс күшінің ұсынысы қалыптасады. Олар табысының бір бөлігін мейілінше аз шығынмен игіліктерді сатып алуға жұмсай отырып, тұтынудан максимальды пайдалылық алуға ұмтылады. Ал, табысының қалған бөлігін жинақтайды.

Кәсіпкерлік сектор — бұл өндіріс факторларына сұраныс туындататын, игіліктердің ұсынысын және инвестицияға сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын сектор, яғни, елдегі фирмалардың жиынтығы. Олар тауарлар мен қызметтер өндірісін жүргізе отырып, мейілінше мол пайда табуға ұмтылады.

Мемлекеттік сектор — қоғамдық игіліктердің өндірісін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік сектордың негізгі мақсаты халық шаруашылығын тиімді қызмет етуіне қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады. Оның негізгі қызметтері игіліктерді өндіреді және сатып алады, трансферттер төлейді, салықтық және салықтық емес алымдарды алады және ақша ұсынысын қалыптастырады.

Шетелдік экономикалық сектор — шетелдік экономикалық субъекттер және шетелдік мемлекеттік институттардың жиынтығы. Шетелдік сектор негізінен ұлттық төлем балансының және валюта бағамының жағдайын анықтау үшін зерттеледі.

Сонымен қатар, зерттеулер макроэкономиканың өзіндік әдістері агрегирлеу, үлгілеу және теңдестік ұстанымдарына негізделіп жүргізіледі. Агрегирлеу әдісі – бұл біртектес көрсеткіштерді жалпы, жиынтық көрсеткіштерді алу мақсатында біріктіру. Агрегирлеу әдісін қолдану экономиканы біртұтас жүйе ретінде қарастырумен байланысты түсіндіріледі.

Нарықтың барлық жүйелері теоретикалық абстракция ұсынатын үлгілер көмегімен зерттеледі. Макроэкономикалық үлгі – ол әртүрлі экономикалық құбылыстар мен үрдістер арасында пайда болатын функциональдық өзара байланыстарды анықтау мақсатында құрылатын жүйеленген сипаттама.

Үлгілеуде параметрлердің екі тобы қолданылады:

- экзогендік шамалар – үлгілеуге дейін белгілі болған шамалар;
- эндогендік шамалар – үлгіні талдау барысында анықтау қажет болатын, яғни, анықталатын шамалар.

Экономикалық айнымалыларды экзогенді және эндогенді деп бөлумен қатар, оларды уақыты бойынша өлшеу әдісімен байланысты қорлар және ағындарға жіктейді. Қорлар белгілі бір уақыт аралығында өлшенеді және зерттеу объектісінің нақтылы уақыттағы жағдайын сипаттайды. Ағындар уақыт бірлігінде өлшенеді және экономикалық үрдістердің уақыттағы ағысын сипаттайды.

7.2 Макроэкономикалық саясаттың құралдары

Экономикалық саясаттың құралдарының жиынтығын, яғни экономиканы мемлекеттік реттеу әдістерін белгілі бір жіктелісім белгілері бойынша (микро және макро деңгейлердегі реттеу) құрылымдастыруға болады. Микро реттеу фирмалар деңгейінде және мемлекеттің экономикалық саясатының деңгейінде жүзеге асырылады.

Талдаудың пәні болып мемлекеттік құрамдас микро реттеулер табылады. Осы құрамдастардың шеңберінде келесілер қарастырылады:

- Салыктар мен салықтық емес алымдар;
- субсидиялар мен дотациялар;
- монополияға қарсы реттеу және бәсекелестікті қолдау шаралары;
- бағаны мемлекеттік реттеулер;
- қоғамдық игіліктерді өндіру-бөлу және сыртқы әсерлердің орнын толтыру.

Сондай-ақ, қоғам өміріндегі әлі де қайда ірі мәселелерді реттеуді мемлекеттік реттеудің макро құрылымдары құрастырылады. Олардың қатарына келесілер жатады:

- қаржы саясатының құрамдас бөлігі – салықтық-бюджеттік реттеулер;
- монетарлық саясатының негізгі механизмі ретіндегі акша-несиелік реттеулер;
- бағалы қағаздар нарығын реттеу арқылы жүзеге асатын, инвестициялық саясат механизмі;
- экономикалық өсу және құрылымдық өзгерістер саясатының аясында антициклдық және антиинфляциялық реттеулер көмегімен жүргізілетін жағдаяттық саясат құрылымдарының жиынтығы;
- әлеуметтік саясат шаралары;
- экономикалық саясаттың аймақтық және халықаралық аспектілері.

Бірқатар салалар мен объектілер, экономика және жалпы қоғам үшін аса маңызды қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және осы бойынша мемлекеттік қолдауды көбірек қажет ететін кәсіпорындар мен ұйымдарды толықтай және жекелей тікелей мемлекеттік басқаруды қажет етеді. Мұндай объектілерге әскери, қорғаныс, энергетикалық, ұлттық мұражайлар мен қорықтар, табиғи парктар, курорттар, су ресурстары және қазба байлық кен орындары, бір қатар ғылым және мәдениет, білім және денсаулық сақтау мекемелері, сонымен қатар қоршаған ортаны бақылаушы және қорғаушы ұйымдар, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және жалпы кәсіпорындар мен ұйымдар көбінесе мемлекеттің және муниципалдық мекеменің меншігінде болады.

7.3 ҚР-да экономиканың өсуіне жағдайлар қалыптастыру және макроэкономикалық тұрақтандыру

Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыздандыру – макроэкономикалық реттеудің маңызды мақсаттарының бірі болып табылады. Атап айтқанда, экономикалық өсу мүмкіншілігіне осы елдің экономикалық дамуы, халықтың өмір сүру деңгейі, мемлекеттің бәсекелестік қабілеті және әлемдік қоғамдағы орны, сайып келгенде елдің болашақта дамуы толығымен байланысты.

Нарыққа көшу кезінде, экономика және экономикалық қарым-қатынастар дамуының маңызды көрсеткіштері болып қоғамдық өнім көлемінің өсуі, халықтың өмір сүру деңгейінің, қоғам ауқаттылығының көтерілуі болып табылады. Нарықтық қатынастар жолына тұрған тәуелсіз Қазақстан Республикасының алдында өнім

өндіруді жоғарлату сияқты күрделі мәселелер тұр. Бүгінде бұл мәселелерді сәтті шешіп келе жатыр, бірақ экономикалық өсу қысқа мерзімді мәселе емес, керісінше, болашақта қазақстандық қоғам дамуының ұзақ мерзімді сұрағы болғандықтан, бұл сұрақ өте маңызды және дер кезде қаралуын талап етеді.

Тұрақтандыру саясаты – экономиканын тұрақты жағдайына сәйкес келетін фискалдық саясаттың бір көрінісі. Ол бір жағынан, тұрақсыз күйзелісті жағдайға өтудің алдын алу. Бұл үшін экономикалық параметрлерді белгілі бір шекте ұстап тұру қажеттілігімен, екінші жағынан макроэкономикалық көрсеткіштерді оңтайлы шамаларына жақындатуға тырыса отырып, қалыптасқан экономикалық жағдайды жақсарту қажеттілігімен түсіндіріледі.

Соңғы жылдардағы біздің елімізде жүргізілген экономикалық саясаттың негізгі мақсаттары төмендегідей болды:

- өндірістің жалпы көлемінің тұрақталуына қол жеткізу және экономикалық өсуді қайта жандандыру;
- қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- заңдылықтарды және құқықтық тәртіптерді нығайту;
- мемлекеттік билік институттарын нығайту;
- төлем және қаржы тәртіптерін нығайту;
- іскерлік белсенділік үшін жағдайды едәуір жақсарту;
- өндірістің тиімділігін арттыру және инвестицияны мол тарту үшін жекешелендіру үрдісін әрі қарай жалғастыру;
- жоғары тиімділікті және бәсекеге қабілетті өндірістерге инвестицияларды ынталаңдыру арқылы экономиканың құрылымдық қайта құруын белсенді жүргізу;
- халықтың өмір сүру деңгейінің өсуін қамтамасыз ету;
- халықтың мүддесіне сәйкес белсенді әлеуметтік саясат жүргізу.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Макроэкономика ғылымының қалыптасуы тарихын баяндаңыз. Макроэкономика нені зерттейді?
- 2) Макроэкономикалық зерттеудің субъекттері жіктеледі?
- 3) Макроэкономикалық саясат және оның құралдары туралы қысқаша баяндаңыз.
- 4) Қазақстанның макроэкономикалық саясаты және оның мақсаттары мен ерекшеліктері туралы айтыңыз.

8 Ақша-несие (монетарлық) саясаты

8.1 Монетарлық саясаттың мазмұны

Ақша-несие (монетарлық) саясаты – елдің экономикалық аумағындағы ақша массасы мен ақша айналысын тікелей мемлекеттік ықпал ету арқылы немесе елдің орталық банкінің көмегімен реттеу. Ақша-несие саясаты ақша жүйесінде және ақша айналысында өз ықпалын ақшаға да, бағаға да тигізе отырып, қажетті әрекет етуін қамтамасыз етеді. Монетарлық саясаттың құрамдас бөліктері ретінде және мемлекеттің монетарлық саясатының құралдары ретінде реқаржыландыру саясаты, ашық нарықтағы операциялар саясаты, қор жинау саясаты, өтімділік қамтамасыз ету саясаты әсер етеді.

Ақша-несие саясаты жарияланған макроэкономикалық мақсаттарға ұмтылушы мемлекеттің экономикалық саясаты бағыттарының бірі болуымен қатар, айналымда жүрген ақша массасына, пайыз мөлшерлемесіне және айырбас бағамына сәйкес құралдар жиынтығын қолдана отырып ықпал ету арқылы өзіндік міндеттерін шешеді. Қолданылатын құралдардың жиынтығының негізгілері болып келесілер табылады:

- несиеге лимиттері – пайыз мөлшерлемесін тікелей реттеу;
- міндетті резервтер нормаларын өзгерту;
- есеп мөлшерлемесін (реқаржыландыру мөлшерлемесін) өзгерту;
- ашық нарықтағы операциялар.

Жаңа заманғы банк жүйесі өзіне ұлттық банкіні, коммерциялық банктерді және маманданған несие-қаржы институттарын жатқызатын 3 деңгейлі экономикалық құрылым.

Орталық Банкке келесі міндеттер жүктеледі:

- мемлекеттік ақшалай-кредиттік саясатын әзірлеу және өткізу;
- төлем жүйелерінің қызмет етуін қамтамасыз ету;
- валюталық реттеу және валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- қаржылық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ету.

Орталық Банк қолма-қол ақша эмиссиясын монополиялы жүзеге асырады және олардың айналымын ұйымдастырады. Кредиттік ұйымдар үшін кредитор бола отырып Орталық Банк қайта қаржыландыру жүйесін ұйымдастырады. Алтын валюталық қордың негізгі бөлігін ұстаушы бола отырып Орталық Банк валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асырады. Орталық Банк кредиттік ұйымдардың мемлекеттік тіркелуін және олардың қызметтеріне бақылауды жүзеге асырады. елдің банк жүйесі үшін

бухгалтерлік есеп және есептілік ережесін, елдің банк жүйесінің дамуы және нығаюын белгілейді.

Коммерциялық банктер – жеке клиенттердің (ағымдағы есепті жүргізу, коммерциялық несиелерді ұсыну және т.б.) салымдары түрінде тартылған негізгі түрде ақша капиталдары мен сақталған ақша есебінен барлық саладағы кәсіпорындар үшін әмбебап банкілік операцияларды жүзеге асыратын кредиттік мекемелер; кредиттік жүйенің негізгі звеносы.

Маманданған несие-қаржы институттарына жинақ мекемелері, сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары, инвестициялық компаниялар, қаржы компаниялары, ақша нарығындағы өзара қорлар жатады. Маманданған несие-қаржы институттары елдің шаруашылық өмірінің аясында кең түрде қызмет көрсетеді. Атап айтқанда, олар халықтың ұсақ жинақтарын тартуда, ипотекалық несие беруде, тұтыну несиесін беруде, ауыл шаруашылық несиесін беруде, сыртқы сауда операцияларын қаржыландыру мен есеп айырысуда, өнеркәсіп компанияларының бағалы қағаздарын орналастыру мен капитал орналастыруда орасан үлкен қызметтерді атқарады.

8.2 Орталық банктің ақша-несие саясатын әзірлеу және жүзеге асырудағы функциялары

ҚР-да екі деңгейлі банк жүйесі қалыптасқан. Ұлттық банк мемлекеттің орталық банкі болып табылады және банк жүйесінің ең жоғарғы деңгейі ретінде болады. Ерекше статусы бар Қазақстанның Даму банкінен басқа барлық басқа банктер, банктер жүйесінің екінші деңгейлі банктері қатарына жатады. Қазақстанның Ұлттық банкі:

- ҚР-да мемлекеттік ақша-несие саясатын жүргізу;
- айналымдағы ақша массасын реттеу арқылы бағалы қағаздарды эмитирлейді;
- ҚР территориясындағы банкнот пен монетаның бірден-бір эмитенті болып табылады;
- ҚР-ның Үкіметінің мемлекеттік қарыздарға қызмет көрсетулерінде олармен келісімдері бойынша қатысады және Ұлттық банктің мемлекеттік қарыздарына қызмет көрсетеді;
- коммерциялық банктерді ашуға және оларды қайта ұйымдастыруға және жоюға рұқсат береді, банктердің бағалы қағаздары эмиссиясы проспектілерін олардың мемлекеттік тіркеуіне дейін белгіленген тәртіп бойынша міндетті экспертизадан өткізеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі басқа елдердің орталық банктерімен және басқа банктермен қарым-қатынаста, халықаралық банктер мен

басқа да қаржы-кредит ұйымдарында өз құзыреті шегінде ҚР-ның мүддесін білдіреді. Сондай-ақ, Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Заңдарының негізінде және оны орындау мақсатында өз құзырына жататын мәселелер бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын барлық банктердің, ұйымдардың, олардың клиенттерінің, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын басқа да заңды және жеке тұлғалардың міндетті түрде орындауына жататын нормативтік актілер шығарады.

8.3 Коммерциялық банктердің экономикадағы рөлі

Коммерциялық банктер екінші деңгейлі банктер санатына жатады. Коммерциялық банктер жекеменшік және мемлекеттік банктер болады. Олардың негізінен салымдар түрінде алынған ақша капиталы есебінен өнеркәсіп, сауда және басқа да кәсіпорындарды несиелеу бойынша әмбебап операцияларды жүзеге асырады.

Коммерциялық банктердің экономикадағы рөлі келесілер болады:

- делдалдық;
- төлемдерді жүзеге асыру;
- гарант;
- ұйымдастыру;
- ұсынылатын агенттік қызметтер көрсету;
- саяси рөл.

Жоғарыдағы аталған операцияларды жүргізуге лицензияны банктерге және басқа да заңды тұрғындарға ұсынуға тек Ұлттық банк ғана құқылы.

Банктер Ұлттық банкінің лицензиясы болған кезде ғана келесі операцияларды атқаруға құқылы:

- аффинирленген бағалы металдарды сатып алу, кепілге қабылдау, сақтау және сату, есебін жүргізу;
- бағалы металдар және тастары бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, сақтау және сату, есебін жүргізу;
- вексельдармен операциялар: вексельді инкассоға қабылдау, төлеушілергі вексельдік төлемдер бойынша қызметтерді ұсыну болып табылады.

Кейбір елдерде Орталық банк коммерциялық банктер үшін өзара міндеттемелер және клиринг бойынша өзара талаптар есебі кезінде делдал ретінде болады. Коммерциялық банктер, 2 деңгейлі банктер және маманданған (арнайы) қаржы-несие мекемелері (3 деңгей) өзінің экономиканың міндеттерін орындай отырып, олар мемлекеттің ақша-несие саясатыналып жүрушілер және атқарушылар болып табылады.

8.4 Бағалы қағаздар нарығының мәні және құралдары

Бағалы қағаздар нарығындағы операциялар-бұл акша массасын бақылаудың үшінші әдісі. Мемлекеттің бағалы қағаздар нарығына реттеушілік ықпал ету келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- біріншіден, мемлекеттік бағалы қағаздар және т.с.с. шығаруға рұқсаттары бар корпорациялар түрлерінің қалыптасуын және әрекет ету ережелерін реттейтін директивті құжаттар шығаратын әкімшілік-зандық орган ретінде болады.

- екіншіден, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында экономикалық катысты субъектісі ретінде болады: қаржылық ресурстарды жұмылдыра отырып, ол айналымға мемлекеттік бағалы қағаздарды (облигацияларды, ноталарды, казыналық вексельдерді және т.б.) және сонымен қатар мемлекеттік және аралас мемлекеттік-жекеменшік компанияларының бағалы қағаздарын енгізеді.

Бағалы қағаздар нарығының құралдары болып бағалы қағаздары табылады. Оларға акциялар, облигациялар, вексельдер, фьючерстер және т.б. жатады. Бағалы қағаздар нарығының номенклатурасы қандай да бір жеке тауар нарығына емес, тұтас тауар нарығына сәйкес келеді, әрі кез келген елдің қаржы нарығының құрамдық бөлігі болып табылады. Бағалы қағаздар нарығының негізін тауар нарығы, акша және ақшалай капитал құрайды. Бұл нарық түрлерінің жіктелінуі бағалы қағаз түрлерінің жіктелінуіне ұқсайды және былайша ажыратылады:

- халықаралық және ұлттық бағалы қағаздар нарығы;
- ұлттық және аймақтық (аумақтық) нарықтар;
- нақты бағалы қағаз түрлері нарықтары (акция, облигация және т.б.);
- мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарығы;
- алғашқы және туынды бағалы қағаздар нарығы.

8.5 Ақша-несие саясатының бағыттарын тандау. ҚР-ның ақша-несие саясаты

Ақша-несие саясаты ЖҰӨ, жұмысбастылық аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерге тікелей әсер етеді. Мұндай ықпал ету механизмдерін қарастыралық. Ұлттық экономика жағдайы өндірістің құлдырауы және жұмыссыздықтың өсуімен сипатталады деген. Орталық банк өндірістің өсуін ынталандыру үшін коммерциялық банктердің ортақ резервтерінің артуына жағдай жасайтын шаралар жүргізу арқылы ақша ұсынысын арттыру саясатын жүргізе бастайды. Мұндай шаралар кешенің жүргізу арзан ақша саясаты деп аталады. Оның мақсаты болып ақша ұсынысын ұлғайту

және несиені арзандату арқылы өндірістің өсуін жұмысбастылық ынталандыру табылады. Мұндай да өзара байланысты кезектілігі келесі түрде: сұраныстың өзгеріссіз шамасында акша ұсынысын арттыру пайыздық норманы төмендетеді, бұл дегеніміз несиенің арзандауы, ол әлде қайда разан несие экономикадағы инвестицияға сұранысты арттырады, бұл өндірісті ұлғайтуға, инвестицияның өсуіне және жұмысбастылықтың артуына жағдай жасайды.

Енді, экономикадағы жағдай артық шығындармен және жоғары инфляциямен сипатталады деп қарастырайық. Орталық банк экономиканы тұрақтандыру үшін жалпы шығындарды азайту және акша ұсынысын шектеу немесе қысқарту арқылы коммерциялық банктердің резервтерін азайтуға жағдай жасайтын шаралар кешені саясатын жүргізе бастайды. Мұндай шаралар кешенін жүргізу қымбат акша саясаты деп аталады. Оның мақсаты болып акша ұсынысын шектеу және несиені қымбаттату (акшаның қымбаттауы) арқылы жалпы шығындарды азайту және инфляцияны ұстап тұру табылады. Акша сұранысын азайту нәтижесінде акша ресурстары қымбаттайды, пайыздық нормасы жоғарлайды, несие қымбаттайды, экономикада инвестицияға сұранысты төмендейді, инвестиция, өндіріс, жұмысбастылық қысқарады.

Қазақстандағы акша-несие саясатының негізгі спецификациясы экономиканың өтпелі кезеңдегі ерекшеліктеріне негізделеді. Қазақстанда акша айналымын реттеу Ұлттық банкпен күтілетін инфляция қарқыны және ЖҰӨ серпіні негізінде акша массасына қажеттілікті тепестіру жолымен жүзеге асады. Қазіргі кездегі Қазақстандағы экономикалық жағдай бірқатар жағымсыз беталыстар әсерімен сипатталады. Сондықтан, қазіргі уақытта елімізде акша-несие саясатының негізгі мақсаты болып қаржылық тұрақтылыққа, өндірістің жайлап өсуіне, жұмысбастылықты жақсартуға және инфляцияны ұстап тұруға қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Монетарлық саясат және оның мазмұны туралы айтыңыз.
- 2) Орталық банктің акша-несие саясатын әзірлеу және жүзеге асырудағы функцияларын атап беріңіз.
- 3) Коммерциялық банктің экономикадағы рөлі туралы айтыңыз.
- 4) Бағалы қағаздар нарығының мәні және құралдары туралы қысқаша атап беріңіз.
- 5) ҚР-ның акша-несие саясаты туралы не білесіз?

9 Бюджеттік-салықтық саясат

9.1 Фискальдық саясаттың мазмұны

Мемлекеттік қаржы – мемлекеттің өз функцияларын орындау мақсатымен акша қаржыларының орталықтандырылған қорларын құруды, бөлу мен қолдануды қамтитын экономикалық-қаржылық қатынастардың жүйесі. Экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылатын қаржы саясаты өз функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қаржыларды ұйымдастыру мен қолдану бойынша мемлекеттің мақсатты бағытталған шаралары жиынтығын көрсетеді.

Мемлекеттік қаржының маңызды құраушысы мемлекеттік бюджет болып табылады. Мемлекеттік бюджет – бұл мемлекеттің акша ресурстарының орталықтандырылған қоры, мемлекеттің шығындары мен кірістерінің балансы. Мемлекеттік бюджетті ҚР Қаржы министрлігі жасап, ҚР Парламенті бекітеді.

Мемлекеттік бюджетті құру келесі қағидаларға негізделген:

- бірыңғайлық қағидасы – бюджетте барлық шығындар мен кірістердің шоғырлануы. Мемлекетте бірыңғай бюджеттік жүйе, қаржы құжаттар мен бюджеттік классификациясының бір түрлілігінің бар болуы қажет.

- толықтық қағидасы – бюджеттің әрбір бабы бойынша барлық шығындар мен барлық түсімдер ескеріледі.

- ақиқаттылық қағидасы – мемлекеттің шығындар мен кірістерін шын көрсетуді ұйғарады.

- жариялылық қағидасы – бұл негізгі шығындар мен кірістер көздері туралы халықты міндетті түрде хабарландыру.

Бюджет экономикаға бюджеттік механизм арқылы әсер етеді. Мұнда экономикаға жалпы әсер ету құралы ретінде бюджеттің рөлі көрінеді.

Салық – мемлекет өзіне алатын жеке және заңды тұлғалардың акшалай кірістерінің бөлігі. Мемлекет пайдасына күшпен, міндетті түрде қаржыларды алу салықтық міндеттемелерді міндетті заңды орнату ескереді. Салықтарды заңды ресімдеу қағидасы көптеген елдердің конституциясында бар.

Салықтың функциялары:

- фискальдық – мемлекет функцияларын орындау үшін қажетті акша кірістерін (қаржыларын) қалыптастыру;

- реттеу – салықтар елдегі кез келген экономикалық және әлеуметтік процестерге әсер етеді. Бұл сипатта салықтар көтермелеу, ынталандырушы да, шектеуші, басу да рөлін атқарады;

- қайта бөлу – экономикалық субъектілердің кірістерін өзгерте

отырып, салықтар сұраныс пен ұсыныста, нарықтық тепе-теңдікте және бағаларда көрінеді. Бұл өндіріс көлеміне, сондықтан ресурстардың бөлінуіне жаппама әсер етеді;

- бақылау – кірістердің көлеміне сәйкес салықтық түсімдердің міндеттілігі, кірістерді ресми мәлімдеу қажеттілігі мемлекет үшін салық салу субъектілер қызметінің заңдылығы мен тиімділігін тексеруге мүмкіндік жасайды.

Салықтардың төлеу әдісі бойынша түрлері:

- тікелей салықтар – нақты жеке немесе заңды тұлға кірістеріне немесе мүлкіне тікелей белгіленетін салық түрлері. Олар екі түрге бөлінеді:

- нақты тікелей салықтар және жеке тікелей салықтар. Нақты тікелей салықтарға жерге, кәсіпшілік, бағалы қағаздарға салынатын салық жатады. Жеке тікелей салықтарға азаматтардың кірістеріне салынатын салық, корпорациялар пайдасына салынатын салық, мұрагерлікке мен сыйлыққа салынатын салық, мүлікке салынатын салық және т.б. жатады. Жеке салықтарды салу негізіне кіріс мөлшері алынады;

- жаппама салықтар – қызметтерге тарифтер немесе тауарлар бағаларына үстемелер түрінде қойылады. Олар шын мәнінде тұтынушылардан алынады, бірақ мемлекетке салық төлеушісі болып сауда немесе өндіріс кәсіпорыны табылады. Мұдай салықтар қосылған құн салығы, акциздер, кедендік баждар, сатудан салық және т.б.

Салық мөлшерлеменің өзгеру сипатына байланысты бөлінеді:

- пропорционалды – салық мөлшерлемесі кіріс көлеміне байланыссыз, тұрақты болады;

- прогрессивті – кіріс өскен кезде салық мөлшерлемесі де өседі;

- регрессивті – кіріс өскен кезде салық алу үлесі төмендейді.

Салық саясаты ең алдымен мемлекеттің шығындары белгіленіп, содан кейін бұл мемлекеттік шығындарды жабуға қажетті кірістер анықталу арқылы құрылады. Бұл шығындар қоғам мүдделерін көрсетуі керек.

Мемлекет салық жүйесінің экономикаға әсер етуінің әр түрлі құралдарына ие. Олардың ішінде ең маңыздылары – бұл:

Салықтық жеңілдіктер. Олар келесі жағдайларда көрінеді: кейбір кәсіпорындар үшін салық салу мөлшерлемесінің төмендейді. Олардың өзгеруі не аймақтық сипатқа, яғни депрессивті аудандарда қызмет ететін кәсіпорындар үшін салықтық жеңілдіктер қолданылады, немесе селективті, сайлау сипатына байланысты болады, егер олар артықшылықты (ғылыми сыйымды немесе экспорттық) өндіріске жататын болса.

Салықтық жеңілдіктерінің түрлері:

- салықтық несиелер – бұл бастапқы салықтар мөлшерінен шегерімдер, мысалы, ҒЗТҚЖ кез-келген сферасының дамуына шығындар өсудің белгілі үлесі салық салудан босаған кезде.

- салықтық жеңілдік – салықты төлеуден толық босау немесе салықты төлеу мерзімін ұзарту болып табылады. Осындай жеңілдікті негізінен шағын және қызмет етуінің бастапқы 2-3 жыл ішінде қайта құрылған кәсіпорындар қолданады.

- салықтық жеңілдіктің түріне жедел амортизация, яғни тозған капиталды тез өтеу жатады. Жедел амортизация жүйесі кәсіпорынға капиталдың моральды тозуына дейін оның құнын өзіне қайтарып алуына, ал амортизациялық құралдарды өндірістік аппаратты жаңарту үшін қолдануына мүмкіндік береді.

Салықтар мөлшерімен манипуляция жасау – дамыған елдердің салық саясатының міндетті элементі. Құрылған экономикалық жағдайға, шешілетін экономикалық міндеттерге, ҒТП және құрылымдық қозғалыстарды ынталандыру қажеттігіне және басқа мәселелерге байланысты салықтық мөлшерлемелер төмендеу жағына да, жоғарлау жағына да қолдануы мүмкін.

Әр түрлі салықтық шаралар қарама-қайшы салдарға ие болуы мүмкін. Бір жағынан, олар экономикалық өсу, ҒТП және құрылымдық қозғалыстарды ынталандыруы мүмкін, басқа жағынан – мемлекеттік бюджет үлкен қаражаттарды алмайды. Бұл инфляцияны күшейтетін тұрақты бюджеттік тапшылықтардың пайда болуына жағдай жасайды.

Салықтық санкциялар – салықтарды төлеуден бас тарту, салықтық төлемдердің мерзімін өткізіп жіберу, салық декларациясына жалған мәліметтер қосу және т.б. салық салу сферасындағы бұзушылықтардан алынатын ақшалай алымдар.

Бюджет шығындары әлеуметтік-экономикалық мақсаттар бойынша топтастырылады:

- қорғанысқа;
- әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға;
- халық шаруашылығын қаржыландыруға;
- сыртқы экономикалық қызметке;
- басқаруға;
- ғылымға;
- сот қызметіне және т.б.

Экономикалық мазмұны бойынша шығындарды топтастыру:

- мемлекеттік сатып алулар – бұл үкіметтің тауарлар мен қызметтерге сұранысы. Үкіметтің экономикалық қызметінің бұл түрі мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің өз мұқтаждығы үшін

араласатын немесе реттеуші сипатқа ие (мысалы, нарық бағасын қолдау мақсатымен ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу), әскери және азаматтық мақсаттардағы сатып алулардан көрінеді. Мемлекеттік сатып алулар төлемеушілік тәуекелдіктің жоқтығымен, бағалардың тұрақтылығымен, алдын ала келісілген шарттар бойынша өнімді ірі партиямен өткізу мүмкіндігімен, салықтық және несиелік жеңілдіктерді алумен және т.б. сипатталатын, кепілді өткізу нарығын құрайды;

- трансферттік төлемдер – оларды алатындарға тауарлар мен қызметтерді ұсынуынсыз мемлекетпен жүзеге асырылатын төлемдер (зейнетақылар, жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар, көпбалалы жанұяларға жәрдемақылар және т.б.). Трансферттік төлемдер өндірістік шығындарға жатпайды және мемлекеттік шығындардағы олардың үлесі мемлекеттік әлеуметтік-саяси бейімделуге, экономикаға мемлекеттің араласу шегіне, өткізілетін әлеуметтік саясатқа байланысты. Төмендеу кезінде трансферттік төлемдерді ұлғайтудың антидағдарыстық әсері бар; ресми трансферттер – бюджетке ақысыз және қайтарылмайтын төлемдер немесе гранттардан басқа бюджеттің шығындары.

- сыртқы және ішкі қарыздың қызмет етуі бойынша шығындар мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару мен орналастыруға, олар бойынша пайыздарды төлеуге кететін шығындардан тұрады. Мемлекеттік қарызды жүйелі түрде жоғарлату мемлекет шығындарының бұл түрінің өсуіне әкеледі. Субвенциялар – маслихаттардың шешімдерімен немесе заңды актілерімен бекітілген сомалар шегінде жоғары тұрған бюджеттерден төмендегілеріне берілетін ресми трансферттер.

Мемлекеттік бюджеттің шығындары экономика дамуына шығындарды қосады және өндіріс көлемінің тұрақты өсуі мен оның тиімділігін жоғарлату үшін жағдайлар жасауға бағытталған ақша қаражаттарын көрсетеді.

Оларға:

- капиталдық салымдар
- негізгі қорларды жөндеу
- айналым құралдарының өсуі
- материалдық резервтерді құру жатады.

Едәуір қаражаттар отын-энергетикалық және АӨК-ке бағытталады. Аграрлы секторды кешенді қайта құру қаржылық қолдауды ескереді. Бұл мақсатқа қаражаттар жер реформасын өткізуге, кәсіпкерліктің дамуын қолдауға, АӨК нарық қатынастарын құруға, денсаулық сақтау объектілерін, мектептерді, жолдарды салуға,

тамақ және өндеу өнеркәсіп кәсіпорындарын салу мен қайта құру үшін қолданылады.

Капиталдық салымдарды қаржылапдыру үшін бюджеттік қаражаттарды қолдану басқа көздер есебінен жүзеге асыру мүмкін емес жалпы мемлекеттік мәні бар міндеттермен шектеледі. Бұл экономиканы құрылымдық құрудың бағдарламаларын қамтамасыз етуге инвестициялар, олардың артықшылық бағыты тез қайтарыммен капитал айналымының жоғары жылдамдығымен шағын жобаларды құрудан тұрады. Инвестициялар ауылдық жердегі әлеуметтік дамумен, әлеуметтік сфераның объектілерін салумен байланысты маңызды мақсатты бағдарламаларды іске асыруға шоғырлануы керек.

Бюджеттің қаражаты аса маңызды және ірі мемлекеттік міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді. Жеке салалардың бюджеттік қаржыландырудан толық бас тартуы болмайды, себебі, біріншіден, инвестициялық бағдарламаларды жасау мен іске асыруын, олай болса, оларды қаржыландыруды талап ететін экономиканың мемлекеттік секторы қызмет етуін жалғастырады. Екіншіден, бюджеттік субвенциялар, субсидиялар және несиелер түріндегі мемлекеттің қаржылық көмегі экономиканың қаржылық дағдарысынан шығуы үшін қажет. Үшіншіден, белгілі мөлшерде шағын бизнес пен ауыл шаруашылығының салаларын мемлекеттік қолдау сақталуы керек. Мұнда қаржылық көмектің бюджеттік формалары өзгеруі мүмкін. Мысалы, материалдық техникалық базаны дамыту мен айналым құралдарын толтыру үшін бюджеттік қаржыландыруды жеңілдігі бар несиелерді берумен жартылай ауыстырылуы мүмкін.

Экономикаға бюджеттік шығындар құрылымын жетілдіру жолымен директивті басқарушыдан реттеуші және ынталандырушыға айналатын мемлекеттің экономикалық функциясының мазмұны мен бағыттылығы өзгереді. Экономикаға жұмсалатын шығындардағы басты орынды капиталдық салымдар – ұлттық шаруашылықтың барлық салаларында негізгі қорлардың кеңейтілген ұдайы өндірісіне бағытталатын материалдық, еңбек және ақша ресурстарының жиынтығы алады.

Мемлекеттік резервтер – мемлекетпен жасалатын шикізаттың қажетті түрлерінің, материалдардың, отынның, машиналардың, құралдардың кейбір түрлерінің, азық-түлік өнімдерінің, қорғанысқа қажетті өнімдердің қорлары. Мемлекеттік резервтер үнемі қалпына келтіріліп және толықтырылып отыратын мемлекеттің ерекше орталық қорын құрайды. Мемлекеттік резервтерді жұмсау төтенше жағдайлар мен Үкіметтің ерекше қаулылары бойынша іске асырылады және ол мемлекеттік бюджет есебінен құрылады.

9.2 Мемлекеттің дискрециондық фискалдық және кірістірілген тұрақтандырушы саясаты

Фискалдық саясат – бұл мемлекеттің бюджеттік-салық саясаты. Фискалдық саясат – экономикаға әсер ету мақсатымен мемлекеттік шығындар құрылымын реттеу мен салық салу облысындағы саясат. Фискалдық құралдардың әрекетінің сипатына байланысты фискалдық саясатты дискрециондық және дискрециондық емес саясат (кірістірілген тұрақтандырушы) деп бөледі.

Макроэкономикалық теңдестіктегі фискалдық саясаттың ролінің маңыздылығын мойындау кейнсиандық жұмысбастылық теориясын мойындаумен қатар келді. Фискалдық саясаттың маңызы 30-шы жылдары арта түсті. XX ғасырда Дж. Кейнс және оның ізбасарлары бұл саясатты экономикалық өсуге мемлекеттің ықпал етуінің ең әсерлі құралы деп тапты.

Дискрециондық емес саясат үкіметтік шығындардың бөлігі жеке сектордың белсенділігімен байланысты екеніне, ал экономикалық конъюнктураның өзгеруі бюджеттік шығындар мен салықтардың едәуір деңгейінде өзгерістерді автоматты түрде туындатады екеніне негізделеді. Егер экономикада құлдырау болса, яғни жеке кірістер және фирма кірістері төмендесе, онда прогрессивті салық салу кезінде салықтық алу автоматты төмендейді. Бұл басқа тең жағдайларда кірістердің төмендеуі мен жиынтық сұраныстың қысқару салдарын жұмсартып, өндіріс көлемін тұрақтандыруға немесе кеңейтуге көмектеседі.

Дискрециондық саясат жұмыспен қамту, бағалар, өндірістің ұлттық көлемінің өсу мәселелерін шешуге бағытталған мемлекет қабылдайтын арнайы шараларды көрсетеді. Бұл шараларды іске асыру мемлекеттік бюджеттің шығын немесе кіріс бөлімдерінде көрінеді.

Дискрециондық фискалдық саясаттың негізгі құралдары болып:

- салық мөлшерлемесін өзгерту, салықтарды енгізу немесе жою жолымен салықтық алу көлемін өзгерту (салық мөлшерлемесін өзгерте отырып, үкімет құлдырау кезінде кірістерді қысқарудан сақтайды не керісінше, бум кезінде бар кірісті төмендетуі мүмкін);
- жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру мақсатына ие жұмыспен қамту бағдарламаларын мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асыру;
- қарттық, мүгедектік, кедейлік бойынша жәрдемақыны, білім беруге шығындарды және т.б. қосатын әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру (бұл бағдарламалар жиынтық сұранысты қолдауға, кірістер қысқарғанда және мұқтаждықтар шиеленіскен кезде экономикалық дамуды тұрақтандыруға мүмкіндік береді) табылады.

Үкімет алдында тұрған мақсаттарға байланысты фискалдық саясатты ынталандырушы және басушы деп бөледі. Ынталандырушы фискалдық саясат құлдырау кезінде өткізіледі. Ол салықтардың төмендеуін және мемлекеттік шығындардың жоғарлауын ескереді. Бұл жиынтық сұраныстың өсуіне, өндірістің кеңеюіне, жұмыссыздықтың төмендеуіне әкеледі.

Бір уақытта болатын салықтардың төмендеуі және мемлекеттік шығындардың жоғарлауы бюджеттік тапшылықтың салдары болады. Басушы фискалдық саясат инфляция кезінде өткізіледі. Ол салықтардың жоғарлауын және үкімет шығындарының төмендеуін ескереді. Бұл жиынтық сұраныстың төмендеуіне және баға өсуінің тоқтауына әкеледі. Антиинфляциялық фискалдық саясат салықтардың жоғарлауын және мемлекеттік шығындарының төмендеуін ескереді.

9.3 Бюджеттік саясат және оның концепциялары. Бюджеттік тапшылықтың мәселелері және оны жабудың тәсілдері

Бюджеттік саясат – нарықтық тепе-теңдікті ұстап тұру және ұлттық экономиканың жеке сфералары мен салаларының дамуын ынталандыру мақсатымен мемлекеттік шығындар мен кірістерді өзгерту саясаты.

Бюджеттік саясаттың концепциялары:

- Жыл сайынғы баланстаған бюджет (антициклдық тұрақтандырушы бағыттылығы бар мемлекеттің фискалдық саясатының тиімділігін төмендетеді);

- Циклдық баланстаған бюджет. Бұл концепция үкімет антициклдық әсерді (салықтарды төмендетеді және шығындарды жоғарлатады) жүзеге асырады және біруақытта бюджетті баланстауға ұмтылады, бірақ жыл сайын міндетті емес дегенді ескереді (келесі инфляциялық жоғарлау кезінде үкімет салықтарды жоғарлатады және үкімет шығындарын төмендетеді);

- Бюджеттік саясаттың үшінші концепциясы мемлекеттік бюджеттің мақсаты бюджеттің емес, экономиканың баланстылығын жүзеге асыру болып табылатын функционалдық қаржылар идеясымен байланысты. Бұл концепцияда бюджеттің баланстылығы екінші орынға көшеді.

Бюджет тапшылығының белсенді (құрылымдық) және пассивті (циклдық) түрлерін ажыратады. Белсенді тапшылық инвестицияларды жоғарлату үшін жағдайларды жақсарту мақсатымен салықтарды төмендету кезінде мемлекеттік шығындарды жоғарлату бойынша үкімет қабылдайтын шаралар нәтижесінде пайда болады. Пассивті

тапшылық экономикалық белсенділіктің циклдық төмендеуі нәтижесінде мемлекеттік кірістердің қысқаруымен пайда болады.

Бюджет тапшылығын жабу көздері – мемлекеттік қарыздар, қазыналық міндеттемелер, салық салуды қатайту, салықтық түсімдер, акша эмиссиясы, халықаралық несиелер.

Біруақытта салықтардың жоғарлау мен мемлекеттік кірістердің төмендеу салдары бюджет тапшылығының төмендеуі немесе бюджет артықшылығы (профициті) пайда болуына себеп болады. Егер салықтар өспелі кірістер кезінде тұрақты және акша эмиссиясы есебінен қаржыландыру кезінде аса үлкен инфляциялық әлуетке ие болса, бюджет тапшылығы пайда болады. Ел ішінде үкіметтің операциялары бойынша жеке және оның шетел серіктестіктерімен қатынастарда есептелген тапшылық ішкі/сыртқы деп аталады.

Бюджеттік тапшылық белсенді және пассивті деп бөлінеді. Белсенді (құрылымдық) бюджеттік тапшылық қаржылық параметрлермен мемлекеттік маневр жасау нәтижесінде пайда болады (салық салу, шығындардың жеке түрлерінің көлемі). Кейнс теориясы бойынша тапшылықтың бұл түрі ұлттық кірістің өсуіне әкеледі. Пассивті (циклдық) тапшылық ұлттық кірістің, ЖІӨ-нің өсу қарқыны қысқаруы нәтижесінде болады, ал бұл салық түсімдердің, бюджеттің кіріс базасының негізінің төмендеуіне әкеледі.

Толық жұмыспен қамтылу бюджет тапшылығы (құрылымдық тапшылық) жұмыссыздықтың табиғи деңгейі мен мемлекеттік шығындар мен салық салудың берілген деңгейі кезінде мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығындары арасындағы айырманы сипаттайды.

Толық жұмыспен қамтылу бюджет тапшылығы бюджеттік тапшылық көлеміне экономикалық циклдың әсерін жояды. Құрылымдық тапшылықтың ұлғаюы үкіметпен ынталандырушы фискалдық саясаттың жүргізіліп отырғанын білдіреді (шығындардың жоғарлауы және салықтардың төмендеуі). Құрылымдық тапшылықтың төмендеуі, керісінше, басушы фискалдық саясатты жүргізуі туралы білдіреді (салықтардың жоғарлауы және шығындардың төмендеуі).

Циклдық тапшылық – бұл шынайы бюджеттік тапшылық пен бюджеттің құрылымдық тапшылығы арасындағы айырмашылық. Циклдық тапшылық өндірістің төмендеуінен, шынайы жұмыссыздықтың оның табиғи деңгейінен асып кетуінен пайда болады. Циклдық тапшылық – бұл өндіріс көлемінің төмендеуі нәтижесінде пайда болатын тапшылық.

Бюджеттік тапшылықты жабу үшін келесі әдістер қолданылады:

- мемлекеттік қарыздар;
- салық салудың өсуі;
- акша эмиссиясы.

Мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыру тәсілдері – қарыздық қаржыландыру, монетаризация, салық түсімдерінің ұлғаюынан тұрады

Бюджеттік тапшылықты қысқарту бойынша нақты шаралар бағдарламасына жатады:

- бюджеттік қаржыларды инвестициялау бағыттарының өзгеруі
- қоғамдық өндірістің өсуін ынталандыратын және шаруашылықтың ерекше жағдайларын толық ескеруге мүмкіндік беретін қаржылық жеңілдіктер мен санкцияларды аса кең қолдану
- әскери шығындардың төмендету
- тек маңызды әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды сақтау, едәуір бюджеттік қаржыландыруды талап ететін жаңа әлеуметтік бағдарламаларды қабылдауға мораторий жариялау
- елдің Ұлттық банкінің кез келген деңгейдегі Үкіметтік құрылымдарға мемлекеттік бағалы қағаздар қарыздарын дұрыс ресімдеуінсіз несиелерді беруге тыйым салу.

Бюджет кірістерін жоғарлату мен оның шығындарын төмендетуге бағытталған шараларды жасау мен іске асыру реттілігі, бюджеттік тапшылықты реттеу, басқа экономикалық өлшемдерімен оның көлемімен мақсатты басқару елдің қаржылық жағдайының тұрақтығын қамтамасыз етеді, әлеуметтік-экономикалық өркендеу мен гүлдену жолындағы оның қайта тууына мүмкіндік береді.

Бюджет тапшылығын қаржыландыру облысындағы саясаттын негізгі міндеттері сыртқы қарыздардың көлемін біртіндеп қысқаруында бюджеттік тапшылықты инфляциялық емес жабу курсының жалғасуында тұрады. Бюджет тапшылығын қаржыландыру – бұл акшаларды, сонымен бірге қарызды басқару мақсатымен бюджеттік құралдардың бос қалдықтарын қалыптастыру және бюджет тапшылығын жабу, негізгі қарызды жабу үшін бюджеттік құралдардың қалдықтарын қолдану мақсатымен бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сату және қарызға алу, мемлекеттік мүлікті жекешелендіру жолымен ақшаны тарту процесі.

Бюджет тапшылығын қаржыландыру көлемі тартылған акша көлемі мен бюджеттік құралдар қалдықтарының негізгі қарызды жабу мен бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатудан асып кетуімен өлшенеді. Бюджет профициті – бюджетке түсімдердің жалпы сомасының

шығындар көлемінен асып түсуі. Ұлттық валюта мен ЖІӨ-ге пайыз ретінде көрсетіледі.

Бюджет профицитін қолдану – қарыздарды басқару мақсатында бюджеттік құралдардың бос қалдықтарының қалыптасу, ұйымдасқан нарықта эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу, негізгі қарызды өтеуге бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатудан және мемлекеттік меншікті жекешелендіруден тартылған акшалар, түсімдердің бюджеттік құралдардың шығындарынан асып түсуі, бюджеттік құралдардың қалдықтарын жұмсау процесі.

Бюджет профицитін қолдану көлемі негізгі қарызды жабу көлемі мен бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатудың тартылған акша көлемі мен бюджеттік құралдар қалдықтарынан асып түсуімен өлшенеді.

Қаржылық жылдың басындағы бюджеттік құралдардың бос қалдықтары – есепті кезеңде инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін 1 қаңтардағы жағдайы бойынша өткен қаржы жылында бюджетке түскен акшаны қоданбау нәтижесінде құрылған өткен қаржы жылының қорытындысы бойынша бюджет құралдарының қалдықтары.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) Фискалдық саясат нені білдірді және ол кімдермен әзірленіп, жүзеге асырылады?
- 2) Фискалдық саясаттың құралдары на не жатады? Олардың әрқайсысына нақтылы тоқталыңыз.
- 3) Фискалдық саясаттың қандай түрлерін білесіз? Олардың бір-бірінен ерекшеліктері қандай?
- 4) Мемлекеттің фискалдық саясатының жүзеге асырылуы және оның нәтижелері туралы айтыңыз.
- 5) Бюджеттік тапшылық және мемлекеттік қарыз түсініктері нені білдіреді? Олардың өзара байланысы қалай орын алады?
- 6) Бюджеттік тапшылық қалай қалыптасады және оны жабудың қандай тәсілдері бар?

10 Қоғамдық еңбек бөлінісінің формалары және экономикалық саясаттың бағыттары

10.1 Еңбек бөлінісі түсінігі

Саяси экономияның негізін қалаушылардың бірі Адам Смит «Халықтар байлығы» атты еңбегінде, тұрмыстық жағдайдың еңбектің бөлінісімен байланысты болатынына көз жеткізіп, мынадай ой айтады: егер әр адам өздерінің жұмыс орындарында әртүрлі еңбек операцияларын орындауға толық маманданса, онда еңбек өнімділігі көтеріліп, оның бөлінісі тиімді түрде жүзеге асады, ал еңбектің бөлінісі дұрыс болуы үшін барлық өндіріс факторлары мен дайын өнім өзара байланыста болуы шарт. Осы логиканы ұстанатын болсақ, онда еңбек бөлінісінің «тереңдеуі» алға қойылған өндірістік мақсатқа, оған жеткізу үшін қолданылатын материалдық құрал-жабдықтарға байланысты. Басқаша айтқанда, қоғамның өндіргіш күштерінің дамуы пайдалы еңбектің бөлінісіне тікелей байланысты.

Еңбек бөлінісі – еңбек қызметі түрлерінің ара жігін ажырату. Еңбек бөлінісі еңбекті ұйымдастыру жүйесінде қалыптасады. Өндірістің тиімділігін арттырудың тұрақты қолданыстағы факторы болып табылады. Негізгі 3 түрге бөлінеді:

- жалпы қоғамдық өндіріс ауқымында қалыптасатын жалпы еңбек бөлінісі;
- түрлі салалар мен өндірістер арасында орын алатын жеке еңбек бөлінісі;
- жекелеген кәсіпорындар мен бірлестіктер, қызметкерлер арасында орын алатын жеке-дара еңбек бөлінісі

Сонымен қатар аумақтық, халықаралық еңбек бөлінісі де болады. Кәсіпорындарда:

- қызметкердің өндірістік-шаруашылық қызметтерге қатысуына, орындалатын міндеттердің сипатына, өндірістік үдеріске қатысуына қарай атқарымдық еңбек бөлінісі;
- еңбек үдерісінің технологиялық біртекті жұмыс түрлері бойынша саралануына негізделген технологиялық еңбек бөлінісі;
- қызметкерлерді мамандығы және біліктілік деңгейі бойынша бөлетін кәсіптік-біліктілік еңбек бөлінісі.

Еңбектің өндіргіш күшінің дамуының, жетістігінің және ептілік пен зеректілігінің белгілі бір бағытта болуының өзі оның бөлінісінің нәтижесінде көрінеді.

Ұлттың өндіргіш күштерінің даму деңгейінің көрнектілігін ондағы еңбектің бөлінісі дәрежесінен білуге болады. Кез-келген қоғамдық-экономикалық жүйенің тауарлы шаруашылық жағдайында

қоғамдық еңбек жиынтығы жекелеген іс-әрекет және оның қосалқы түрлеріне, сфераларға бөлінеді.

Еңбек бөлінісінің күрделілігі әртүрлі жағдайлармен түсіндіріледі және олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- адам еңбегінің көптүрлілігі, оның сұранысының жан-жақтылығы және оларды бір технологиялық процесс базасында қанағаттандырудың мүмкін еместігі;

- адам еңбегінің өндірімділігін арттыратын ғылым мен техниканың жоғары деңгейде дамып, шаруашылық субъектілерінің әртүрлі өндіріс өнімін шығаруға мамандануы;

- белгілі бір өнімді шығару үшін бір технологиялық үрдісте көптеген еңбек түрлерінің кооперациялануы.

Халықаралық еңбек бөлінісі – адам қоғамының дамуы туралы өндіріс пен айырбастың өсуінен туатын сөзсіз нәтижесі. Оның сөзсіздігі жеке аумақтардың арасында әрқашан да айырмашылықтар болуына байланысты. Ол айырмашылықтар біріншіден, халықаралық еңбек бөлінісі жағдайында, екіншіден, табиғат жағдайлары мен байлықтарында, үшіншіден, әлеуметтік-экономикалық жағдайында, даму деңгейінде, шаруашылық құрылымында, еңбек қорларында, тарихи дәстүрінде және т.с. Мұндай айырмашылықтар өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің көптеген түрлерінің белгілі бір аумаққа бекітілуіне әкеп тірейді.

Қоғамдық өндіріс өндірістік күштер мен өндірістік қатынастардан тұрады. Өндірістік күштер жұмыс күшінен, өндіріс технологиясынан, өндіріс құралдарынан (өндіріс заты мен құралы) тұрса, өндірістік қатынастар әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық бөліктерден құралады. Өндірістік қатынастарға кіретін бөліктер еңбектің бөлінісін (қоғамдық, салалық, аймақтық, халықаралық), өндірістің мамандануын (технологиялық, салалық, аймақтық, тораптық және заттық) және өндірістік байланыстардың кооперациясын (қарапайым және күрделі) қалыптастырады. Соның ішінде еңбектің аумақтық бөлінісі қоғамдық еңбек бөлінісінің түрлері мен нысандарында ерекше орын алып, оның мәні мен қоғамдық ұдайыөндірістегі рөлі қоғамдық еңбек жиынтығының әралуан түрлерін өзарабайланыста қарастыру арқылы толығырақ ашыла түседі.

Еңбектің аумақтық бөлінісі аумақты басқарудың объективті негізі ретінде ондағы шаруашылықтардың мамандануы мен маманданушы аумақтар арасында экономикалық байланыстардың даму дәрежесін білдіреді, яғни бұл үрдіс белгілі бір салаға маманданған ауданды қалыптастырудың басты элементі. Осыдан

пайда болатын «маманданған экономикалық аудан» туралы пікірді төрт негізгі топқа бөлуге болады:

- теориялық: экономикалық аудандастырудың қалыптасуының ғылыми негіздері мен заңдылықтары;
- тарихи: экономикалық аудандастырудың даму тарихын ескеріп, ғылыми ойлардың сол мемлекетте дамуы;
- әдістемелік: зерттелетін объектінің ғылыми әдістерін (тәсілдерін) дайындау;
- қолданбалы: экономикалық аудандастыру теориясын тәжірибеде пайдалану.

Сонымен, аудандарда еңбек бөлінісі негізінде экономикалық жүйелердің қалыптасу барысын зерделеудің мақсаты елдің өндіргіш күштерін ұйымдастыруда ең жоғары тиімділікке қол жеткізу болып табылады. Осылайша, еңбектің аумақтық бөлінісі өндірістің жекелеген салаларының белгілі бір аумақтарда болуын және оған тән табиғи, климаттық, экономикалық (географиялық орналасуы, жұмыс күшінің саны мен сапасы, шаруашылықтың қалыптасу тарихы) ерекшеліктерін сипаттайды. Егер осы мәселелерді жергілікті басқару және жергілікті шаруашылықпен байланыстыратын болсақ, онда оның қалыптасу заңдылықтарын еңбектің аумақтық бөлінісімен ұштастыра түсіндіруге тура келеді.

Әрине, еңбектің аумақтық бөлінісін оның салалық бөлінісінен ажырата қарастыру белгілі бір шарттылықты талап етеді. Өйткені еңбек бөлінісінің бұл екі түрі де өзара өте тығыз байланыста өрбитін құбылыс. Сондықтан жергілікті шаруашылықтың қалыптасуы мен дамуын зерделегенде аумақтық еңбек бөлінісінің «жетекшілік» рөлін ойда ұстағанмен, оның салалық астарын да есепке алып отыру ләзім. Ол екеуінің кемелдену дәрежесі оның еңбек бөлінісі деңгейімен аныкталатындығын әлемдік тәжірибеден айқын көруге болады. Осыдан барып еңбек бөлінісінің аталмыш түрлерінің өзі қандай факторлардан туындайтыны жайлы сөз қозғалуға тиіс.

Бұл факторлардың негізгілері:

- табиғи қазба байлықтар көзінің болуы;
- ауыл шаруашылығын дамыту мүмкіндіктері;
- жергілікті халықтың интеллектуалдық деңгейі.

Осы факторлар жергілікті өндіргіш күштер әлсустін сипаттап қана қоймай, оған қоса сол аумақтағы шаруашылықтың даму болашағы мен құрылымына да үлкен әсер етеді. Айтылғандарға көрнекілік сипат беретін болсақ, онда оны 1-ші сурет арқылы келтіруге болады.

10.2 Еңбек бөлінісінің қарама-қайшылықтары және дамудың басты бағыттары

Еңбек бөлінісінде кездесетін кейбір қарама-қайшылықтар да жоқ емес, олардың біркатары мыналар:

- аймақтарда табиғат ресурстарының орналасуы мен оның салалық құрылымында;
- халықтың аумақта орналасу ерекшелігі мен жаңа жұмыс орындарының географиялық орналасуында;
- аймақтың салалық мамандануы мен оның аймақтық жүйе ретіндегі кешенді дамуында;
- ұлттық табыстың аумақтық өндірісі мен оның географиялық пайдаланылуында;
- салалардың экономикалық мүдделері мен аймақтардың әлеуметтік сұраныстарында және т.б.

Осылайша, нарықтық экономикаға көшуге байланысты қоғамдық өндіріс дамуының аумақтық факторларын күшейтпейінше, интенсивті экономикалық өсуге қол жетпейтіні белгілі. Сондықтан еңбектің жоғарыда аталған аумақтық және салалық бөлінісі мынадай басты бағыттарға негізделуі шартты болып табылады:

- салалық өндірісті аумақтың шикізат, энергия және еңбек ресурстарына жакындастыру негізінде өндірістік күштерді орналастыру;
- экономикалық мақсатқа лайық салалық өндіріс сфералары қарым-қатынасы тиімді болуы үшін өндірісті тұтынушыға жакын орналастыру;
- аймақты мамандандыру және олардың алдында тұрған әлеуметтік мәселелерді шешудің материалдық негізі ретінде өндірісті және оның жеке салаларын аумақтарға шоғырландыру;
- аймақта шикізатты дайын өнімге дейін жеткізетін өндірісті комбинациялау.

Осыдан келіп, еңбектің аумақтық бөлінісі аймақ өндірісінің басты тетігі ғана емес, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыратын қуатты фактор болып табылады деп қорытынды жасауға болады.

Қайталауға арналған сұрақтар

- 1) «Еңбек бөлінісі» түсінігі нені білдіреді?
- 2) Еңбек бөлінісінің жіктелінімі және оның әртүрі туралы жекелей атап беріңіз.
- 3) Еңбек бөлінісінің қарама-қайшылықтарын атаңыз.
- 4) Еңбек бөлінісінің дамудың басты бағыттарына не жатады?

11 Мемлекеттің әлеуметтік саясаты

11.1 Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негіздері

Мемлекеттік әлеуметтік саясат – бұл белгілі бір тарихи жағдайлармен шарттасылған, қажетті ұйымдастырушылық және насихаттаушы күштермен, қаржы ресурстармен бекітілген, белгілі бір кезеңдік әлеуметтік нәтижелерге арналған, белгілі бір мақсаттарды көздейтін мемлекеттің әлеуметтік сферадағы қызметі. Әлеуметтік саясат – халықтың, оның негізгі жіктерінің, топтары мен санаттарының тұрмыс жағдайына ықпал етумен байланысты жалпы мемлекеттік саясат бөлігі. Ол табысты реттеу, жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру саясаты, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын-үй саясаттары және т.б. қамтиды.

Әлеуметтік саясаттың субъектілері – әлеуметтік топтың азаматтары, әлеуметтік сферада белсенді өзара әрекеттесетін, яғни бұл саладағы әлеуметтік топтар азаматтарының мүдделерін білдіретін институттар, ұйымдар және билік органдары. Әлеуметтік саясат адамға, оның халықаралық және ұлттық заңнамада көзделген құқықтарын қорғауға бағдарланған.

Әлеуметтік саясатының стратегиясы дамудың берілген нақты тарихи кезеңінде елдің әлеуметтік мәселелер жүйесін шешу. Әлеуметтік саясаттың басым бағыттары – әлеуметтік саясаттың бірініш кезектегі міндеттері ретінде көрсетілген ең маңызды мәселелерін шешу. Басымдықтар маңызды әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси мәселелердің нақты байланысы мен шиеленісінің құрамына байланысты болады.

Әлеуметтік қорғау – бұл өмірлік қажеттіліктегі игіліктерді тұтынуға мүмкіндік беретін және белгілі бір себептерге байланысты (қарттылық, денсаулық жағдайы, жұмыстан айырылу және т.б.) экономикалық белсенді бола алмайтын және өз-өзін табыс табу арқылы қамтамасыз ете алмайтын азаматтардың әл-аукатының белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе. Әлеуметтік қорғау жүйесіне келесі шаралар кешені кіреді:

- тұрақты, ақылы еңбектік қызметті ынталандыру;
- негізгі әлеуметтік тәуекелділіктер пайда болған кезде әлеуметтік сақтандыру механизмі арқылы табыстардың бір бөлігін компенсациялау;
- әлеуметтік сақтандыру жүйесінің мүшелері болып табылмайтын халықтың әлсіз топтары үшін әлеуметтік көмектің механизмдерін ұсыну;

- білім, денсаулық сақтау сияқты негізгі қызметтердің барлық азаматтарға көрсетілуі.

Әлеуметтік қорғаудың тиімді және кешендік жүйелерінің басты элементтері:

- мемлекеттік жәрдемақылар;
- әлеуметтік сақтандыру міндеттері;
- зейнеткерлік қамсыздандыруды жинақтау;
- әлеуметтік көмек.

Мемлекеттік жәрдемақылар барлық азаматтарды әлеуметтік қорғауға жататын белгілі бір жағдайлар болған кезде белгілі бір деңгейде қамтамасыз ету үшін арналған.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру – жұмысберушілер мен жұмыскерлердің аударымдары есебінен қаржыландырылатын, азаматтардың аударымдарының деңгейіне байланысты формальді сектордың жұмыскерлерін қосымша қорғауға арналған.

Жинақтаушы зейнетақылық сақтандыру – әр азаматты дербес зейнеткерлік қамтамасыз етуге арналған.

Әлеуметтік көмек бюджет қаражаттары есебінен азаматтардың белгілі бір санаттарына қосымша көмек көрсетуге бағытталған.

Сонымен қатар, азамат әлеуметтік тәуекелділіктердің болуы мүмкін жағдайынан қорғану үшін еркін аударымдар жасай алады.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуының негізгі бағыттары халықаралық тәжірибе мен қазіргі жағдайды талдауға негізделеді.

Әлеуметтік қорғаудың жүйелері келесідей болуға тиіс:

- әділетті – жекелеген елдерде бұл әлеуметтік төлемдердің көлемі азаматтардың аударымдарына байланыссыз барлық азаматтарға бірдей болуы керек дегенді білдіреді. Басқа елдерде бұл әрбір адамды әлеуметтік қорғау оның еңбегіне, еңбек шарттарына, аударымдардың көлемі мен ұзақтығына тәуелді болуы керек дегенді білдіреді. Әлеуметтік қорғаудың жаңа жүйесі айтылған екі көзқарасты үйлестіру негізінде пайда болды.

- ынталандырушы – яғни әр азаматтың жеке жауапкершілігін ынталандыруға тиіс. Жалпы барлық еңбекке қабілетті адамдар өздерінің болашағы мен өз жанұяларының жағдайы үшін жауапты болады.

- адрестік – жәрдемақылар оларды алуға құқылы және бұл жәрдемақылардағы қажеттілік жоғары болатын барлық азаматтарға терістуге тиіс.

- тиімді – яғни бұл жүйе жақсы басқарылатын, аз шығынды және қарапайым болуға тиіс.

Жүйенің негізгі компоненттері икемді реттелу керек, яғни белгілі бір мерзім ішінде халықты максималды түрде қамтуы керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, әлеуметтік тәуекелділіктер негізіндегі әлеуметтік қорғау жүйесі өзіне қорғаудың келесі элементтерін қосады деп тұжырымдауға болады:

- әлеуметтік тәуекелділіктерге байланысты барлық азаматтарға бюджет есебінен бірдей деңгейдегі мемлекеттік төлемдер;
- жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің аударымдары есебінен міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- жинақтаушы зейнетақы жүйе;
- бюджет қаражаттары есебінен азаматтардың белгілі бір санаттарын қолдауда арнайы мемлекеттік бағдарлама және әлеуметтік көмек.

11.2 Әлеуметтік саясаттың халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасына ықпалы

Әлеуметтік саясаттың нәтижелілігі халықтың өмір сүру деңгейінің сапасында көрінеді. Өмір сүру деңгейі – бұл қалыптасқан қажеттіліктерден шығатын тұрғындардың материалдық және рухани игіліктермен қамсыздандырылудың деңгейі. Мұнда қажеттіліктер белсенді сипатта болады, олардың өсуі өмір сүру деңгейін туындатады.

Өмір сүру деңгейін бағалау үшін жан басына шаққандағы тамақтанудың негізгі өнімдерін тұтыну, халықтың өндірістік тауарлармен қамсыздануы, тұтыну құрылымы, еркін және жұмыс уақытының ұзақтығы, табыстардың деңгейі және т.б. сандық көрсеткіштер пайдаланылады.

Айналымдағы көрсеткіштерге тұтынылатын игіліктер мен қызметтердің жалпы көлемі, халықты табыстар мен адам өмірінің жеке жақтарын сипаттайтын көрсеткіштер бойынша бөлу жатады.

Өмір сүру деңгейінің нақты көрініс алу үшін нақты мәліметтермен салыстыруға болатын белгілі стандарт қажет. Мұндай стандарт болып «тұтынушылық коржын» табылады. Оның құрамына қажеттіліктердің анықталған бөлігін қанағаттандыратын игіліктер мен қызметтердің жиыны кіреді.

Тұтынудың минималды деңгейін қамтамасыз ететін «минималды тұтынушылық коржынды» және тұтынудың қолайлы ғылыми негізделген құрылымын сипаттайтын «құтымды тұтынушылық коржынды» ажыратады. «Минималды тұтынушылық коржын» белгілі бір әлеуметтік-демографиялық топтар бойынша өмір сүру минимумын анықтау негізінде жатады.

Өмір сүру минимумы – бұл минималды қажеттіліктерді қанағаттандыратын ақшалай табыстың мөлшері. Минималды өмір сүру деңгейімен адамның физиологиялық өмір сүруі үшін қажетті физиологиялық өмір сүру минимумын ажырату жөн.

Өмір сапасының көрсеткіштеріне еңбек қауіпсіздігі мен шарттары, бос уақытты пайдалану мүмкіндігі, экологияның жағдайы, азаматтардың денсаулығы мен физикалық дамуы және т.б. жатады. Әлеуметтік саясаттың нәтижелілігін көрсететін сандық және сапалық көрсеткіштер болып елдегі экномиканың жағдайы, саяси жағдай, географиялық жағдай, қалыптасқан дәстүрлер мен мәдениет табылады.

Өмір сүру минимумының мөлшері статистика бойынша өкілетті органдармен және еңбек пен халықты әлеуметтік қорғау бойынша өкілеттік органдарымен минималды қажетті азық-түліктік емес тауарлар мен қызметтерге кеткен шығындардың бекітілген үлесіне арттырылған минималды тұтынушылық қоржынның құнының негізінде есептеледі.

Өмір сүру минимумы жыл сайын республика бойынша және аймақтар бойынша орта шамамен:

- жанбасына шаққанда;
- халықтың жыныс, жас топтары бойынша есептеледі.

Кедейшілік сызығы – экономикалық мүмкіндіктерге сәйкес республикада бекітілетін адамның минималды қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті табыстың шекарасы.

Кедейшілік сызығы аз қамсыздандырылған азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету үшін критерий болып табылады.

Табыстардың мемлекеттік саясатының мәні табыс алушылардың әр түрлі топтарына дифференциацияланған салық салу арқылы және халыққа әлеуметтік төлемдер беру арқылы мемлекеттік бюджет арқылы табыстарды қайта бөлумен аныкталады. Мұнда ұлттық табыстың айтарлықтай бөлігі табысы жоғары тұрғындардан төмен табысты азаматтарға өтеді.

Мемлекет бюджет көмегімен табыстарды қайта бөлу арқылы табысы төмен азаматтар топтарының табыстарын жоғарлату мәселесін шешеді, жұмыс күшін қалыпты өндіру үшін қалыпты жағдайлар жасайды, әлеуметтік керінеуліктің босауына әсерін тигізеді. Табыстарды қайта бөлудегі мемлекеттің мүмкіншіліктері бюджеттік түсімдермен шектеледі.

Ұлттық шығындардың салық түсімдерінен көп болуы олардың бюджеттік тапшылық пен инфляцияның өсуінің қуатты факторларына айналуына әкеледі. Мемлекеттік бюджеттің алынған табыстар

шамасындағы әлеуметтік шығындарының артуы нарықтық ынталарды күйрететін салықтардың шамадан тыс жоғарлауына әкеледі.

Мемлекет ақшалай табыстардың алғашқы қайта бөлінуіне белсенді түрде араласады және қалыпты жалақының өсуінің жоғарғы шегін белгілейді. Жалақының мемлекеттік реттеудің экономикалық мәні келесідей анықталады: оның өзгеруі жиынтық сұранысқа және өндірістік шығындарға әсер етеді. Табыстар саясаты мемлекетпен өндіріс шығындарын төмендету, ұлттық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, инвестиция салуды ынталандыру, инфляцияны тежеу үшін жалақы өсуін тоқтату үшін қолданылады. Мемлекет антиинфляциялық саясатты жүргізгенде уақытша орталыктандырылған жолмен экономикалық және әлеуметтік дамудың жалпы қажеттіліктерін ескеру арқылы жалақы өсуінің ұзақ мерзімді шегін бекіте алады.

Нарықтық және өтпелі кезең шартындағы табыстар саясатын жүзеге асыру әдістері әр түрлі болуы мүмкін. Әдетте жалақы көтерілуінің кәсіпорынның қаржылық мүмкіншіліктерімен байланыстыруды реттейтін мемлекеттік бақылау мен әкімшілік шаралардың қолданылуын жокка шығармайтын үкіметтің қатысуымен жасалған жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің еркін келісуімен жасалған әдістер пайдаланылады.

Жеке секторда ірі кооперациялар үкіметтік шектеулермен үйлесіп, еңбекті ақылаудың өз ережелерін (келісім-шарт, контракт) бекітеді. Нарықты экономикалы елдерде жалақыны реттеудің ең тиімді құралы болып еңбекті ақылаудың кепілді минималды көлемін анықтау табылады.

Қайталауға арналған сұрақтар

1) Мемлекеттік әлеуметтік саясаты нені білдіреді? Әлеуметтік қорғау түсінігін қалай түсінесіз және оның мәні қандай?

2) Мемлекеттің әлеуметтік қорғау жүйесі, оның негізгі элементтері және жүзеге асырылуы тәсілдері мен жолдары туралы баяндап беріңіз.

3) Халықтың тұрмыс деңгейі және өмірінің сапасы нені білдіреді, қалай анықталады?

4) Мемлекеттің әлеуметтік саясатының халықтың тұрмыс деңгейі мен өмірінің сапасына қалай ықпал етеді?

12 Экологиялық саясат

12.1 Экологиялық саясат және оның маңызы

Экологиялық саясат – экологиялық жағдайды және елдің табиғи ресурстарын ұтымды жұмсауды қамтамасыз етуді басқару мақсатында мемлекетпен қабылданған арнайы саяси, экономикалық, заңнамалық және өзге де шаралардың жүйесі. Мемлекеттік экологиялық саясаттың мақсаты – экономиканың, қоғамның, табиғаттың үйлесімді, тепе-теңдікте дамуын қамтамасыз ету. Экологиялық саясаттың жалпы мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігіне айналуы (әскери, мәдени, әлеуметтік, ғылыми-техникалық, ақпараттық және т.б. сияқты) дамыған елдерде 1970-1980-шы жылдары жүзеге асты және ол экология саласында дағдарысты құбылыстардың артуымен байланысты болды. Кез-келген мемлекеттің экологиялық саясатының негізін ресми қабылданған экологиялық мәселелерді шешудің жалпы тұжырымдамасы құрайды. Бұл тұжырымдама тікелей мемлекеттік экологиялық саясаттың сипатын және билік органдарының елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы кешенінің экологиялық қырларына тәсілін айқындайды.

Айналадағы орта адамның өмірі мен тұрмысына тұрақты әсер етеді. Қазіргі кездегі айналадағы орта, оның жағдайын жақсарту, табиғи байлықтарды тиімді пайдалану маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселенің маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Оның басты себебі – химия өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының басым қарқынмен дамуы, өнеркәсіпті индустрияландыру мен химияландыру, қалалардың өсе түсуі болып отыр. Осылардың салдарынан айналадағы ортаға шығарылатын қалдықтардың көлемі арта түсуде. Атмосфераның түтін және газ қоспаларымен ластануы адамдардың денсаулығына ерекше зиянды әсер етуде. Мұндай көрініс кейінгі кездері Қарағанды қаласының аспанында да жиі байқалып жүр. Ауа қосындыларының қозғалыссыз қалуының салдарынан түтін-бу-газ қоспасы қала үстінде тұрып алады. Бұл күн сәулесінің әсерінен әр түрлі улы газдарға ажырайды. Соның әсерінен тұрғындардың көз және тыныс алу ағзаларының науқастануына әкеліп соқтырады. Газбен қоса бөлінетін әр түрлі қышқылдар ғимараттар мен сәулеткерлік ескерткіштерге де зиянды залалын тигізеді. Айналадағы ортаның нашарлауына адамның өмірі мен денсаулығын жақсартуға бағытталған ғылыми-техникалық прогрестің де әсері мол. Іштен жанатын қозғалтқыш, синтетикалық жуғыш заттар, пестицидтер мен медициналық дәрі-дәрмектер адамның қолайлы өмір сүруі үшін пайдаланылғанымен, оның кері әсерлері де толып жатыр. Қала

ішіндегі көліктер қуатты шуыл көзі екендігі белгілі. Сол сияқты адамға өнеркәсіптік шуылдың да ықпалы аз емес, соның салдарынан адамдар жүйке жүйесінің науқастарына ұшырайды.

Экологиялық саясат – экологиялық ахуалды басқару және табиғи ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қабылданатын өндірістік, экономикалық, заңгерлік, білім беру шаралары және өзге де шаралар. Экологиялық саясаттың негізгі принциптері, міндеттері және шаралары заңнамалық актілер, «қоршаған ортаны қорғау туралы заң», үкімет бағдарламалары және т.б. анықталады. Экологиялық саясаттың жүзеге асырылуына маңызды ықпал ететін жағдайлар:

- нақтылы мемлекеттің аумағындағы экологиялық мәселелердің ұшығуы;
- экологиялық жағдайлардың ұшығуынан туындайтын әлеуметтік-экологиялық мәселелердің сипаты;
- экожүйе қызметінің бірқатар аса маңызды мәселелерін шешуде ғылыми екіұштылықтың болуы; ресурстық, оның ішінде қаржылық шектеулер;
- ресурс жинақтаушы және табиғатты қозғаушы технологиялардың, оның ішінде, қалдықтарды жою мен қайта өңдеу мәселелерінің нақтылы шешілу деңгейі;
- өндірістің экономикалық тиімділігі және экологиялық таза өнімнің бәсекеге қабілеттілігі;
- халықтың әлеуметтік жауабы;
- халықаралық міндеттемелер.

12.2 Экология саласындағы халықаралық қарым-қатынастар

Айналадағы ортаның жай-күйінің нашарлауы проблемаларын неғұрлым тиімдірек шешу үшін мемлекеттер қолайлы және ашық халықаралық және экономикалық жүйе құру ісінде ынтымактасуға тиіс, бұл барлық елдерде экономикалық өсу мен тұрақты дамуға алып келер еді. БҰҰ-ның Айналадағы орта мен даму жөніндегі конференциясында тұрақты даму саласындағы халықаралық құқықты одан әрі жетілдіру принциптерін орындауға жылы шырайлы ерік пен әріптестік рухындағы ынтымақтастықты көздейтін әріптестік қатынастардың жаңа нысандары түзілді. Табиғатты сақтап қалу, адамдардың тіршілік ету ортасын сауықтыру, сайып келгенде адамзаттың аман қалуы экологиялық апат аймақтарындағы неғұрлым шиеленісті экологиялық және әлеуметтік проблемаларды шешуді көздейтін айналадағы ортаны қорғау мен қалпына келтірудің

халықаралық ауқымды бағдарламасын кідіріссіз әзірлеп, жүзеге асыруды талап етеді, БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі бола отырып, Қазақстан жан-жақты әріптестік негізінде халықаралық ынтымақтастықты мемлекеттік экологиялық саясатты тиімді жүргізудің тетігі ретінде пайдалануға тиіс.

Ядролық экологияның қауіпсіз және экологиялық тұрғыдан негізделе отырып пайдаланылуын қамтамасыз етудің өмірлік маңызды қажеттігін ескере отырып, Қазақстан ядросыз мемлекет ретінде осы саладағы халық аралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік шеңберінде жүргізіліп жатқан Ядролық қауіпсіздік жөніндегі конвенция туралы жөніндегі келіссөздердің аяқталуы үшін күш-жігерін жұмсауға тиіс. Қазақстанның экологиялық тұрғыдан таза технологиялар мен ғылыми-техникалық ақпаратқа кепілді қол жеткізуі үшін қолайлы жағдайлар туғызуға ұмтылу қажет. Мұның өзі экологиялық жағынан шетін ел ретінде ұлттық мүдделер мен басымдықтарды қорғау үшін ерекше маңызды.

Ұлттық қауіпсіздік құрамдас бөлігі ретінде экологиялық қауіпсіздік, сол сияқты халықаралық қауіпсіздіктің елеулі компоненті болып табылады. Осы орайда Республиканың аса маңызды халықаралық конвенцияларға және халықаралық деңгейде табиғат қорғау қызметіне неғұрлым кеңірек қатысуын қамтамасыз етуі қажет. Табиғат қорғау органдары халықаралық ынтымақтастықты саласында басымдықтарды белгілеуге және өз күш-жігерін тиісті түрде жұмылдыруға тиіс.

БҰҰ-ның Айналадағы орта мен даму жөніндегі 1992 жылғы Рио-де-Жанейро конференциясы қорытындыларына ерекше назар аудару және Тұрақты даму жөніндегі комиссиясының қызметін пәрменді түрде қолдау талап етіледі. 21- ғасырға арналған күн тәртібінің қорытындыларын талдау және кейінгі іс-шаралардың ұлттық бағдарламасын әзірлеу қажет.

Қазақстан Республикасы халықаралық ынтымақтастық саласында экологиялық саясатты мынадай бағыттарда жүзеге асуы тиіс:

- Қазақстанның тиісті халықаралық конвенцияларға қосылуы және оларды іске асыру жөнінде практикалық шаралар қолданылуы;
- Айналадағы табиғат ортаның жай-күйінің сапасын бағалау мен бақылаудың және оған антропогендік әсер етудің келісілген саясаттын, ортақ көзқарастарды, бірыңғай әдістемелерін, өлшемдерімен рәсімдерін мәліметтердің мемлекетаралық ауқымды салғастырылуын қамтамасыз ете отырып, әзірлеу;

- саясатын, ортақ көзқарастарды, бірыңғай әдістемелерін, елшемдері мен рәсімдерін мәліметтердің мемлекетаралық және халықаралық ауқымда салғастырылуын қамтамасыз ете отырып, әзірлеу;

- үйлестірілген іргелі және қолданбалы экологиялық зерттеулер жүргізу, мемлекетаралық экологиялық ақпараттық жүйенің құрылып, жұмыс істеуі;

- шетелдік және халықаралық ұйымдарды, фирмаларды, жекелеген мамандарды өндіріс саласында, сол сияқты тікелей табиғат қорғау қызметінде алдыңғы қатарлы экологиялық тұрғыдан таза әзірлеуге және енгізуге тарту;

- экологиялық қауіпсіздік проблемаларын шешуде халықаралық тәжірибені кеңінен пайдалану;

- көмек беру қорлары мен халықаралық ұйымдардың ақша қаражатын айналадағы ортаны қорғау және елдің тұрақты даму саласындағы нақты бағдарламалар мен жобаларды шешуге мүмкіндігінше тарту.

Ұлттық экологиялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігі үшін жауапкершілік республиканың Сыртқы істер министрлігіне жүктеледі.

12.3 ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясаты, стратегиялары мен жоспарлары

2004–2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы (ЭҚТ) қоршаған ортаны қорғау туралы негізгі стратегиялық құжатқа айналды. ЭҚТ экожүйенің сақталуы мен табиғи және өнеркәсіптік апаттардың алдын-алуды қосқанда, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етудің қағидалары мен басымдылықтарын айқындайды. Оның бірінші сатысына (2004–2007 жылдар) қалдық деңгейін бағалау және ластану деңгейін төмендету шараларын дайындау міндеттері тиесілі. Екінші (2008–2010 жылдар) және үшінші (2011–2015 жылдар) сатылары қоршаған ортаның сапасын тиісті деңгейде тұрақтандыруға және жабайы табиғатты қорғауға қатысты экологиялық талаптарды күшейтуге бағытталған.

ЭҚТ төмендегідей негізі сұрақтарды анықтайды:

- ауа-райының өзгеруіне және озон қабатының бұзылуына әкелетін антропогенді қызмет түрлерін азайту;

- биоалуандықты сақтау, шөлге айнарудың және жердің нашарлауының алдын-алу;

- экологиялық апатты аймақтарды және әуе/ғарыштық сынақ полигондарынан залалданған аймақтарды қайта қалпына келтіру;

- Каспий теңізінің ластануының алдын-алу;
- су ресурстарын ластанудан қорғау және суды пайдалануды қысқарту;
- бұрын жіберілген ластануды жою;
- ауаның радиоактивті, бактериологиялық және химиялық ластануын төмендету, ауаның трансшекаралық ластануын қосқанда;
- өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың көлемін қысқарту;
- табиғи апаттардың салдарына әрекеттесу.

Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі қызмет жоспары (2004 ж.) қоршаған ортаның жағдайын басқару жүйесін жетілдіруге бағытталды және ол 2005–2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының жасалуына негіз болады. 2004 жылы Тұжырымдаманың бірінші сатысын іске асыру мақсатында 14 облыстың әрқайсысы, сонымен бірге Алматы мен Астана қалалары 2005–2007 жылдары қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өзіндік жергілікті бағдарламаларын жасап шығарды. Бұл бағдарламаларда есеп айыру бағасы мен қаржыландыру дереккөздерін қосқанда, белгілі бір жобалар қамтылуы мүмкін еді (мысалы, орталық немесе жергілікті бюджеттен, кәсіпорын құралдары және шетелдік гранттар).

Қайталауға арналған сұрақтар

1) Экологиялық саясат және оның маңызы туралы ойыңызды қорытыпдылап айтыңыз.

2) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық экологиялық қарым-қатынастардың мәні және оның жүзеге асырылуының қазіргі уақыттағы жай-күйі туралы баяндаңыз.

3) Қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық деңгейдегі негізгі мәселелері және олармен күрес бойынша негізгі іс-шаралары туралы баяндаңыз.

4) Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясатының негізгі мақсаттары қандай?

5) Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі стратегиялары мен жоспарлары туралы айтып беріңіз.

Әдебиеттер

- 1 Закон Республики Казахстан «О валютном регулировании и валютном контроле» от 13 июня 2005 года № 57-III
- 2 Закон Республики Казахстан «О государственной адресной социальной помощи» от 17 июля 2001 года № 246-II
- 3 Закон Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» от 21 июня 2013 года № 105-V
- 4 Республики Казахстан «Об инвестициях» от 8 января 2003 года № 373-II
- 5 Закон Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией» от 2 июля 1998 года № 267-I
- 6 Закон Республики Казахстан «О Национальном Банке Республики Казахстан» от 30 марта 1995 года № 2155
- 7 Алимбаев А. А. Государственное регулирование экономики : учебное пособие для вузов / А. А. Алимбаев. – 2-е изд., перераб. – Алматы : Институт рыночных отношений МН и ВО РК, 1999. – 320 с.
- 8 Амринова А. Политика управления государственным долгом. // Финансы Казахстана, 2003. – № 2. – С. 45–53.
- 9 Амринова А. Проблемы формирования структуры государственного долга в условиях устойчивого развития экономики Казахстана. // Транзитная экономика, 2003. – № 4. – С.115–120.
- 10 Атаманчук Г. В. Теория государственного управления : курс лекций. – М. : Омега-Л, 2004. – 301 с.
- 11 Бердалиев К. Е. Основы управления экономикой Казахстана : учебное пособие. – Алматы: Экономика, 1998. – 148 с.
- 12 Бертаева К. Валютная политика Казахстана: положительные тенденции и противоречия. // Транзитная экономика, 2003. – № 3. – С. 5-17.
- 13 Бункина М. К., Семенов А. М. Экономическая политика : учебное пособие. – М. : Бизнес-школа «Интел-Синтез», 1999. – 336 с.
- 14 Добрынин А. И., Журавлева Г. П. Общая экономическая теория : учебное пособие. – СПб. : Питер, 2004. – 282 с.
- 15 Досмагамбетова Г. И. Современные тенденции казахстанской региональной политики. // Материалы I международной научно-практической конференции «Регионы Евразии: стратегии и механизмы модернизации, инновационно-технологического развития и сотрудничества» (4–5 июня 2013). – М. : ИНИОН РАН, 2013. – С. 128–131.
- 16 Евразийская доктрина Нурсултана Назарбаева / сост. : А. Н. Нысанбаев, В. Ю. Дунаев. – Алматы: 2010. – 404 с.

- 17 Есентугелов А. Трансформация экономики Казахстана: рыночная экономика, реформы, экономическая политика: Сб. статей. – Алматы : Институт экономических исследований, 2002. – 371 с.
- 18 Мамыров Н. К., Ихданов Ж. Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана: теория, опыт, проблемы : учебное пособие. – Алматы : Экономика, 1998. – 247 с.
- 19 Масакова С. Формирование внешнеэкономического курса государства: теоретические аспекты // Транзитная экономика, 2003. – № 2. – С. 53–62.
- 20 Назарбаев Н. А. На пороге XXI века. – Алматы : Атамұра, 2003. – 256 с.
- 21 Назарбаев Н. А. Казахстанский путь. – Караганда, 2006. – 400 с.
- 22 Назарбаев Н. А. К обновленному Казахстану через углубление реформ, общенациональное согласие. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 61 с.
- 23 Назарбаев Н. А. Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. – М.: Экономика, 2000. – 543 с.
- 24 Ойкен В. Основные принципы экономической политики. – М. : Прогресс, 1995. – 496 с.
- 25 Парамонов В. В. Социальная политика : учебное пособие. – М. : Изд-во РУДН, 2006. – 114 с.
- 26 Сабденов О. Экономическая политика переходного периода на рубеже XXI века. – Алматы : Казахстан, 1997. – 368 с.
- 27 Сажина М. А. Научные основы экономической политики государства : учебное пособие. – М. : Норма, 2001. – 215 с.
- 28 Ускенбаева А. Р. Экономическая политика : учебно-практическое пособие. – Караганда, 2004. – 278 с.

Мазмұны

	Кіріспе	3
1	Экономикалық саясаттың пәні және теориялары	4
1.1	Экономикалық саясаттың пәні	4
1.2	Экономикалық саясаттың мақсаттары мен міндеттері	5
1.3	Экономикалық саясаттың субъектілері	6
1.4	Экономикалық саясат теориялары	9
	Қайталауға арналған сұрақтар	14
2	Өтпелі экономика. Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиялары	15
2.1	Әміршіл-әкімшілік экономикадан нарықтық экономикаға көшу	15
2.2	Өтпелі экономиканың негізгі заңдылықтары	16
2.3	Қазақстандағы өтпелі кезеңдегі экономикалық реформалар	17
2.4	Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиялары	21
	Қайталауға арналған сұрақтар	24
3	Экономикалық саясатты қалыптастыру кезіндегі мемлекет пен нарық механизмдерінің арабайланыстары	25
3.1	Мемлекеттің экономикалық саясатының мақсаттары	25
3.2	Экономикалық саясаттың саясаттанушылық негізі	34
3.3	Мемлекет және оның экономикалық қызметі. Нарықтық экономикада мемлекеттік қызметтің негізгі бағыты	35
3.4	Экономикалық саясаттың құралдары	36
	Қайталауға арналған сұрақтар	36
4	Экономикалық саясаттың қалыптасуы	37
4.1	Экономикалық саясаттың мақсаттары мен құралдарының арасалмағы. Я. Тинберген теңсіздігі	37
4.2	Экономикалық саясаттағы уақыт факторы	38
4.3	Экономикалық үрдістерді үлгілеу тәсілдері	39
4.4	Экономикалық саясаттың сипатын таңдау мәселесі	40
	Қайталауға арналған сұрақтар	41
5	Үкіметтік шешімдер қабылдау механизмі	42
5.1	Мемлекеттің экономикалық және саяси билігі	42
5.2	Қоғамдық таңдау теориясы	42
5.3	Дауыс берудің демократиялық жосығы	43
5.4	Бюрократия (төрешілдік) және саяси рента	44
5.5	Экономикалық-саяси цикл	45
	Қайталауға арналған сұрақтар	46

6	Бәсекелестіктің нарықтық тетіктерін қалыптастырудағы мемлекеттің рөлі	47
6.1	Нарықтық инфрақұрылымдар элементтері	47
6.2	Экономиканы демонополизациялау және монополияға қарсы заңдар	48
6.3	Бәсекелестікті ынталандыру саясаты	49
	Қайталауға арналған сұрақтар	49
7	Макроэкономикалық саясат құралдарының сипаттамасы	50
7.1	Экономиканы зерттеудің макроэкономикалық әдістемесінің ерекшеліктері	50
7.2	Макроэкономикалық саясаттың құралдары	51
7.3	ҚР-да экономиканың өсуіне жағдайлар қалыптастыру және макроэкономикалық тұрақтандыру	52
	Қайталауға арналған сұрақтар	53
8	Ақша-несие (монетарлық) саясаты	54
8.1	Монетарлық саясаттың мазмұны	54
8.2	Орталық банктің ақша-несие саясатын әзірлеу және жүзеге асырудағы функциялары	55
8.3	Коммерциялық банктердің экономикадағы рөлі	56
8.4	Бағалы қағаздар нарығының мәні және құралдары	57
8.5	Ақша-несие саясатының бағыттарын таңдау. ҚР-ның ақша-несие саясаты	57
	Қайталауға арналған сұрақтар	58
9	Бюджеттік-салықтық саясат	59
9.1	Фискальдық саясаттың мазмұны	59
9.2	Мемлекеттің дискрециондық фискалдық және кірістірілген тұрақтандырушы саясаты	64
9.3	Бюджеттік саясат және оның концепциялары. Бюджеттік тапшылықтың мәселелері және оны жабудың тәсілдері	65
	Қайталауға арналған сұрақтар	68
10	Қоғамдық еңбек бөлінісінің формалары және экономикалық саясаттың бағыттары	69
10.1	Еңбек бөлінісі түсінігі	69
10.2	Еңбек бөлінісінің карама-қайшылықтары және дамудың басты бағыттары	71
	Қайталауға арналған сұрақтар	72
11	Мемлекеттің әлеуметтік саясаты	73
11.1	Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негіздері	73
11.2	Әлеуметтік саясаттың халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасына ықпалы	75
	Қайталауға арналған сұрақтар	77

12	Экологиялық саясат	78
12.1	Экологиялық саясат және оның маңызы	78
12.2	Экология саласындағы халықаралық қарым-қатынастар	79
12.3	ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясаты, стратегиялары мен жоспарлары	81
	Қайталауға арналған сұрақтар	82
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	83

Жанат Мырзабек

ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Оқу құралы

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева
Жауапты хатшы Е. В. Самокиш

Басуға 31.03.2015ж.

Әріп түрі Times

Пішім 29,7 x 42 ¼. Офсеттік қағаз

Шартты баспа табағы 4,21 Таралымы 300 дана

Тапсырыс № 2558

«КЕРЕКУ» Баспасы

С.Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64


Бекітемін

С. Торайғыров атындағы

ТМУ-дың академиялық

сұрақтар бойынша

проректоры




Автор Жанат Мырзабек


«Менеджмент» кафедрасы

Экономикалық саясат
оқу құралы

Кафедра мәжілісінде бекітілді 2015 ж. 11 03, № 13 хаттама


Кафедра меңгерушісі  Р. Б. Сартова

БЖҚ факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданған
20 15 ж. 12 03, № 2 хаттама

ОӘК төрайымы  А. Е. Жакишева


С. Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университетінің оқу-
әдістемелік кеңесінде мақұлданған. 20 15 ж. 27 03, № 8 хаттама

КЕЛІСІЛДІ

БЖҚ факультетінің
деканы 


Т. Я. Эрнazarов 20 15 ж. 12 03

Нормабақылаушы

СМБ 

Г. С. Баяхметова 20 15 ж. 01 04

МАҚҰЛДАНДЫ

ОӘБ бастығы 

А. Б. Темірғалиева 20 15 ж. 27 03